



Eurasian Resources Group S.à r.l.
2021 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

Eurasian Resources Group S.à r.l.

Заманауи дамуға септесе отырып

2021 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

EURASIAN RESOURCES GROUP S.À R.L.

9, rue Sainte Zithe
L-2763 Люксембург

eurasianresources.lu

☎ +352 24 84 53 1

☎ +352 26 84 58 99

✉ info@erg.net

ERG ТОБЫ ТУРАЛЫ

ERG қызметкерлерінің саны 67 мыңнан асатын¹ халықаралық Топ болып табылады және Қазақстан, Африка және Бразилияда орналасқан, интеграцияланған тау-кен металлургия, өңдеу, энергетикалық және логистикалық кәсіпорындарды қамтиды.

БІЗДІҢ ҰСТАНЫМЫЗ

Табиғи ресурстар саласындағы халықаралық, тұрақты, әлеуметтік жауапты және тиімді компания.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Өзіміз атқаратын істе үздік болу. Құндылықтарға адалдықты сақтай отырып, әлеммен бірге даму. Жер мен адамзаттың потенциалын ұқыпты игере отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.

БІЗДІҢ БАСҚАЛАРДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫМЫЗ

Шығындардың деңгейі төмен және өсудің әлеуеті жоғары кәсіпорындарды қамтитын әртарапандырылған портфель

Интеграцияланған тау-кен металлургия, қайта өңдеу, энергетикалық, логистикалық және маркетингтік кәсіпорындар

Кобальтті жауапты өндіру саласындағы көшбасшылардың біріміз

Бүкіл әлем бойынша көп жылдық әртарапандырылған клиенттік базамыз бар

Еуразияның кіндігінде – стратегиялық маңызды орналасқан

Жаһандық операциялық қатысуы бар Қазақстандағы көпжылдық қызмет тәжірибесі бар

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ:



Қауіпсіздік



Бірлік



Тиімділік



Даму



Жауапкершілік

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТ [102] БЕТТЕ БЕРІЛГЕН:

ТОП ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚАРЖЫЛЫҚ

\$4 210 млн

ЕВІТДА базалық көрсеткіші
(2020: \$2 023 млн)

Түсім

\$8 530 млн

(2020: \$5 356 млн)

Бос ақша ағыны

\$1 830 млн

(2020: \$333 млн)

ӨНДІРІСТІК

Ферроқорытпа өндірісі

1 540 мың тонна

(2020: 1 653 мың тонна)

Тауарлық кобальт гидроксиді өндірісі

20,7 мың тонна

(2020: 16,5 мың тонна)

Тауарлық темір кені концентраты мен шекемтастар өндірісі

14 714 мың тонна

(2020: 13 114 мың тонна)

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Еңбек ету қабілетінен айырылған күндерімен жарақаттардың жиілігі (LTIFR)

0,93

(2020: 0,61)

Парниктік газ шығарындылары

25,1 млн тонна CO₂e

(2020: 24,3 млн тонна CO₂e)

Бөлінген экономикалық құн

\$6 240 млн

(2020: \$4 611 млн)

Осы есеп туралы

Есепте ERG-дің 2021 жылғы² орнықты даму саласындағы қызметі қарастырылады. Есеп ERG-дің пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу, энергетика, жобалау мен көлік қызметі, сондай-ақ, цифрлық технологиялар салаларындағы қызметтерін қамтиды.

Есептің мазмұны есептілік жөніндегі Жаһандық бастама (Global Reporting Initiative, GRI) Стандарттарының талаптарын ескере отырып, түзілді. Есепте ERG-дің орнықты даму тұрғысынан маңызды саналатын аспектілері қарастырылған (14 бет). Есептің мазмұны үшінші тараптармен куәландырылмаған. Осы есепке қатысты туындаған барлық сұрақтарыңызды sd.report@erg.net мекенжайына жолдай аласыз.

Бұл есеп ағылшын, қазақ, орыс және қытай тілдерінде дайындалды. Егер есепте сәйкессіздіктер анықталса, басымдық есептің ағылшын тіліндегі нұсқасына беріледі.

Есепке ескертпелер

«ERG» немесе «Топ» деп Eurasian Resources Group S.à r.l. компаниясы және (немесе) оның еншілес кәсіпорындарын айтамыз. Бұл құжат болжамды мәлімдемелерді қамтиды. Болжамды өтініштер туралы ақпарат осы құжаттың соңғы форзацында ұсынылған. Бұл есепте елдердің масштабтары мен шекаралары жуық болжаммен берілген.



Толымды ақпарат
www.eurasianresources.lu
сайтында ұсынылған

² Бұл есеп 2021 жылы жарияланған 2020 күнтізбелік жылға арналған орнықты даму туралы есептен кейінгі келесі есеп болып табылады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

- 2 Әлемдегі біздің орнымыз
- 4 Бас Атқарушы директордың үндеуі
- 6 Біздің бизнес-модель
- 8 Біздің стратегия
- 10 Қызмет нәтижелері
- 12 Сыртқы орта
- 14 Маңызды мәселелер

1. Бизнесімізді болашаққа дайындау

- 18 Активтерді дамыту және қолдау
- 26 Технологиялар, тиімділік және цифрландыру

2. Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып

- 32 Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі (COVID-19 қоса алғанда)
- 36 Персоналды тарту, дамыту және ұстап қалу
- 40 Еңбек қатынастары

3. Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты

- 46 Жергілікті қоғамдастықтарға әсер ету
- 50 Әлеуметтік инвестициялар

4. Экология саласындағы тиімді басқару

- 60 Ауа мен суға әсерді басқару
- 64 Энергия және климаттың өзгеруі
- 68 Қалдық қоймаларын қоса алғанда, қалдықтарды өңдеу және басқару

5. ERG-дің қоғам өміріндегі рөлі

- 72 Құндылықты құру және бөлу
- 80 Этика және комплаенс
- 86 Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері
- 94 Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу және заңнама

Қосымша

- 96 Корпоративтік басқару, оның құрылымы және тәуекел-менеджменті
- 102 Басқару тәсілдері
- 109 ERG үшін қандай мәселелер маңызды және неге?
- 112 Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестікке шолу
- 115 БҰҰ ОДМ-не сәйкестігі
- 118 Сыртқы бастамаларға қатысудың негізгі мысалдары
- 119 Негізгі операциялық активтердің тізбесі
- 120 GRI мазмұн көрсеткіші
- 126 БҰҰ Жаһандық шарты көрсеткіштерінің кестесі
- 126 Өлшем бірліктері

¹ Мердігерлерді қоспағанда

Табиғи ресурстарды өндіру мен өңдеу саласындағы жетекші әртараптандырылған компания

ERG – Қазақстанның тау-кен, металлургия саласының үштен бірін құрайды. Өнімдегі хром үлесі бойынша жоғары көміртекті феррохромның әлемдік жетекші өндірушісі, Еуразиядағы ірі темір кені, алюминий мен глиноземнің жеткізушісі. Орталық Азиядағы электр қуатын негізгі жеткізушілердің бірі және ірі темір жол операторы.

Біздің ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнымыз кобальт өндіру көлемі бойынша әлемде екінші орында. Африкада ERG – мыс ірі

өндірушісі. Сондай-ақ, Мали, Мозамбик, ОАР және Зимбабведе басқа да пайдалы қазба кен орындарын игеру жобаларын жүзеге асырады.

Бразилияда ERG интеграцияланған BAMIN темір кені және логистикалық кәсіпорнын дамытуда.

БРАЗИЛИЯ

Баия штатындағы BAMIN интеграцияланған кәсіпорны Педро-де-Ферро темір кенін өндіруді, FIOL темір жолы мен Порту-Сул портының құрылысын қамтиды. BAMIN – Бразилиядағы инфрақұрылымды дамытуға жоспарланған 26 млн тонна көлеміндегі ең ірі жобалардың бірі.

Негізгі өнім: Темір кені	Қызметкерлер саны: 192
Бөлінген экономикалық құн: \$138 млн	LTIFR: 0,0
Орнықты даму мәнмәтіні: BAMIN ірі инфрақұрылымдық жоба ретінде экологиялық және әлеуметтік әсерді үнемі бақылауды қажет етеді. Бұл жоба маңызды логистикалық дәліз құру және жоғары сапалы, төмен қоспалы темір кенін экспорттау арқылы мемлекетке айтарлықтай экономикалық пайда әкеледі деп күтілуде.	



ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанда Топтың өндірістік активтері мен персоналының басым бөлігі шоғырланған. Мұнда Қазхром, ССКӨБ, Қашар кені, Қазақстан алюминийі, ҚЭЗ, Еуроазиаттық энергетикалық корпорация, Шұбаркөл көмір, 3-Энергоорталық және ТрансКом сияқты кәсіпорындар орналасқан.

Негізгі өнім: Феррохром, темір кені, глинозем және алюминий, энергетика, логистика	Қызметкерлер саны: 63 899
Бөлінген экономикалық құн: \$4 194 млн	LTIFR: 1,01

Орнықты даму мәнмәтіні:
Біздің басым міндетіміз - шалғай моноқалалардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсарту, сондай-ақ біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі ауа сапасын жақсарту. Сондай-ақ, біз елдегі кәсіпорындарымыздың парниктік газ шығарындыларын азайтудың маңыздылығын түсінеміз (64 бет).



- ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТАР**
Бразилия | ДРК | Қазақстан | Замбия¹
- ДАМУ АЙМАҚТАРЫ**
Мали | Мозамбик | ОАР | Зимбабве
- 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР**
Қытай | Еуропалық Одақ | Жапония | Қазақстан | Ресей
- КОРПОРАТИВТІК КЕҢСЕЛЕР**

¹ Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорны қазіргі уақытта тоқтатылды.

АФРИКА

ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорны қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асырады және әлемдегі кобальттің ірі өндірушісі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпорын мыс өндіреді. ҚДР мен Замбия шекарасында орналасқан Frontier кенішінде сульфидті мыс концентраты өндіріледі. Сонымен қатар, біз Африкада басқа да пайдалы қазбаларды өндіруге бағытталған жобаларды да жүзеге асырып жатырмыз.

Негізгі өнім: Кобальт, мыс	Қызметкерлер саны: 3 539
Бөлінген экономикалық құн: \$1 194 млн	LTIFR: 0,19

Орнықты даму мәнмәтіні:
Біз өндірісте артельді және шағын ауқымды өндіру нәтижесінде алынған шикізатты пайдаланбаймыз. Дегенмен, ERG осы мәселеге байланысты бірқатар мәселелерді шешумен айналысады. Metalkol RTR кәсіпорнында қордаланған қалдықтарды қайта өңдеу және қауіпсіз сақтау қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуді қамтамасыз етеді.


ТОПТЫҢ ДИВИЗИОНДАРЫ

ФЕРРОҚОРЫТПА



Түсім
\$2 512 млн
EBITDA
\$1 402 млн

ТЕМІР КЕНІ



Түсім
\$2 085 млн
EBITDA
\$887 млн

ГЛИНОЗЕМ ЖӘНЕ АЛЮМИНИЙ



Түсім
\$1 013 млн
EBITDA
\$416 млн

КОБАЛЬТ, МЫС ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТҮСТІ МЕТАЛДАР



Түсім
\$2 637 млн
EBITDA
\$1 392 млн

ЭНЕРГЕТИКА



Түсім
\$591 млн
EBITDA
\$220 млн

ЛОГИСТИКА



Түсім
\$124 млн
EBITDA
\$54 млн

Орнықты дамуға баса назар аудару



«2021 жылы біз жоғары операцияндық және қаржылық нәтижелерге қол жеткізіп, орнықты даму саласындағы тәжірибелерімізді жақсартуды жалғастырдық. Жаһандық жаңа қуат көздеріне көшу ісіндегі ролімізді нығайттық».

2021 жылы ERG айтарлықтай операциялық және қаржылық нәтижелерге қол жеткізді. Бұл біздің әлемдік экономиканы қалпына келтіруден артықшылықтар алуға, сондай-ақ оған жәрдемдесуге бағытталған іс-әрекетіміздің көрінісі болды. Сонымен қатар, біз орнықты дамуға және жауапты өндірістік-өткізу тізбектерін қалыптастыруға ықпал ететін металдар өндірісін жалғастырдық.

Өткен жылы біз бірқатар маңызды мәселелерге тап болдық. Өкінішке орай, ERG-дің 30 қызметкері COVID-19 және одан туындаған асқынулардан дүниеден өтті. Өндірістегі жазатайым оқиғалар салдарынан 10 қызметкер қайтыс болды, бұл залалды мүлдем болдырмауға маңызды жұмыстарды жүзеге асыру қажеттілігін айғақтайды. Мен қаза болған қызметкерлердің туыстары мен әріптестеріне қайғырып көңіл айта отырып, компания болашақта өлімнің алдын алу үшін барынша күш салатынын тағы да атап өткім келеді.

Өкінішке орай, 2022 жылы Қазақстандағы қаңтар оқиғасы және Украина мен Ресей арасындағы қақтығысқа байланысты қосымша қиындықтар туындады. Мен осы оқиғалардан зардап шеккендерге шын жүректен көңіл айтамын. Қазақстандағы оқиғалар біздің қызметімізге айтарлықтай әсер еткен жоқ, алайда Украинадағы қақтығыс логистика мәселелеріне, сондай-ақ халықаралық санкцияларға ұшыраған қаржылық және коммерциялық серіктестердің өзара әрекеттесуіне әсер етті. Біз осы жағдайларға сәтті бейімделіп, барлық қолданылатын санкцияларды толық көлемде сақтауды жалғастырамыз.

ҚЫЗМЕТІМІЗДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2021 жылы біз айтарлықтай жақсы қаржылық нәтижелерге қол жеткіздік. Компанияның түсімі 59,3%-ға, яғни 8 530 млн АҚШ долларына дейін өсті, ал EBITDA көрсеткіші 108,1%-ға артып, 4 210 млн АҚШ долларына жетті. Бұл динамика негізінен біздің негізгі өнімдерімізге бағаның өсуіне, сондай-ақ біздің кәсіпорындарда, әсіресе Metakol RTR кәсіпорнында өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты.

Сондай-ақ, негізгі берешекті, қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу және жаңа қаржыландыруды тартудан бас тарту нәтижесінде борыштық жүктеме 800 млн АҚШ долларынан астам сомаға азайтылды¹. Бұдан басқа, біз берешекті өтеу мерзімін ұзартып және қаржыландыруға жұмсалатын шығындарды қысқартып, өтімділіктің қосымша қорын қалыптастыра алдық. Осыны ескере отырып, 2021 жылы Standard&Poor's (S&P) рейтинг агенттігі ERG-дің кредиттік рейтингін «B-»-ге көтеріп, болжамын «Тұрақтыдан» «Жағымдыға» дейін жақсартты, ал Moody's агенттігі Topтың рейтингін «B2»-ден «B1»-ге көтеріп, болжамын «тұрақтыға» дейін жақсартты. 2022 жылдың маусым айында S&P агенттігі ERG-дің кредиттік рейтингін «B-»-ге көтеріп, болжамын «тұрақтыға» жақсартты.

¹ Қайта қаржыландыру аясында тартылатын қарыздарды қоспағанда.

ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

2021 жылы Top деңгейінде ESG мәселелері жөніндегі Комитет құрылды. Ол төмендегі жұмысқа жауапты:

- Topтың жалпы стратегиясына және шешім қабылдау процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізу
- Ұзақ мерзімді корпоративтік ESG стратегиясын әзірлеуді қамтамасыз ету.

Бұл біздің клиенттеріміздің, кредиторлардың, рейтинг агенттіктерінің, реттеуші органдардың және жұртшылықтың үміттерін басқаруға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада біздің қызметіміздің тиімділігін тұрақты арттыруды қамтамасыз етеді.

Комитеттің басшылығымен ERG-дің көміртегіздендіру бойынша талдау орталығы құрылды, сондай-ақ тиісті іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, 2030 жылға дейінгі Стратегиялық ESG-мақсаттарды әзірлеу жұмыстары жалғастырылды. Мақсаттарға парниктік газ шығарындыларын және басқа да ластанушы заттарды атмосфераға шығаруды азайту, қызметкерлермен жұмыс жүргізу, жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу және іскерлік этика сияқты бағыттар кіреді. Біз ESG мақсаттарын келесі Есепте жариялауды жоспарлап отырмыз.

2021 ЖЫЛҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ Болашаққа бағытталған бизнесті дамыту

Біз Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың дамуына инвестиция салуды жалғастырамыз. Басқа жобалармен қатар, бұл ҚТОШ² екінші кезегін әзірлеуді және «Шламдар-2» - шлам қалдықтарын қайта өңдеу жобасын іске асыруды қамтиды. Қазақстаннан тыс жерлерде біз активтеріміздің белсенді дамуына назар аударамыз. Бұл қазіргі уақытта әлемде кобальттің екінші ірі өндірушісі болып табылатын Metakol RTR кәсіпорнының өндіріс көлемін ұлғайтуды қамтиды. Бразилияда BAMIN кәсіпорнының Педро-де-Ферро кен орнын игерудің алғашқы кезеңінің бірінші жылының қорытындысы бойынша темір кенін өндіру 1 миллион тонна деңгейіне жетті. BAMIN кәсіпорнының негізгі міндеті - кен орнын игеруді және теміржол мен порт құрылысын қарастыратын ауқымды кешенді жобаны жүзеге асыру. FIOL теміржолын салу мен пайдалануға беру аукционындағы ERG жеңісі осы жобаны жүзеге асырудағы маңызды кезең болып саналады.

Бұдан бөлек, Topтың Цифрлық стратегиясы аясында біздің қызметіміздің көптеген аспектілерін дамытуға ықпал ететін «4.0 Индустриясы» тұжырымдамасын енгізуді қоса алғанда, ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру жұмысы жалғасуда.

² «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы» шахтасы.

Қызметкерлерімізді қорғау және олардың дамуы

2021 жылы өндіріс қауіпсіздігі саласындағы көрсеткіштерге көңіліміз толмайды. Осы саланы басқаруды жақсарту жұмысы аясында бұдан әрі Қазақстанда 2030 жылға дейінгі кезеңде еңбекке қабілеттілік күндерінен айырылуға әкеп соққан жарақат алу жиілігін (LTIFR) жылына 15%-ға төмендету мақсаты белгіленді. Сондай-ақ, өлім тәуекелдерін бақылауды күшейтуді, процестерді одан әрі автоматтандыруды және қауіптерді анықтау процедураларын жетілдіруді қоса алғанда, қысқа мерзімді перспективада қауіпсіздік деңгейін арттыру қамында бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Сонымен қатар, біз Topтың персоналды басқару процестерін автоматтандыру және стандарттау жұмысын жалғастырамыз.

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтарды қолдау

2021 жылы Topтың әлеуметтік инвестицияларының жалпы көлемі 65,2 млн АҚШ долларынан асты (2020 жыл: 65,4 млн АҚШ доллары). Қазақстанда өңірлік дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасы біздің моноқалаларда тұратын жергілікті тұрғындар мен Top қызметкерлерінің өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған. Африкадағы ERG-дің әлеуметтік инвестициялары дамудың басым міндеттерін шешуге, оның ішінде ҚДР заңнамасында көзделген міндеттемелер тізілімі аясында жергілікті қоғамдастықтарға қолдау көрсетуге бағытталған. Бразилияда біз BAMIN кәсіпорнына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарына қолдау көрсетіп келеміз.

Қоршаған ортаға әсерді төмендету

Біз құны 393 млн АҚШ долларын құрайтын он жылдық бағдарламаны іске асыру аясында Қазақстанның Павлодар, Ақтөбе және Қостанай облыстарында атмосфераға шығарындыларды азайту қамында белсенді жұмысты жалғастырамыз. Бағдарлама қатты бөлшектер шығарындылары саласындағы ЕО стандарттарына одан әрі сәйкес келуге мүмкіндік беретін біздің кәсіпорындарды жетілдірілген сүзгілермен жарақтандыруға бағытталған.

Біз Қазақстандағы Top кәсіпорындарының парниктік газ шығарындыларының маңыздылығын және біздің қызметіміздің көміртегі сыйымдылығын төмендету қажеттілігін түсінеміз. Біздің сатып алушыларымыз бен өз кәсіпорындарымыздың ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру керектігіне қарамастан, біз көміртегі ізін азайтуды жоспарлап отырмыз. Қазақстанда негізгі өндірістік объектілердің энергия тиімділігін арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылуда, сондай-ақ қалдық газдарды отын ретінде пайдаланатын Ақтөбе ферроқорытпа зауытындағы электр станциясы құрылысының техникалық-экономикалық негізде-месін әзірлеу жүргізілуде. Бұдан бөлек, Дөң

ТКБК ауданында қуаты 155 МВт жел электр станциясының құрылысын жоспарлау жұмысы жалғасуда және болашақта жаңартылатын энергетика саласындағы қосымша ауқымды жобаларды іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Кең мағынада, климаттың өзгеруіне қарсы күресте біздің маңызды үлесіміз – кобальт, мыс, алюминий және ферроқорытпаларды қоса алғанда, жаңа энергия көздеріне жаһандық көшуге қажетті шикізатты жеткізу.

ERG-дің қоғам өміріндегі рөлі

2021 жылы стейкхолдерлер арасында бөлінген экономикалық құн – 6 240 млн АҚШ доллары (2020 жыл: 4 611 млн АҚШ доллары). Сондай-ақ, тәуекелге бағдарланған Комплаенс-бағдарламаны оған жеткізілімдер тізбегіне қатысушыларды кешенді тексеру, адам құқықтары және пайдалы қазбаларды өндіру мен жеткізуге жауапты кепілдіктер беру сияқты іскерлік этика мәселелерінің неғұрлым кең ауқымын енгізу арқылы жетілдіру жұмысы жалғастырылды.

2021 жылы біздің адам құқықтарын және орнықты дамудың басқа да аспектілерін сақтаудағы тәсілдемеміз халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасын іске асыру басталды. Сонымен қатар, 2022 жылы LME жеткізушілерін таңдауға қойылатын талаптарға сәйкес ҚЭЭ алюминийі үшін алғашқы Қауіп-қатерді бағалау жұмыстары жүргізілді. Осы бағалау нәтижелері бойынша дайындалған есепті кейіннен растау LME тәсілінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Біз, сондай-ақ, төмендегі бастамаларда жетекші рөл атқаруды жалғастырамыз:

- Аккумуляторлы батареялар секторына арналған Жаһандық альянстың қызметін (GBA, 89 бет) және Re|Source блокчейн платформасын (92 бет) қоса алғанда, аккумуляторлы батареялардың жауапты және ашық жаһандық өндірістік-өткізу тізбектерін қалыптастыру жөніндегі көпжақты бастамалар;
- ҚДР-да кобальт пен мыстың жауапты өндірісіне, оның ішінде «Таза кобальт пен мыс» бағдарламасын іске асыру жолымен кепілдіктер беру (88 бет).

Біздің осы бағыттағы дәйекті жұмысымыз аккумуляторлы батареялар секторының жаһандық экономиканы көміртегіздендіруде рөл атқаруына ғана емес, сонымен қатар оның тұрақты және жауапты түрде жүзеге асуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, біз парниктік газ шығарындыларын азайтуға бағытталған жаһандық іс-әрекеттерде маңызды рөл атқаратын басқа өнімдеріміз үшін сенімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тырысамыз.

Бенедикт Соботка
Бас Атқарушы директор

Стейкхолдерлердің кең ауқымына құндылықтар құру

Интеграцияланған өндіріс



Ресурстар

ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Біз сыртқы қаржыландыру көздерінен немесе өндірістік және инвестициялық қызметіміздің нәтижесінде алынған қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға тырысамыз.

АДАМИ КАПИТАЛ

Құндылықтар құруда біз қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және қызмет көрсетушілеріміздің біліктілігіне, әл-ауқатына және ынтықсына тәуелдіміз.

ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ

Біз өзіміздің барлық стейкхолдерлерімізбен өзара сыйластыққа, ашықтық пен сенімге негізделген сындарлы өзара қарым-қатынас құруға және сақтауға ұмтыламыз.

ТАБИҒИ КАПИТАЛ

Олардың жаңартылмайтынын ескерсек, қызмет барысында табиғи ресурстарды жауапты пайдалану өте маңызды.

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

Активтерді, технологияларды және цифрландыруды сатып алуға, дамытуға және қолдауға жұмсалатын қомақты инвестициялар бізге ұзақ мерзімді перспективада құндылықтар құруға мүмкіндік береді.

ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ

Біздің жинақталған және дамып келе жатқан зияткерлік капиталымыз стратегиялық міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді және бизнесіміздің өсуіне, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және инновацияларды енгізуге ықпал етеді.

Біздің өнім және оны пайдалану салалары ...

БОЛАШАҚ/ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА МЕТАЛДАРЫ

Кобальт
Литий-ионды батареялар

Мыс
Инфрақұрылым, көлік, электроника

Глинозем мен алюминий
Инфрақұрылым, құрылыс, көлік

БАСҚА МЕТАЛДАР / ӨНІМ ТҮРЛЕРІ

Ферроқорытпа
Болат құю өнеркәсібі

Темір кені
Болат құю өнеркәсібі

Көмір
Электр энергиясын өндіру

...және біздің қызмет нәтижелері

LTIFR
0,93

Қызметкерлер саны
67 901

Парниктік газ шығарындылары
25,1 млн тонна CO₂e

Суды тұтыну
2 069 млн м³

EBITDA базалық көрсеткіш
\$4 210 млн

Түсім
\$8 530 млн

Экономикалық құнды бөлу ...

ҚОҒАМ
Бөлінген экономикалық құн
\$6 240 млн¹

МЕМЛЕКЕТТЕР
Салықтарды төлеуге арналған шығындар
\$1 426 млн

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
Қызметкерлерге төленетін еңбекақы және жеңілдіктер
\$956 млн

ЖЕРГІЛІКТИ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР
Әлеуметтік инвестициялар
\$65 млн

ІСКЕР СЕРІКТЕСТЕР
Өнім берушілерге төленетін төлемдер
\$2 412 млн

АКЦИОНЕРЛЕР МЕН КРЕДИТОРЛАР
Акционерлер мен кредиторларға төленетін төлемдер
\$677 млн

¹ Толымдық ақпарат жіктеліп, 78 беттегі кестеде көрсетілген

...және ұзақ мерзімді ықпал ету

Жаңа энергия көздеріне көшуге үлес қосу
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 64 БЕТТЕ

Қазақстанда жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейдегі дамуға үлес қосу
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 50 БЕТТЕ

Қазақстанда өнеркәсіп өндірісін жаңғыртуға үлес қосу
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 26 БЕТТЕ

Кобальтті жеткізудің жауапты тізбектерін қалыптастыру
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 88 БЕТТЕ

ҚДР-дағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 54 БЕТТЕ

Бразилияда экономиканың дамуын ынталандыру
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 57 БЕТТЕ

Құндылықтар

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 102 БЕТТЕ

Стратегия

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 8 БЕТТЕ

Корпоративтік басқару

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 96 БЕТТЕ

Сыртқы орта

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 12 БЕТТЕ

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 112 БЕТТЕ

Тәуекелдер

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 98 БЕТТЕ

Маңызды мәселелер

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 14 БЕТТЕ

Бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып

Біздің тәсілдеме

ERG үшін орнықты даму қоршаған ортаға әсер ету, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару саласындағы жауапты басқару ғана емес, сондай-ақ:

- Біздің бизнесіміздің тұрақты жұмыс істеуін, оның болашақ өзгерістерге дайындығын және ұзақ мерзімді перспективада құндылықты құру қабілетін қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерімізді, акционерлерімізді, клиенттерімізді, бизнес-әріптестерімізді, жергілікті қоғамдастықтарды және кәсіпорындарымыз орналасқан елдерді қоса алғанда, біздің стейкхолдерлеріміз үшін артықшылықтар жасау;
- Кобальт, мыс және алюминий сияқты негізгі металдарға, сондай-ақ ферроқорытпаларға өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру арқылы энергияның жаңа көздеріне жаһандық көшуге жәрдемдесу (газ, жел және атом энергетикасы үшін жаңа инфрақұрылымды дамыту тұрғысында).

Бұл тәсіл біздің 2025 жылға дейінгі Стратегиямызда көрініс табады. Стратегияның мақсаты – бизнестің тұрақтылығына қол жеткізу.

Сонымен қатар, ERG – Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық келісіміне қатысушы және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі - ОДМ) қолдайды.

Төмендегілерді ескере отырып, ERG үшін ең өзекті ОДМ¹ анықтадық:

- ОДМ-ға және Top қызметіне қол жеткізудің ықтимал синергиясы;
- Topтың ОДМ-ға қол жеткізуге әсер ету мүмкіндіктері (оң немесе теріс);
- Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлер үшін ОДМ-дың әрқайсысына қол жеткізудің өзектілік дәрежесі.

БҰҰ ОДМ-на сәйкес келу

2021 жылы біздің маңызды мәселелеріміз бен БҰҰ ОДМ ықпал ету салаларының және олардың тиісті міндеттеріне сәйкестігін өзектендіру және тексеру жұмысы жүргізілді. Атқарылған жұмыс біз неғұрлым маңызды әсерге қол жеткізе алатын салаларға көбірек назар аударуды қамтамасыз етуге арналған. Талдау нәтижелері Қосымшаның 115 бетінде келтірілген.

ESG МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

ERG-де орнықты даму қағидаттарын Topтың стратегиясына және шешімдер қабылдау үдерістеріне енгізуге жауапты ESG мәселелері жөніндегі Комитеті құрылды. Комитет құрамына Top басшылығы мен бизнестің түрлі бағыттарының басшылары кіреді. Ұзақ мерзімді перспективада Комитет біздің қызметімізді үздіксіз жақсартуды және стейкхолдерлердің қарқынды өзгеретін сұраныстарына жедел ден қоюды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын болады.

Бұдан бөлек, Комитет есептілікті қоса алғанда, тиісті салалық стандарттардың талаптарына, ЕО-дағы нормативтік талаптардың өзгеруіне, сондай-ақ кредиторлар мен тәуелсіз рейтинг агенттіктерінің талаптарына орнықты даму саласындағы ERG-дің ағымдағы басқару тәжірибелерінің сәйкестігін бағалау жұмысына басшылық етеді.

Сонымен қатар, Комитет Topтың ұзақ мерзімді ESG стратегиясын әзірлейді. Бұл 2030 жылға дейінгі Стратегиялық ESG мақсаттарын әзірлеуді, оның ішінде парниктік газ шығарындыларын және басқа да ластаушы заттарды азайтуды, қызметкерлермен жұмыс істеуді, жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесуді және іскерлік этиканы қамтиды.

2021 жылы Комитет төрт отырыс өткізіп, келесі мәселелерді қарастырды:

- Өндіріс қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштер;
- Экологиялық стратегия;
- Көміртектендіру және энергия тиімділігін арттыру стратегиясы;
- Topтың қалдық қоймаларын басқару тәсілдемесінің тиімділігін арттыру;
- «Жасыл» қаржыландыруды тарту мүмкіндіктері;
- ESG мәселелері бойынша ақпаратты жариялауға қойылатын талаптар (орнықты даму саласындағы корпоративтік есептілік туралы директиваның (CSRD) ережелерін қоса алғанда);
- Стейкхолдерлердің өзгермелі сұраныс болжамдары.

Оған қоса, ERG-де көміртектендіру бойынша талдау орталығы құрылды, ол осы саладағы құзыреттер орталығы ретінде әрекет етіп, біздің өндірісіміздегі көміртегінің қажеттілігін төмендету бастамаларын іске асыруға басшылық етеді және сыртқы стейкхолдерлермен өзара әрекеттеседі. Талдау орталығы, сондай-ақ Қазақстан экономикасын көміртектендіру бойынша бірқатар мемлекеттік бастамаларды іске асыруға қатысады.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ



Залалды мүлдем болдырмау



Көшбасшылық



Есеп беру міндеттілігі



Теңгерімділік



Адалдық



Инновациялар

1 БҰҰ ОДМ-не сілтемелер біздің әсерімізді, тәуекелдерімізді, мүмкіндіктеріміз бен нәтижелерімізді қарастыру үшін мәнмәтін ретінде келтірілгенін және ERG ресми түрде қабылдаған мақсаттар болып табылмайтынына назар аударамыз.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР

Теңгерімделе өсіп келе жатқан портфель

Активтер портфелінің Қазақстанда және шет елдерде тұрақты өсуі мен дамуы

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

- Қазақстанда қолданыстағы активтерді одан әрі дамыту
- Халықаралық активтердің ағымдағы портфелінен қайтарымды ұлғайту
- Табиғи ресурстарды пайдаланудың және (немесе) активтерді сатудың жаңа мүмкіндіктері есебінен портфельді оңтайландыру
- Жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды және қосымша икемді теңгерімдеуші қуаттар құруды қоса алғанда, Topтың энергетикалық жобалар портфелін одан әрі дамыту

НЕГІЗГІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

- Акционерлер
- Кәсіпорындар орналасқан елдердің үкіметтері
- Жергілікті қоғамдастықтар
- Клиенттер
- Жеткізушілер/ мердігерлер
- Кредиторлар

Бақытты және кәсіби ұжым

Қызметкерлердің кәсіби және жеке өсуі үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігі мен амандығына қамқорлық жасау

- Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, қызметкерлердің денсаулығын нығайту және саламатты өмір салтын қолдау
- Қолайлы еңбек жағдайларын жасау
- Қызметкерлерге ұсынылатын әлеуметтік жеңілдіктер пакетін кеңейтуді қоса алғанда, ERG-дің жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттыру
- Корпоративтік мәдениетті дамыту
- Кадрлық резервті және көшбасшылық әлеуетті дамытуды қоса алғанда, қызметкерлердің стратегиялық дағдылары мен құзыреттерін дамыту

- Қызметкерлер
- Кәсіпорындар орналасқан елдердің үкіметтері
- Реттеуші органдар
- Жергілікті қоғамдастықтар

Кәсіпорындар орналасқан елдердің орнықты дамуы

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатына қосқан үлесіміз

- Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі қоғамның әл-ауқатын арттыру
- Халықаралық экологиялық стандарттарға, оның ішінде суға, ауаға және топыраққа қатысты стандарттарға сәйкестік
- Жергілікті кәсіпкерлікті дамыту және жергілікті бизнес-ортаны құру

- Жергілікті қоғамдастықтар
- Реттеуші органдар
- Аймақтық билік органдары
- Азаматтық қоғам ұйымдары

Қызметіміздегі тиімділік

Жекелеген активтер мен корпоративтік кеңсе деңгейіндегі операциялық тиімділіктің толық ауқымды бағдарламасы

- Қиындықтарды жою және өнімділікті арттыру арқылы нақты шығындарды азайту
- Ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру
- Сату тиімділігінің артуы
- Үздіксіз жетілдіру мәдениеті мен құралдарын қалыптастыру

- Акционерлер
- Клиенттер
- Қызметкерлер

Қаржылық тұрақтылық

Одан әрі қаржылық тұрақтандыру және акционерлер үшін табыстылықты қолайлы деңгейде қамтамасыз ету

- Акционерлер үшін қолайлы дивидендтік табыстылықты қамтамасыз ету
- Салынған капитал қайтарымының жоғары деңгейін қамтамасыз ету
- Қолайлы борыштық жүктемеге қол жеткізу және оны сақтау
- Нарық конъюнктурасына қарамастан бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін өтімділіктің жоғары деңгейін ұстап қалу

- Акционерлер
- Кредиторлар
- Қызметкерлер
- Жеткізушілер/ мердігерлер
- Кәсіпорындар орналасқан елдердің үкіметтері
- Жергілікті қоғамдастықтар

Операциялық және қаржылық нәтижелер

Операциялық қызмет нәтижелері және нарық конъюнктурасы

2021 жылы ERG операциялық қызмет көрсеткіштерінің айтарлықтай динамикасын көрсетті. Топтың негізгі өнімдеріне бағаның өсуімен бірге бұл түсімді және базалық EBITDA көрсеткішін едәуір арттыруға мүмкіндік берді (төмендегі «қаржылық нәтижелер» бөлімін қараңыз).

Жанандық жеткізілім тізбегіндегі үзілістер мен электр қуатының тапшылығы, басқа факторлармен қатар, жеткізілім тұрғысынан қосымша қиындықтар туғызды. Осыған қарамастан, Топ металды мыс, кобальт гидроксиді және темір кенін қоса алғанда, кейбір өнім түрлерін өндіруді арттырды.

Сонымен қатар, ферроқорытпа өндірісінің жалпы көлемі Дөң ТКБК байыту фабрикаларына хром кенін жеткізу көлемінің қысқаруына байланысты 6,8%-ға, яғни 1 540 мың тоннаға дейін (2020 жыл: 1 653 мың тонна) азайды. Алайда, 2022 жылы Дөң ТКБК-дегі «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы»¹ шахтасынан хром кенін жеткізуді ұлғайту және Ақсу ферроқорытпа зауытындағы № 64 пештің өндірістік көрсеткіштерін жақсарту

Тауарлы кобальт гидроксиді өндірісі

+25,5%

нәтижесінде өндіріс көлемінің ұлғаюуы күтілуде.

Темір кенді шекемтастар мен концентрат өндірісінің жалпы көлемі 12,2 %-ға, яғни 14 714 мың тоннаға дейін ұлғайды (2020 жыл: 13 114 мың тонна). Бұған тұтынушылар тарапынан өсіп отырған сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік берген Қазақстандағы Қашар карьерін игеруге капитал салу бағдарламасын іске асырудың арқасында қол жеткізілді (20 бет). Бұдан бөлек, Бразилиядағы VAMIN интеграцияланған темір кенін өндіру кәсіпорны алғашқы толық жұмыс жылының қорытындысы бойынша 1 008 мың тоннаны құрайтын кен өндірудің жылдық деңгейіне жетті.

Алюминий өндірісінің көлемі салыстырмалы түрде тұрақты болды және 262,4 мың тонна межесінде (2020 жыл: 264,6 мың тонна). Сонымен қатар, глинозем өндірісінің көлемі 1 315 мың тоннаға дейін қысқарды (2020 жыл: 1 383 мың тонна). Бұл уақытта логистикалық қиындықтарға байланысты сатылымның төмендеуі салдарынан болды.

Тауарлы металды мыс өндірісі

+18,1%

Топ металды мыс және кобальт гидроксиді өндірісін тиісінше 94,8 мың тоннаға және 20,7 мың тоннаға дейін ұлғайтты (2020 жыл: 80,3 мың тонна мыс және 16,5 мың тонна кобальт гидроксиді). Бұған ықпал еткен Metalkol RTR кәсіпорнының екінші кезегін жобалық қуатқа шығару қамында жалғасып жатқан жұмыс (19 бет).

Ақырында, энергетикалық көмір өндірісінің көлемі 3,5%-ға, яғни 29 891 мың тоннаға дейін ұлғайды (2020 жыл: 28 871 мың тонна). Бұл, ең алдымен, тұтынушылар тарапынан сұраныстың артуымен байланысты. Бұдан бөлек, энергия жүйесінің операторы электр энергиясына рекордтық сұранысты қанағаттандыру үшін біздің энергия блоктарымызға күрделі жөндеу жүргізу мерзімдерін қысқартқаннан кейін электр энергиясын өндіру 8,2%-ға 16 000 ГВт*сағ (2020 жыл: 14 793 ГВт*сағ) артты.

Тауарлы темір кені шекемтастары мен концентрат өндірісі

+12,2%

Қаржылық нәтижелер

2021 жылы базалық EBITDA көрсеткіші 108,1%-ға, яғни 4 210 млн АҚШ долларына дейін өсті (2020 жыл: 2 023 млн АҚШ доллары). Бұл ретте, өсуге себеп болған негізгі салым Қазхром және Metalkol RTR тарапынан болды. Бұған Metalkol RTR кәсіпорнында өндіріс көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ Топ өнімдерінің барлық негізгі түрлеріне бағаның өсуімен негізделген түсімнің 59,3%-ға, яғни 8 530 млн АҚШ долларына дейін (2020 жыл: 5 356 млн АҚШ доллары) артуы ықпал етті. Алайда, оң динамика төмендегілермен ішінара теңестірілді:

- Ферроқорытпа мен глиноземді сату көлемінің төмендеуімен;
- Темір кені, алюминий және мыс бағаларын хеджирлеу шығындарымен;
- Операциялық шығындардың ұлғаюымен.

Базалық EBITDA көрсеткіші

+108,1%

Жыл қорытындысы бойынша күрделі шығындар 735 млн АҚШ долларына дейін өсті (2020 жыл: 572 млн АҚШ доллары). Бұл қолайлы нарықтық жағдайды ескере отырып, инвестиция көлемінің артуымен, сондай-ақ 2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты кейінге қалдырылған жобалар бойынша шығындардың кейінге қалдырылуымен байланысты болды.

Борыштық жүктеме

2021 жылы ERG-дің берешегі 800 млн АҚШ долларынан астам көлемде қысқарды. Бұған келесі жағдайлар себеп болды:

- негізгі берешекті өтеу есебіне тұрақты төлемдермен және мерзімінен бұрын өтеу.

Сонымен қатар, біздің қазіргі борыштық портфеліміз қосымша шоғырландырылып, оңтайландырылды, бұл қаржыландыру

Түсім

+59,3%

Күрделі шығындар

+28,5%

шығындарын азайтуға және қарызды өтеу мерзімін ұзартуға септесті. Сондай-ақ Топқа өзінің қаржылық жағдайын нығайтуға мүмкіндік берген өтімділіктің қосымша қоры құрылды.

Украина мен Ресей арасындағы қақтығысқа байланысты санкциялар енгізілгенін ескере отырып, ERG бірқатар қаржылық келісімдердің тиісті шарттарын қайта қарастыру мақсатында келіссөздер жүргізіп, кейбір кредиторларымен бірқатар келісімдерді бұзды. Топ тиісті заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарына, сондай-ақ комплаенс саласындағы ERG саясатына сәйкес өзінің коммерциялық қызметі барысында санкциялық режимнің барлық қолданылатын талаптарын сақтауды жалғастыруда.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Дивизион	Өнім	2021 жыл	2020 жыл	Өзгеріс	Динамика
Ферроқорытпа	Ферроқорытпа	1 540 мың тонна (нетто)	1 653 мың тонна (нетто)	(6,8)%	<ul style="list-style-type: none"> • Өндіріс көлемінің төмендеуі Дөң ТКБК байыту фабрикаларына хром кенін жеткізу көлемінің қысқаруына байланысты. • Ферроқорытпа нарығында қолайлы баға конъюнктурасы қалыптасты: феррохром бағасы 13 жылдық максимумға жетті. • Бағаның өсуі Қытайдағы феррохром өндірісінің төмендеуіне (елдегі электр энергиясының тапшылығына байланысты), тот баспайтын болатқа деген жоғары сұранысқа және өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде шығындардың өсуіне байланысты болды.
	Темір кені	Тауарлы темір кені концентраты және шекемтастар	14 714 мың тонна	13 114 мың тонна	12,2%
Глинозем және алюминий	Глинозем	1 315 мың тонна	1 383 мың тонна	(4,9)%	<ul style="list-style-type: none"> • COVID-19 пандемиясы жағдайында Қытайда импорттық шектеулерді қатайтқаннан кейін сату көлемінің төмендеуіне байланысты глинозем өндірісі төмендеді. • Глинозем бағасының өсуіне Оңтүстік Америка мен Қытайдағы өндірістік үзілістер әсер етті. • Алюминий өндірісінің көрсеткіштері 2020 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. • 2021 жылдың қазан айында Лондон металдар биржасында алюминийдің споттық баға белгіленімдері 13 жылдық максимумға жетіп, тоннасына 3 180 АҚШ долларын құрады. • Алюминийдің жоғары бағасы Қытайдағы энергияны тұтыну мен өндіріс шектеулеріне, сондай-ақ алюминий тұтынудың өсуіне және әлемнің әртүрлі елдерінде оның қорының азаюына байланысты болды.
	Алюминий	262,4 мың тонна	264,6 мың тонна	(0,8)%	
Кобальт пен мыс және басқа да түсті металдар	Тауарлы метал мыс	94,8 мың тонна	80,3 мың тонна	18,1%	<ul style="list-style-type: none"> • Мыс пен кобальт гидроксидін өндіру көлемінің артуы, ең алдымен, Metalkol RTR кәсіпорнының екінші кезеңінің жобалық қуатына шығарылуына байланысты болды. • Мыстың орташа жылдық бағасы әлемдік экономиканың қалпына келуі, АҚШ долларының әлсіреуі, COVID-19 вакцинациялау бағдарламаларының іске асырылуы және физикалық нарықтағы ұсыныс тапшылығы аясында тарихи бағаларға жетті. • Кобальт бағасының мықты динамикасы жоғары сұранысқа (әсіресе электромобильдер секторында), сондай-ақ әлемдік кобальт өндірісінің төмен деңгейіне және жеткізілім тізбегінің үзілуіне байланысты болды.
	Концентраттағы тауарлық мыс	102,4 мың тонна	103,3 мың тонна	(0,9)%	
	Металды кобальт	–	0,1 мың тонна	(100)%	
Энергетика	Тауарлы кобальт гидроксиді	20,7 мың тонна	16,5 мың тонна	25,5%	<ul style="list-style-type: none"> • 2021 жылы халықаралық және ішкі нарықтарда тұтынушылар тарапынан энергетикалық көмірге деген сұраныстың өсуі байқалды. • Энергетикалық көмірдің негізгі бағалық бенчмарктері өткен жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсті. Бұған әлемдік экономиканың қалпына келуі, табиғи газ жеткізілімінің қысқаруы, Еуропадағы жел электр станцияларында электр энергиясының аз көлемде өндірілуі және әлемдік көмір нарығындағы тапшылық себеп болды. • Энергия жүйесінің операторы электр энергиясына рекордтық сұранысты қанағаттандыру және энергиямен жабдықтаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін желілерге қызмет көрсету уақытын қысқартқаннан кейін электр энергиясының өндірісі өсті.
	Көмір	29 891 мың тонна	28 871 мың тонна	3,5%	
Логистика	Электр энергиясы	16 000 ГВт*с	14 793 ГВт*с	8,2%	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан мен Қытай шекарасындағы логистикалық шектеулерге байланысты тасымалдау көлемі төмендеді. • Сонымен қатар, сыртқы тапсырыс берушілерге көрсетілген көлік-экспедиторлық қызметтердің көлемі ішкі және халықаралық нарықтардағы сұраныстың артуы аясында 5,7%-ға өсті.
	Логистика	Тасымалдау көлемі: 52 139 мың тонна	Тасымалдау көлемі: 53 076 мың тонна	(1,8)%	

КЕЙС: Кредиттік рейтингтерді сақтау және арттыру

2021 жылғы маусым айында Moody's рейтинг агенттігі болжамды «Тұрақтыға» дейін арттыра отырып, Топқа берілген кредиттік рейтингті «В2»-ден «В1»-ге дейін көтерді, ал Standard & Poor's агенттігі болжамды «Жағымдыға» дейін көтере отырып, Топтың кредиттік рейтингін «В-» деңгейінде растады. Бұған себеп болған EBITDA көрсеткішінің күтілетін өсуі мен

берешекті жоспарлы өтеу және Metalkol RTR кәсіпорнының жоғары операциялық және қаржылық нәтижелері және шикізат тауарлары бағасының өсуі. 2022 жылдың маусым айында S&P агенттігі ERG-дің кредиттік рейтингін «В» деңгейіне дейін көтеріп, болжамын «Тұрақтыға» жақсартты.

1 «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы» шахтасы

Жаһандық трендтерді түсіну және тиімді басқару

2022 жылы геосаяси жағдайға ден қою

Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс

Украина мен Ресей арасындағы қарулы қақтығыс 2022 жылы қаржы және шикізат нарықтарының айтарлықтай тұрақсыздығына әкеп соқты, бұл ішінара Ресей Федерациясының Үкіметі мен бірқатар компанияларға, ірі ресейлік банктер мен жеке тұлғаларға қарсы санкцияларға байланысты.¹ Қақтығыс, сондай-ақ Украина аумағы арқылы өтетін экспорттық жеткізілімдердің негізгі бағыттарына әсер етіп, қазіргі тауар ағындарына теріс әсерін тигізді. Бұл оқиғалар ERG-ге, оның ішінде Топтың екі негізгі кредиторы Ресей Сбербанкі мен ВТБ банкіне қарсы санкциялар арқылы, сондай-ақ ресейлік емес феррохром мен энергетикалық көмір бағасының өсуіне әсер етті.

2022 жылғы наурыз және сәуір айларында Топ бірқатар қаржылық келісімдердің шарттарына өзгерістер енгізуге келісті және Ресейдің Сбербанкімен, «ВТБ» банкімен (ЖАҚ), ВЭБ және (немесе) олардың еншілес қоғамдарымен белгілі бір мәмілелер мен операцияларды тоқтатты.²

Бұған қоса, халықаралық санкциялар қаупі бар жекелеген контрагенттердің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен өміршеңдігіне қатысты алаңдаушылыққа байланысты бірқатар сауда операциялары тоқтатылды. Біз, сондай-ақ қабылданып жатқан ден қою шараларын үйлестіруге жауапты орталықтандырылған жаһандық дағдарыс тобын (дағдарыс штабын) құрдық.

Біз тиісті заңнамалық талаптарға және Топтың комплаенс-саясатына сәйкес біздің қызметімізге қолданылатын барлық санкцияларды сақтауды жалғастырамыз.

Қазақстандағы наразылықтар

2022 жылғы қаңтар айында біз ел ішіндегі елеулі, бірақ қысқа мерзімді, әлеуметтік наразылықтан туындаған қиындықтарға тап болдық.

Тәртіпсіздіктер біздің кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардан тыс жерде болғанына қарамастан, наразылық акциясына Дөң ТКБК (Қазхром) кейбір қызметкерлері қатысты. Бұл шектеулі сипатқа ие болды және өндірістік қызметке айтарлықтай әсер етпеді. Оқиға компания басшылығы мен еңбек ұжымы арасындағы конструктивтік келіссөздердің нәтижесінде бейбіт жолмен жедел реттелді.

Қазіргі уақытта елімізде Қазақстан Президенті жариялаған жалпыұлттық саяси және экономикалық реформалар жүргізілуде.

Осыған байланысты, Топ бизнестің операциялық тұрақтылығын арттыру шараларын күшейтті. Сондай-ақ, әлеуметтік даму мәселелері бойынша мемлекеттік билік органдарымен жұмыс жалғастырылды (94 бет).

Стейкхолдерлердің ESG қызметіне қызығушылығының артуы

Мәселе

Экология, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы компаниялардың қызметіне қатысты стейкхолдерлердің үміті арта түсуде. Мысалы, халықаралық несие ұйымдары несие беру шарттарына ESG талаптарын жиі қосады, ал өнімді сатып алушылар мен түпкі тұтынушылар сатып алу туралы шешім қабылдаған кезде ESG мәселелерін ескереді.

Сонымен қатар, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар ESG мәселелеріне қойылатын талаптарды күшейтуде. Бұл салада жетекші рөлді тұрақты даму саласындағы корпоративтік есептілік туралы Директива (CSRD) енгізілетін Еуропалық Одақ атқарады.

ESG саласындағы компаниялар қызметінің маңыздылығы артуы мүмкін. Бұған жаңа энергия көздеріне жаһандық көшу, COVID-19 пандемиясының қалдық әлеуметтік-экономикалық салдары және «айналмалы экономика» тұжырымдамасының өсіп келе жатқан әсері сияқты факторлар ықпал етеді.

Сала үшін маңыздылығы

Бұл үрдіс тау-кен металлургия секторы үшін ерекше маңызды, себебі:

- Сектор жаңа энергия көздеріне жаһандық көшуде шешуші рөл атқарады (қарама-қарсы бетті қараңыз);
- Сектор кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосуда;
- Сектор кәсіпорындарының қызметі елеулі әсер етумен ерекшеленеді;
- Сектор кәсіпорындарының қызмет ету ортасы көбінесе жоғары тәуекел деңгейімен сипатталады.

Сондай-ақ, пайдалы қазбалардың өндірістік-өткізу тізбегінің ашықтығы мен сенімділігі мәселелеріне көбірек көңіл бөлінеді: стейкхолдерлер өндірістік-өткізу тізбегінің әрбір кезеңінде есеп беруді қамтамасыз етуге барынша жоғары талаптар қояды.

Ден қоюдың стратегиялық шаралары

Осы саладағы ERG қызметінің тиімділігін арттыру үшін 2021 жылы Топ деңгейінде ESG мәселелері жөніндегі Комитет құрылды. Комитет ESG-деректерді басқару мәселелерін қоса алғанда, ESG саласындағы Топтың мақсаттары мен іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді басқарады (8 бет).

Біз ESG-дің әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне ерекше назар аударамыз, бұл біздің Қазақстандағы жергілікті қоғамдастықтармен көпжылдық қарым-қатынасымызға байланысты. 2021 жылы ел дамуының басым бағыттарына 58,1 млн АҚШ доллары (52 бет) бөлінді. ERG энергияның жаңа көздеріне жаһандық көшуден қатар, КДР-да («Таза кобальт пен мыс» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы) жергілікті қоғамдастықтардың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Сондай-ақ, Қазақстандағы экологиялық стратегияны іске асыру біздің қызметімізді халықаралық озық тәжірибелерге сәйкес келтіруге және Қазақстанның жаңа Экологиялық кодексі (61 бет) талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Африкадағы Топ кәсіпорындарында ISO 14001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген денсаулықты, өндіріс қауіпсіздігі және тұрақты дамуды басқару жүйесі (SHS) енгізілген.

Жаһандық көміртектендіру және төмен көміртекті экономикаға көшуге ықпал ететін металдардың рөлі

Мәселе

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі жаһандық бастамаларды іске асыру үшін көлікті ауқымды электрлендіруді және жаңартылатын энергия көздеріне көшуді қоса алғанда, бірқатар технологиялық шешімдерді енгізу талап етіледі. Әлемдік экономиканы көміртектендірудің маңыздылығы 2015 жылғы климаттың өзгеруі туралы Париж келісімінде (қатысушылар қатарына Қазақстан, КДР, Замбия және Бразилия кіреді), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі жоспарларында көрсетілген.

Сала үшін маңыздылығы

Стейкхолдерлер тарапынан тау-кен металлургия кәсіпорындарының көміртегі ізін төмендету бойынша неғұрлым жоғары талаптар қалыптастырылуда. Сонымен қатар, төмен көміртекті экономикаға көшу өсудің қолайлы мүмкіндіктеріне жол ашады. Олар жаңа энергия көздеріне көшу үшін қажетті металдарға сұраныстың артуымен байланысты: кобальт электромобильдерге көшу және тиісті аккумуляторлық технологияларды енгізу үшін қажет, ал мыс пен алюминий жаңартылатын энергетика инфрақұрылымын дамытуға қажет. Бұдан басқа, ферроқорытпалар төмен көміртекті газ және атом энергетикасына, сондай-ақ жел энергетикасы үшін инфрақұрылым жасауға аса маңызды.

Ден қоюдың стратегиялық шаралары

Біз осы проблеманы шешуде өз рөлімізді ағымдағы қызметіміз аясында, сондай-ақ орта және ұзақ мерзімді перспективада орындауға ұмтыламыз. Бұған төмен көміртекті экономикаға көшуге қажетті кобальт, мыс, алюминий және ферроқорытпа өндірісі кіреді. Атап айтқанда, әлемдегі екінші кобальт өндірушісі Metalkol RTR – электромобильдердің жаһандық өндірістік-өткізу тізбегінде маңызды рөл атқарады (92 бет). Бұған қоса, ERG әлемдік стандарттарға сәйкес өндірістік-өткізу тізбегінің сенімділігін қамтамасыз етуге ұмтылады (төменде қараңыз).

Біз парниктік газ шығарындыларын азайтудың маңыздылығын сезінеміз, әсіресе Қазақстанда, өйткені Қазақстанда пайдаланылатын электр энергиясының айтарлықтай көлемі көмірден өндіріледі. Біздің жұмысымызға балама көздерден алынатын электр энергиясының үлесін арттыру жобалары кіреді (66 бет). Алайда, біздің негізгі өндірістік қорларымыздың ерекшелігін және Қазақстандағы жаңартылатын энергетиканы дамытудың салыстырмалы түрде ерте кезеңін ескере отырып, бұл процесс белгілі бір уақытты алады.

Дегенмен, біз бизнесіміздің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, орта және ұзақ мерзімді перспективада көміртегі ізін азайтуға тырысамыз. Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстандағы біздің ағымдағы жел энергетикалық жобаларымызды жүзеге асыру және жаңартылатын энергетика саласындағы жобалар портфелін кеңейту, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды іске асыруды қамтиды (65 бет).

Пайдалы қазбалардың өндірістік-өткізу тізбектерінің сенімділігіне қойылатын талаптарды арттыру

Мәселе

Әртүрлі стейкхолдерлер, соның ішінде кейінгі қайта бөлу кәсіпорындары, реттеу органдары, инвесторлар мен биржалар пайдалы қазбалардың өндірістік-өткізу тізбегінің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге талаптар қояды. Бұл ретте, кобальтқа және оның электромобильдердің рөліне ерекше назар аударылады. Бұл жағдай ішінара кобальттің әлемдік өндірісінің үштен екісінен астамы КДР үлесіне тиетіндігіне байланысты.

Сонымен қатар, стейкхолдерлер басқа металдар мен салаларға да назар аударады. Бұл:

- Орнықты даму саласындағы корпоративтік тиісті сақтық туралы ЕО директивасының қосымшасы;
- Сенімділікті қамтамасыз ету жұмысы аясында ЭЫДҰ-ның³ тиісті сақтығының басшылыққа алу қағидадтарын жиі қолданудан;
- Жеткізушілерді таңдауға Лондон металл биржасының (LME) жауапты тәсілдемесінің талаптарынан көрініс тапты.

Сала үшін маңыздылығы

Өндірістік-өткізу тізбектерінің сенімділігін қамтамасыз ету клиенттермен ұзақ мерзімді қатынастар құру, жетекші халықаралық биржаларға қол жеткізуді қамтамасыз ету және реттеушілердің талаптарын орындау тұрғысынан маңызды бола түсуде.

Бұл мәселе энергияның жаңа көздеріне жаһандық көшу және ол үшін қажетті металдарға сұраныстың өсуі тұрғысынан ерекше маңызды болып отыр. Салалық кәсіпорындар осы металдардың жеткізілуін қамтамасыз ету арқылы көмірқышқыл газының шығарылуын азайтуға ғана емес, сонымен бірге өндіріс тізбегі аясында қосымша жағымсыз әсерлердің пайда болуына жол бермейтіндігін көрсетуі керек.

Ден қоюдың стратегиялық шаралары

Metalkol RTR кәсіпорнындағы «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы⁴ (88 бет) төмендегілерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығының басшылыққа алу қағидадтарының талаптарын сақтау және асыру;
- RMI бастамасының RMAP-қа сәйкес міндеттемелерді орындау;⁵
- Жергілікті халықтың өмір сүру жағдайын белсенді жақсарту.

2022 жылғы маусым айында «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының орындалу нәтижелері туралы екінші есептің тәуелсіз расталуы алынды, оның барысында кәсіпорынның Бағдарламада белгіленген қағидадтарды сақтауы расталды⁶. Сонымен қатар, 2022 жылдың тамыз айында Metalkol RTR кәсіпорнында кобальт өндірушілердің RMAP Стандарттарына сәйкестігін кешенді тексеру аясында өндіріс ошағы осы және (2021 жылғы) мыс, қорғасын, никель мен мырыш қосындыларын өндірушілерді бірлескен RMAP стандарттары бойынша аудиттен өткізу нәтижелері бойынша оң қорытынды алып, RMI расталды. Біз, сондай-ақ басқа компаниялармен өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде кепілдіктер беру және ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін сенімді стандарттарды енгізу мақсатында ынтымақтасудамыз (88 бет).

Сонымен қатар, біз өндіретін басқа металдарға қатысты кепілдіктердің бірдей жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Бұған Қазақстандағы ҚЭЗ кәсіпорнында өндірілетін алюминий кіреді. Кәсіпорында «Жауапты алюминий өндірісі» жаңа бағдарламасын іске асыру басталды (87 бет).

1 Санкцияларды, атап айтқанда, Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ, Швейцария және Ұлыбритания қолданады.

2 Бұл тауарлық келісімшарттардың мерзімінен бұрын тоқтатылуы; түрлі қаржылық мәмілелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуы; пайдаланылмаған міндетті несие желісінен бас тарту; сондай-ақ негізгі қарызды өтеуді және пайыздарды төлеуді екі жылға дейін кейінге шегеруді қамтыды.

БИЗНЕСІМІЗДІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ

2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басым міндеттерінің бірі – **қаржылық тұрақтылықты** қамтамасыз ету. Сонымен қатар, бұл қолайлы борыштық жүктемені және өтімділіктің жеткілікті деңгейін сақтауды білдіреді. 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың келесі басымдықтары да ерекше өзекті:

- **Үлестік шығындарды қысқарту**, ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру және үздіксіз жақсарту мәдениетін қалыптастыру арқылы барлық жағдайда тиімділікке қол жеткізу;
- **Біздің қолда бар активтерімізді дамыту**, активтерден түсетін кірісті көбейту және жаңа мүмкіндіктерді дамыту арқылы теңгерімделе өсіп келе жатқан портфельді сақтау.

Сонымен қатар, 2021 жылы Топтың стратегиясы мен шешім қабылдау процестеріне орнықты даму принциптерін енгізуге жауапты ESG мәселелері жөніндегі Комитет құрылды. Комитет 2030 жылға дейінгі ESG-мақсаттарды және ESG-деректерді басқару процестерін жетілдіру мәселелерін қоса алғанда, тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді басқарады (8 бет).

Бұл тәсіл Топтың орнықты даму саласындағы бастамаларымен ұштастыра отырып, ұзақ мерзімді перспективада ERG бизнесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Metalkol RTR кәсіпорнының екінші кезегінде мыс пен кобальт өндірісі ұлғайтылды

VAMIN интеграцияланған жобасы аясында темір кен орнын игерудің бастапқы кезеңінің бірінші жылы аяқталды

Топтың цифрлық стратегиясын іске асыру жалғастырылды

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР:



Активтерді дамыту және қолдау

ТОЛЫҒЫРАҚ 18-БЕТТЕ



Технологиялар, тиімділік және цифрландыру

ТОЛЫҒЫРАҚ 26-БЕТТЕ



БИЗНЕСІМІЗДІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ



Активтерді дамыту және қолдау

Стратегиялық мәнмәтін

Теңдестіріле өсіп келе жатқан портфель: 2025 жылға дейінгі Стратегиямыз аясындағы басым міндеттердің бірі – біздің активтер портфелінің орнықты өсуі мен дамуын қамтамасыз ету. Бұл біздің Қазақстандағы активтерімізді дамытуды және біздің халықаралық активтеріміздің табыстылығын арттыруды көздейді. Сонымен қатар, біз табиғи ресурстарды пайдаланудың және (немесе) активтерді сатудың жаңа мүмкіндіктері есебінен портфелімізді оңтайландыруға ерекше назар аударамыз, сондай-ақ Топтың энергетикалық бизнесінің одан әрі дамуын қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

БҰҰ релевантты ОДМ
БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Жаңа және қолданыстағы активтерге капитал салымының өсуі

2021 жылы күрделі шығындар көлемі 735 млн АҚШ долларына дейін ұлғайтылды (2020 жыл: 572 млн АҚШ доллары). Бұл инвестициялар активтердің әлеуетін барынша ашу мақсатында қолдауға, сондай-ақ дамудың жаңа жобаларын іске асыруға бағытталды. Шығындардың ұлғаюына 2020 жылға жоспарланған, бірақ COVID-19 пандемиясы салдарынан кейінге қалдырылған күрделі салымдардың ауысуы, сондай-ақ 2021 жылы нарықтық конъюнктураның жақсаруы нәтижесінде артықшылықтар алуға бағытталған іс-шаралар себеп болды.

Сонымен қатар, біз тиісті командаларды дамытуды қоса алғанда, күрделі жобаларды басқару жүйесін жетілдіру жұмысын жүргізіп жатырмыз (қарама-қарсы бетті қараңыз).

ФЕРРОҚОРЫТПА ҚТОШ (Қазақстан) екінші кезегін әзірлеу арқылы өндіріс деңгейін қолдау¹

Дөң ТКБК кәсіпорны игерілетін хром кен орнында өндіруді арттыру бойынша жоспарланған іс-шараларды іске асыруды жалғастыруда. Осы мақсатта ҚТОШ екінші кезегін әзірлеу басталды. Бұл ҚТОШ бірінші кезегі мен «Молодежная» шахтасында хром кенін өндірудің істен шыққан көлемін алмастырып қана қоймай, кен өндіруді жылына 6 млн тоннадан арттыруды қамтамасыз етуге және соның арқасында Топтың ферроқорытпа зауыттарында өндірісті ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2021 жылы біз шахтаның екінші кезегі үшін өндірудің оңтайлы әдістерін таңдадық, оның ішінде қабатастылық опырылудың жетілдірілген технологиялары (90%) және қазынды кеңістікті толтырмалау арқылы игеру (10%). 2022 жылы жобалау алдындағы жоспарлау басталды, оны аяқтау 2023 жылдың басына жоспарланған.

Дөң ТКБК-де (Қазақстан) шлам қалдықтарын қайта өңдеу бағытында «Шламдар-2» жобасын іске асыру

«Шламдар-2» жобасы аясында Дөң ТКБК-де шлам қалдықтарын қайта өңдеуші жаңа кешеннің құрылысы басталды. Кешен құрамына гравитациялық байыту, флотация, қоюландыру және сүзу бөлімдері кіреді, сондай-ақ құрамында хром бар қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа технологиялары қолданылатын болады. Кешеннің күтілетін өнімділігі жылына 500 мың тоннадан асады, бірінші кезекті пайдалануға беру 2022 жылға жоспарланған.



Ақтөбе ферроқорытпа зауытының (Қазақстан) № 4 балқыту цехында өндірісті ұлғайту

2021 жылы № 4 балқыту цехында жоғары көміртекті феррохром өндірісі толық жобалық қуатқа шығарылды. Бұған дейін Топтың өз күшімен цехтың өнімділігін арттыру жұмыстары жүргізілген болатын. Іске асырылған іс-шаралар жетілдірілген сүзгілерді орнатуды қамтыды (61 бет). Цех тұрақты тоқ пештерімен жабдықталған. Қазіргі уақытта оның жұмыс параметрлерін жақсарту шаралары қабылдануда.

КОБАЛЬТ, МЫС ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТҮСТІ МЕТАЛДАР Metalkol RTR (ҚДР) кәсіпорнының екінші кезектегі өндірісін ұлғайту

2021 жылы Metalkol RTR кәсіпорнының екінші кезектегі мыс және кобальт гидроксиді өндірісі тиісінше 94,8 мың тоннаға және 20,7 мың тоннаға² дейін ұлғайтылды (2020 жыл: тиісінше 80,3 мың тонна және 16,5 мың тонна). Бұған пайдалы компоненттер мен экстракция көрсеткіштерінің жоғарылауы нәтижесінде қол жеткізілді. Кәсіпорын Топтың EBITDA көрсеткішінің өсуіне айтарлықтай үлес қосуда (10 бет).

Қазіргі уақытта кәсіпорынның операциялық тиімділігін арттыру үшін қосымша мүмкіндіктер қарастырылуда, оның ішінде кобальт шикізатына арналған жаңа кептіргішті орнату, аккумуляторлық батареялар негізінде резервтік электрмен жабдықтауды ұйымдастыру, сондай-ақ экстракция көрсеткіштерін одан әрі арттыру үшін металл теңгерімін талдау.

Біз Metalkol RTR кәсіпорны кобальт гидроксидінің айрықша жеткізушісі болып табылатын литий-ионды аккумуляторларға арналған прекурсорларды өндіру зауытын салу мүмкіндіктерін зерттеуді жалғастырамыз.

Metalkol RTR кәсіпорны туралы толық ақпарат 22 бетінде берілген.

ERG Exploration компаниясы – Қазақстандағы Топтың минералды-шикізат базасын толықтыру

Жақында құрылған ERG Exploration компаниясының басты міндеті – CRIRSCO (минералды қорлар бойынша халықаралық стандарттар жөніндегі комитеттің) стандарттарын қоса алғанда, озық практикаларды ескере отырып әзірленген KAZRC стандарттарына және JORC Кодексіне сәйкес Қазақстандағы минералды-шикізат базасын толықтыру. Болашақта ERG Exploration компаниясына Топтың барлық геологиялық барлау жобаларын басқару міндеттері жүктелетін болады.

ERG Exploration Ақтөбе және Қостанай облыстарында пайдалы қазбаларды өндіру мүмкіндіктерін іздестіру қамында 40-қа жуық жобаны іске асырады, оның ішінде боксит, хром және темір кені, сондай-ақ мыс, алтын және сирек кездесетін металдар сияқты пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бар. Компания капитал салымының тиімділігін және геологиялық барлау жұмыстары нәтижелерінің біркелкілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Қазақстандағы барлық геологиялық барлау жобаларын іске асыруда бірыңғай әдіснама мен тәсілдерді қолданады.

2021 жылы ERG Exploration өзінің бұрғылау қондырғысын іске қосты және 2022 жылы тағы үшеуін қосады. Қазақстанда бұрғылау қондырғыларының кеңейтілген паркін пайдалана отырып, жыл сайын кемінде 40 мың метр бұрғылау жоспарланады.

Күрделі жобаларды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру жұмысы

Күрделі жобаларды басқарудың кешенді механизмін енгізуді қоса алғанда, күрделі жобаларды басқарудың жетілдірілген жүйесін құру жұмысы жүргізілуде, осы жүйе аясында тиісті міндеттер, шешімдер қабылдау процестері және жобаларды іске асыру тәсілдері белгіленеді. Жаңа жүйе аясында ERG Capital Projects мамандары жобалардың барлық санаттары бойынша әдіснама мен ұйымдастыру іс-шараларын әзірлеуге, сондай-ақ Топтың ең стратегиялық маңызды жобаларын іске асыруға жауапты.

Бұдан бөлек:

- Жаңа операциялық модель және ұйымдастырушылық құрылым қалыптастырылды;
- Жұмыс тиімділігін басқарудың жаңа жүйесінің архитектурасы әзірленді;
- Топтың жеке ресурстарын дамыту үшін жобаларды басқару Академиясы құрылды;
- Күрделі жобаларды басқару үшін цифрлық/АТ-құралдарын енгізудің жол картасы әзірленді;
- Топтың әртүрлі бөлімшелерінде күрделі жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстар бөлінді.

1 «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы» шахтасы

2 Кәсіпорынның екінші кезегінің жобалық қуаты – жылына 105 мың тонна мыс пен 20 мың тонна кобальт гидроксиді.

Аккумуляторлы батареялар секторындағы төңкеріске үлес қосу үшін кобальтті жауапты өндіру

ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорны кобальт өндірісі бойынша әлемде екінші орында. Қалдықтарды қауіпсіз және заманауи қоймада қайта өңдеуді және тиісті сақтауды жүзеге асыра отырып, осы кәсіпорын:

- Батареяларды өндірудің қол жетімді технологияларын дамытуды қолдайды (13 бет);
- Жауапты өндірістік-өткізу тізбегіне кепілдік береді (88 бет);
- Осы жердің қоршаған ортасының ластану қаупін азайтады (68 бет).

ЖАҢА ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫ

Үйінділерді қайта өңдеудің қалдық өнімдері жаңа арнайы қалдық қоймасына тұрақты сақтауға орналастырылады. Аталған объектіде тұрақты тексерулер және ішкі мониторинг пен есептілік жүргізіледі. Бұл жұмысты арнайы тағайындалған жауапты инженер-жобалаушы және тәуелсіз зертхана жүзеге асырады.

ҚАЛДЫҚ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

Ауданы 360 га зауыт кобальт пен мысты өндіре отырып, жинақталған үйінділердің гидрометаллургиялық өңделуін жүзеге асырады. Атап айтқанда, зауытта кобальт гидроксиді мен катодты мыс өндіруде шанда ерітінділеу, сұйық экстракция және электролиз технологиялары қолданылады.

ҚОРДАЛАНҒАН ҮЙІНДІЛЕР

Metalkol RTR кәсіпорны Кингамьямбо қалдық қоймасында және Мусонои өзенінің жағалауында жинақталған үйінділерді қоса алғанда, осы жерде пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асырған басқа компаниялар ондаған жылдар бойы жинаған мыс-кобальт үйінділерін қайта өңдейді.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ МӘНМӘТІНІ

Жергілікті стейкхолдерлер

Концессиялық учаске Колвези қаласынан солтүстік-батысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Оның аумағында үш шағын ауыл бар (Самуконг, Кипела және Кушала). Концессиялық учаскенің шекарасында екі үлкен елді мекен бар (GECAMINES компаниясының USK шахтер кенті және Камимби II кенті), олардың халқы – бірнеше мың адам. Сонымен қатар, 2018 жылы Камембе II кентіне Самуконга кентінен 16 отбасы сәтті көшірілді. Бұл шара жергілікті заңнама талаптарына және ХҚК стандарттарына сәйкес қабылданды (47 бет).

Metalkol RTR кәсіпорны өндірісте артельді және шағын ауқымды өндіру нәтижесінде алынған шикізатты пайдаланбайды. Дегенмен, бұл қызмет кәсіпорынның концессиялық учаскесінің шекарасында жүзеге асырылады. 2021 жылы Кингамьямбо қалдық қоймасының айналасындағы қоршаудың жанында көптеген алтын іздеушілер жұмыс істеді (47 бет)

Ықпал ету, тәуекелдер және мүмкіндіктер

- Өзінің ерекшеліктеріне байланысты қордаланған тастандылар жергілікті су объектілеріне теріс әсер етуді жалғастыруда, ал кәсіпорын жүзеге асыратын гидромеханикалық жұмыстар



© Good Shepherd International Foundation/Nyokabi Kahura Халықаралық қоры берген фотосурет

ӘСЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Әсерді басқару қамындағы негізгі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

- ISO 14001 «Экологиялық менеджмент жүйесі» стандартын ескере отырып әзірленген денсаулықты, өндіріс қауіпсіздігі және орнықты дамуды басқару жүйесін (SHS) қолдану және сертификаттаудан өтуді жоспарлау;
- Атмосфералық ауа мен су сапасына кешенді мониторинг жүргізу (елді мекендердегі құдықтардағы суды талдауды қоса алғанда). Мониторинг нәтижелері жыл сайын Үкіметтің қарауына ұсынылады; сондай-ақ тәуелсіз зертханалық талдау мен сыртқы ұйымдарды тарта отырып, нәтижелердің сапасы бақыланады;
- Міндетті және ерікті әлеуметтік инвестициялар (оң жақта қараңыз);
- Артельді және шағын ауқымды өндіріске байланысты мәселелерді басқару қамында арнайы әзірленген жоспарларды іске асыру, адам құқықтары саласындағы әсерді тұрақты бағалау және күзет ұйымдарының қызметкерлері үшін адам қауіпсіздігі мен құқықтарына қатысты ерікті қағидаттарды қолдану мәселелері бойынша оқыту жүргізу.

СТАНДАРТТАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР БЕРУ

«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы

Бағдарламаны іске асыру аккумуляторлық батареялардың өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде пайдалы қазбаларды жауапты өндіруге, оның ішінде ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығының Басшылық қағидаттарының талаптарын сақтау, сондай-ақ жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал етуге мүмкіндік береді.

Толымды ақпарат 88 бетте берілген

Минералды ресурстардың жауапты өндірілуін қамтамасыз ету процесі (RMAP)

2022 жылдың тамыз айында Metalkol RTR кәсіпорны кобальт өндірісіне қатысты RMI RMAP және мыс өндірісіне қатысты кешенді тексерістің бірлескен стандарттарына сай келетінін растады.

Толымды ақпарат 88 бетте берілген

Кобальт өнеркәсібіндегі тәуекелдерді бағалау бағдарламасы (CIRAF)

Өндірістік қауіпсіздік пен адам құқықтарын қоса алғанда, тәуекелдерді басқаруды және бірқатар мәселелер бойынша есептілік беруді көздейтін CIRAF бағдарламасын іске асыру жалғасуда.

Толымды ақпарат 88 бетте берілген

Кингамьямбо қалдық қоймасынан және Мусонои өзені ауданынан қайта өңделген тастандылар

8 млн тонна

2017 жылдан бастап GSIF қолдауға

\$1 млн жұмсалды

Жоғары сапалы темір кенін өндіру және өңірлік дамуға үлес қосу

ВАМИН темір кені кәсіпорны:

- **Ірі кен орнын игеруді, теміржол мен порт құрылысын көздейтін Бразилиядағы ең ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың бірі**
- **Өңірлік экономиканың интеграциясына ықпал ететін және Бразилиядан экспорттық жеткізілімдер үшін мүмкіндіктерді кеңейтетін жаңа стратегиялық логистикалық дәліз құрады**
- **Ол орташа құрамында қоспасы аз жоғары сапалы кен және салалық көрсеткіштермен салыстырғанда өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде көмірқышқыл газы шығарындыларының салыстырмалы түрде төмен деңгейімен ерекшеленеді**

Жоспарланған өндіріс көлемі
26 млн тонна

FIOL жұмыспен қамтуға тікелей, тікелей емес және жанама үлесі¹

55 мың жұмыс орны

Баия штатында жоспарланған жуықтама инвестиция көлемі

\$4 000 млн

¹ Бразилияның Инфрақұрылым министрлігінің бағалауы негізінде.

1 ПЕДРА-ДЕ-ФЕРРО КЕН ОРНЫ

Толығымен ERG-ге тиесілі лицензияланған темір кені кен орнын ашық игерудің алғашқы жылының қорытындысы бойынша 2021 жылы темір кенін өндіру 1 млн тоннаға жетті. Кен ішкі және халықаралық нарықтарда сатып алушыларға жеткізіледі. Кен орнының қалдық қоймасында қалдықтарды құрғақ қоймалау технологиясы пайдаланылатын болады.

Мәртебе: Өндірісті жылына 26 млн тоннаға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз. Кен орнын игеру мерзімі - геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстарын жүргізу шамасына қарай кемінде 20 жылға ұзарту мүмкіндігімен 20 жыл.

2 FIOL ТЕМІР ЖОЛЫ

2021 жылы кен орны мен портты байланыстыратын FIOL темір жолының алғашқы 537 шақырымдық учаскесін салу және пайдалану аукционын ERG жеңіп алды.


Бұл темір кенін автомобиль көлігімен тасымалдаудан бас тартуға мүмкіндік береді және кәсіпорынның көміртегі ізін одан әрі қысқартуды қамтамасыз етеді. FIOL темір жолының өткізу қабілеті – жылына 60 млн тонна жүк. FIOL темір жолы 19 муниципалитеттің аумағы арқылы өтетіндіктен, бұл темір жол қуатының негізгі бөлігін 19 муниципалитеттің логистикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдалануға мүмкіндік беріп, экономикалық дамуға ықпал етеді.

Мәртебе: Темір жол учаскесінің құрылысы 70%-дан астам аяқталды. Құрылысы 2026 жылы аяқтау жоспарланған.

3 ПОРТУ-СУЛ ПОРТЫ

Көпфункционалды терең теңіз порты жаңа FIOL темір жолына бірыңғай импорт/экспорт бекеті ретінде пайдаланылады. Ол 220 мың тоннаға дейінгі су өткізгіштігі бар кемелерге қызмет көрсете алады және темір кенінен басқа өнімдерді (мысалы, астық, тыңайтқыштар және пайдалы қазбалар) импорттық және экспорттық жеткізілімдерге мүмкіндік беретін өткізу қабілеттілігінің едәуір резервіне ие болады.

Мәртебе: Порттың құрылысы жүріп жатыр; ол 2026 жылға қарай FIOL темір жолы арқылы жүк тасымалы басталған кезде іске қосылады деп күтілуде.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР

Біз жергілікті бизнесті қолдау, кәсіптік оқыту және қоршаған ортаны қалпына келтіру сияқты жұмыс бағыттарына ерекше назар аударамыз (57 бет). Бұл біздің кен орны мен портқа жақын жерде тұратын көптеген жергілікті қоғамдастықтардың табысы мен жұмыс қабілетінің төмендеуіне байланысты.

2021 жылғы әлеуметтік инвестициялар

\$750 мың

Іске асырылған және ағымдағы бағдарламалар саны

76

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

ВАМИН кәсіпорны өзінің интеграцияланған тәсілінің орнықты дамуға халықаралық озық тәжірибелерге сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Ол ВАМИН-нің ESG Бағдарламасында қамтылған талаптарды қоса алғанда Халықаралық қаржы корпорацияларының стандарттарын қамтыған.

БИЗНЕСІМІЗДІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ



Технологиялар, тиімділік және цифрландыру

Стратегиялық мәнмәтін

Барлық бағыттағы тиімділік: 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басымдықтарының бірі – Топ және өңірлер деңгейінде тиімділікті арттыру. Атап айтқанда, бұл қиындықтарды шешу және өнімділікті арттыру арқылы нақты шығындарды азайтуды қарастырады.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ 115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН



Біз ресурстарымызды жауапкершілікпен басқарып, нәтижелерге қол жеткізе отырып, жаңа технологияларды енгізуге және өз қызметіміздің тиімділігін арттыруға ұмтыламыз.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Операциялық тиімділік

Қазақстандағы операциялық тиімділік бөлімшесі тиімділік пен өнімділіктің шағын, бірақ тұрақты жақсартуын қамтамасыз ететін жүйелі тәсілді енгізуді жалғастыруда. Бұл ретте, үнемді өндіріс қағидаттарын енгізуге және өндірістік тәжірибені жетілдіру мақсатында барлық деңгейдегі қызметкерлердің бірлескен жұмысына басты назар аударылады. Бұл қызметкерлер ұсынған жақсарту ұсыныстарын іске асыруды қамтиды.

Жақсарту ұсыныстарын анықтау үшін әртүрлі құралдар қолданылады, соның ішінде:

- **Идеялар фабрикасы:** осы бастама аясында қызметкерлердің 31 900-ден астам идеялары ұсынылды, олардың 17 174-і іске асыруға қабылданды. Бұл шығындарды 25 млн АҚШ долларына қысқартуға мүмкіндік береді деп күтілуде (2020 жыл: 16 000 астам идея ұсынылды, 10 969 идея қабылданды, күтілетін шығындардың қысқаруы 9 млн АҚШ долларына бағаланады).
- **Инноваторлар форумы:** онлайн форматта өткен жыл сайынғы инноваторлар форумына ERG-дің 180-ге жуық қызметкері қатысып, 74 жобаны ұсынды (2020 жылы: ERG-дің 200-ден астам қызметкері). Бұл іс-шара инновациялы бастамаларды әзірлеуге және оларды іске асыруға арналған.

- **Инновациялар потралы (Erg-innovation.kz):** көпшілікке қолжетімді инновациялар порталында ERG өзінің өндірістік қызметінде ұшырасатын негізгі сын-қатерлер ұсынылған. Барлық ниет білдірушілерге осы проблемаларды шешу идеяларын, олардың ерте даму сатысында немесе іске асыруға дайын екендігіне қарамастан, ұсынуға мүмкіндік беріледі. Ұсынылған идеялар даму мүмкіндіктері және, сайып келгенде, коммерциялық іске асыру тұрғысынан бағаланады. 2021 жылдың соңында 160-тан астам жаңа ұсыныс қабылданды (2020: 100-ден астам).

Бұл ретте біздің неғұрлым ауқымды міндетіміз – инновациялар, сындарлы өзара әрекеттесу және үздіксіз жақсартулар мәдениетін қалыптастыру. Бұл ұзақ мерзімді перспективада біздің бизнесіміздің барлық бағыттарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ (ТҚКЖЖ) ПРОЦЕСТЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Техникалық даму және инжиниринг жобалары

Жаңа материалдар мен қосалқы бөлшектерді қолдану және жөндеудің жаңа әдістері мен технологияларын енгізу қамында техникалық даму мен инжинирингтің 65 жобасын іске асыру.

Аталған бастама аясында жалпы саны 250 жоба қарастырылған. Оларды жүзеге асыру 2022 жылы да, одан кейін де жалғаса береді.

Жөндеу шығындарын жоспарлау тиімділігін арттыру

Әртүрлі функционалды бөлімшелердің жұмысын үйлестіруге ерекше назар аударып, жөндеу шығындарын ұзақ мерзімді жоспарлауды жеңілдететін механизмді енгізу. 2021 жылғы жұмыстың негізгі бағыттары:

- Қорлар бюджетінің сапасын бақылаудың тиімділігін арттыру;
- Жөндеуге байланысты әсер ету санаттарын талдау;
- Ішкі қызметтермен (сатып алу, коммерциялық бақылау және активтерді басқару қызметтері сияқты) жұмыс істеуге клиентке бағдарланған тәсілді енгізу, сондай-ақ тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін белгілеу.

Жабдықтың істен шығу жағдайларын тексеру және олардың себептерін талдау

Сенімділікті қамтамасыз ету қызметтері жабдықтың істен шығу себептеріне талдау жүргізеді және тұрып қалу санын қысқарту шараларын әзірлейді.

2021 жылы осы қызметтердің күшімен 755 астам жабдықтың істен шығу жағдайына тексеру жүргізілді және олардың қайталану ықтималдығын азайту үшін 10 мыңға жуық іс-шара іске асырылды.

2021 жылы шығындарды қысқарту

\$14 млн

\$11 млн

\$24 млн

Ұйымдастырушылық тиімділік

Барлық Топ ауқымында ұйымдастыру құрылымдарының тиімділігін және ұйымдастырушылық ашықтықты арттыру жұмысы жалғасуда. 2021 жылы төмендегілер жүзеге асырылды:

- Бөлімшелерде әртүрлі функционалды бөлімшелерді қамтитын жалпы қызмет

көрсету орталықтарының интеграцияланған моделін енгізу;

- Басқарудың артық деңгейлерін жоюды қоса алғанда, ұйымдық құрылымдарды «тегістеу» және оңтайландыру, ең алдымен Қазхром кәсіпорнында;
- Бизнес-процестерді оңтайландыру.

Бұған қоса:

- ERG Capital Projects-тің Топ жобаларын жоспарлауға, іске асыруға және мониторинг жүргізуге қатысуын кеңейту жұмысы жалғасуда (19 бет);
- Қазақстанда Техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚКЖЖ) функциясы аясында бірқатар процестерді оңтайландыру жалғасуда (жоғары қараңыз);
- Топтың әртүрлі бизнес-бөлімшелерінде АТ-қызметтерін біріктіру жүзеге асырылды.

Қазақстандағы ERG Way өндірістік жүйесі

ERG Way өндірістік жүйесі біздің активтеріміз бен қызметкерлеріміздің негізгі бөлігі шоғырланған Қазақстанда неғұрлым тиімді өндірістік мәдениетті қалыптастыруға ықпал етуге арналған. Бұл өнімнің бүкіл өмірлік циклі кезінде, соның ішінде үнемді өндіріс қағидаттарын қолдану арқылы тиімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы жүйені енгізу жұмысын операциялық тиімділік және персоналды басқару құрылымы жүзеге асырады. ERG Way-дің негізгі мақсаттарына мыналар кіреді:

- Жабдықтың өнімділігін арттыру және шығындарды тұрақты түрде төмендету;
- Басқарудың бірыңғай қағидаттарын енгізуге жәрдемдесу және жекелеген қызметкерлер мен тұтастай бөлімшелер арасында тиімді өзара әрекеттесу есебінен өндірістік мәдениетті дамытуға ықпалдасу;

- Өндірістік процесс аясындағы өзгерістерді қызметкерлердің мүмкіндіктерін кеңейту және әртүрлі функционалды бөлімшелер арасындағы ынтымақтастықты жүйелі басқару жолымен қолдау.

2021 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтатылған Қазхром мен ССКӨБ кәсіпорындарында ERG Way енгізу жұмыстары қайта жанданды. Сондай-ақ, аталған жүйені Қазақстан алюминийі, ЕЭК және ERG Service¹ кәсіпорындарында енгізу жұмыстары басталды. Болашақта ERG Way өндірістік жүйесі Топтың Қазақстандағы барлық кәсіпорындарында енгізілетін болады. Осы жұмыс аясында түрлі деңгейдегі басшыларға арнайы оқыту ұйымдастырылды.

1 ERG Service компаниясы Топ кәсіпорындарына жөндеу қызметтерін көрсетеді.

АДАМДАРЫМЫЗ- ДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕПТЕСЕ ОТЫРЫП

2025 жылға дейінгі Стратегиямызға сәйкес біз бірінші кезекте **бақытты және кәсіби ұжым** қалыптастыруға және сақтауға көңіл бөлеміз. Біздің қызметкерлерге деген көзқарасымыз персоналды басқару саласындағы жаңа Стратегияда да көрініс табады, оны әзірлеу 2021 жылы аяқталды. Стратегия мыналарды қамтиды:

- Қызметкерлеріміздің дағдылары мен құзыреттерін дамыту;
- Қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау;
- Қызметкерлердің жеке және кәсіби өсуіне қолдау көрсету;
- Қолайлы жұмыс орындарын және тұру жағдайларын қамтамасыз ету;
- Персоналды басқару жүйелері мен процестерінің тиімділігін арттыру, автоматтандыру және стандарттау.

Топтың жаңа Стратегиясы біздің қызметіміздің барлық аспектілерінде адамдарға басым назар аударуға кепілдік береді. Сонымен қатар, ол икемділікпен ерекшеленетін және жұмыстың инновациялық әдістерін қолданатын персоналды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл біздің бизнесіміздің ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Топтың персоналды басқару саласындағы Стратегиясын әзірлеу аяқталды

Қазақстан кәсіпорындарындағы санитарлық-тұрмыстық және тұрғын үй-жайларды жақсартуға 11 млн АҚШ доллары көлеміндегі инвестициялар

ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнында ISO 45001 стандарты бойынша сертификаттау жүргізуге дайындық жалғасуда

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР



Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі (COVID-19 қоса алғанда)

ТОЛЫҒЫРАҚ 32 БЕТІНДЕ



Еңбек қатынастары

ТОЛЫҒЫРАҚ 40 БЕТІНДЕ



Қызметкерлерді тарту, олардың дамуы және ұстап қалу

ТОЛЫҒЫРАҚ 36 БЕТІНДЕ



АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕПТЕСЕ ОТЫРЫП



Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі (COVID-19 қоса алғанда)

Стратегиялық мәнмәтін

Бақытты және кәсіби ұжым: 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басымдықтарының бірі – қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау. Бұл, атап айтқанда, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, қызметкерлердің денсаулығын нығайтуды және саламатты өмір салтын қолдауды қамтиды.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Біздің Құндылықтарымызға сәйкес, өндіріс қауіпсіздігі – біздің басты міндетіміз. Біздің мақсатымыз – өндірісте залалды мүлдем болдырмау. Тиісінше, біз барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін қауіпсіз, тиімді және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысамыз.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өткен жыл өндіріс қауіпсіздігі тұрғысынан біз үшін өте қиын болды. Өкінішке орай, жеті қызметкер мен үш мердігер қайтыс болды (2020: үш қызметкер және бір мердігер). Оның ішінде сегіз адам Қазақстандағы Топ кәсіпорындарында, ал екі адам Африкадағы Frontier кәсіпорнында қаза тапты. Осы қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің барлығына шын жүректен көңіл айтамыз. Өлімге әкелетін жазатайым оқиғаларға жол берілмеуі керек

және біз залалды мүлдем болдырмау үшін жұмысты жалғастырамыз.

Өліммен аяқталған әрбір жағдай бойынша себептерді анықтау, тиісті алдын алу шараларын әзірлеу және қайталану жағдайларының қауіпін азайту мақсатында мұқият тергеу жүргізілді.

Қазақстандағы кәсіпорындарда адам өлімімен аяқталған жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру қорытындылары бойынша (оқиғалар салдарынан жеті қызметкер және бір мердігер қаза тапты) мынадай шаралар қабылданды:

- Жарылғыш заттардың берілуі мен қолданылуын қатаң бақылауды қоса алғанда, бұрғылау-жару жұмыстарын бақылауды күшейту, сондай-ақ қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылауды күшейту және қолданылатын

бейнетіркегіштер мен GPS-мониторинг жүйелерінің санын көбейту;

- Қосымша екі жақты радиобайланыс жүйелерін қолдану және жаңа дабыл жүйелерін орнату;
- Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасының неғұрлым тиімді қағидалары мен регламенттерін енгізу;
- Қауіпсіздік техникасының жаңа ережелері мен регламенттерін әзірлеуді, қосымша қорғау құралдарын орнатуды және қызметкерлерге тиісті нұсқама жүргізуді қоса алғанда, электр берудің әуе желілеріне қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларының тиімділігін арттыру;
- Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша есептілікті бақылауды және тиісті түзету іс-шараларын орындауды күшейту.

Африкадағы Frontier кәсіпорнындағы жазатайым оқиға салдарынан екі мердігер қаза тапты. Аталған оқиғаны тергеу қорытындысы бойынша келесі шаралар қабылданды:

- Судың жанында жұмыс істейтін барлық қызметкерлер мен мердігерлер үшін судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша жетілдірілген процедураларды енгізу;
- Қызметкерлердің жекелеген топтары үшін суға батып бара жатқандарды құтқару техникасы бойынша мамандандырылған нұсқамаларды ұйымдастыру.

Аталған нысаналы іс-шараларға қосымша біздің барлық кәсіпорындарымызда қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз

ету шараларының тиімділігін арттыру (34 бет), сондай-ақ біздің мердігерлерімізде өндіріс қауіпсіздігі стандарттарын одан әрі арттыру жұмысы жалғастырылды (34 бет).

Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған өндірістік жарақаттардың саны (LTI) (өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды қоса алғанда) 108-ге² дейін өсті (2020 жыл: 70), бұл еңбекке қабілеттілігінен айырылумен болған жарақаттар жиілігінің (LTIFR) 0,93-ке³ дейін (2020 жыл: 0,61) артуына себеп болды.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Қазақстандағы қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

2021 жылы өндіріс қауіпсіздігі саласындағы жаңа Стратегияны (ӨҚ) әзірлеу аяқталып, оны 2022 жылы енгізу жөніндегі егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарын әзірлеу басталды. Сондай-ақ ӨҚ біріктірілген тәуекелге бағдарланған басқару жүйесін қолдану жалғастырылды.

Осы жұмыс аясында Топ кәсіпорындарында өндіріс қауіпсіздігі деңгейін арттыру бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Жұмыс келесі бағыттарда жүргізілді:

ЖЫЛДАР БОЙЫНША ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2021	2020	2019	2018	2017
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар (тек қызметкерлер)	7	3	10	1	3
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар (тек мердігерлер)	3	1	1	4	3
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған жарақаттар (тек қызметкерлер)	101	67	85	70	83
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған жарақаттар (тек мердігерлер)	17	13	17	13	10
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған жарақаттардың жиілігі (тек қызметкерлер)	0,93	0,61	0,83	0,58	0,69

ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Қазақстан	Африка	Бразилия
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар (тек қызметкерлер)	7	0	0
Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар (тек мердігерлер)	1	2	0
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған жарақаттар (тек қызметкерлер)	99	2	0
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған жарақаттар (тек мердігерлер)	17	0	0
Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылумен болған жарақаттардың жиілігі (тек қызметкерлер)	1,01	0,19	0

COVID-19 пандемиясына қатысты іс-шаралар



Өкінішке орай, 2021 жылы біздің 30 қызметкеріміз коронавирус инфекциясынан немесе пневмониядан туындаған асқинулардан қайтыс болды.

Жыл бойы біз пандемияға қарсы кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастырдық. Жыл соңына қарай Қазақстандағы Топ қызметкерлерінің көпшілігі мемлекеттік бағдарламалар

аясында вакцинациядан өтті. Олардың көпшілігі ревакцинациядан өтті. Біз қызметкерлерімізге вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Бразилияда мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қолдау көрсеттік.

Бұдан бөлек, Топ нысандары орналасқан елдердегі кәсіпорындар мен кеңселерде алдын алу шараларын іске асыру жалғастырылды, оның ішінде:

- Өткізу бекеттерінде, автобустар мен Топ кеңселерінде түйіспесіз термометрлерді қолдану;
- Өндірістік объектілер мен көлік құралдарын үнемі дезинфекциялау, сондай-ақ адамдар көп жиналатын жерлерде ауа рециркуляторларын орнату;
- Қолды тазартуға арналған жеке қорғаныс құралдары мен санитаризерлер беру;
- Жұмыс орындарында әлеуметтік қашықтық ережелерін енгізу және қашықтықтан жұмыс істеуге көшу немесе мүмкіндігінше күндізгі және қашықтықтан жұмыс істеу форматын қолдану;
- Қызметкерлер мен мердігерлер арасында ақпараттық жұмыс жүргізу.

Сонымен қатар, Қазақстанда біздің қызметкерлерге медициналық қолдау көрсету үшін COVID-19 пандемиясынан кейінгі оңалту бағдарламасы ұйымдастырылды. Metalkol RTR және Frontier қызметкерлеріне кәсіпорындар жанындағы емханаларда медициналық көмек көрсетілді.

2 Тек қызметкерлер
3 Тек қызметкерлер. Өліммен аяқталған жағдайларды қоса алғанда

1 «3-Энергоорталық» АҚ-нан басқа кәсіпорындар

АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕПТЕСЕ ОТЫРЫП ЖАЛҒАСЫ

- **Өлім тәуекелдерін бақылау:** өлім тәуекелдерін бақылауды басқару тиімділігін арттырудың көпжылдық бағдарламасын іске асыру мынадай бағыттар бойынша жалғастырылды:
 - **Биіктіктегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы:** бірқатар кәсіпорындарда биіктіктегі жұмыстарды жүргізу орындары анкерлік жүйелермен жабдықталған. 7 мыңға жуық қызметкер қашықтықтан оқыту форматындағы курстардан өтті (олардың жартысына жуығы кәсіпорындардың оқу-жаттығу полигондарында тәжірибеден өтті). ССКӨБ кәсіпорнында оқу-жаттығу полигоны орнатылған. Қауіпсіздік техникасы бойынша ішкі тренерлерді даярлау жүргізілді;
 - **Көлік қауіпсіздігі:** бірқатар кәсіпорындарда жетілдірілген спутниктік бақылау, талдау және көлікті басқару жүйесін енгізу жұмыстары жалғастырылды;
 - **ӨҚ саласындағы нысаналы көрсеткіштер:** еңбекке қабілеттілігінен айырылумен болған жарақаттану коэффициентін жыл сайын 2030 жылға дейін 15%-ға төмендетуді көздейтін ТНК енгізу (2021 жылғы базалық деңгейден);
 - **Процестерді автоматтандыру:** деректерді басқару процестерін цифрландыру және есептілікті дайындау бойынша одан әрі жұмыс жүргізу. Атап айтқанда, оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруді және түзету шараларын ұйымдастырудың, сондай-ақ ӨҚ саласындағы тәуекелдерді бағалау мен аудиттің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ӨҚ басқару жөніндегі цифрлық платформаны құрудың бірінші кезеңі аяқталды;
 - **Тәуекелді бағалау:** қауіптерді анықтау әдістемесіне (HAZID) сәйкес жыл сайынғы тәуекелді бағалауды жүргізу, сондай-ақ тиісті жылдық іс-шаралар жоспарын өзектендіру;
 - **Еңбек қауіпсіздігінің стандарттары:** ӨҚ тәуекелдерін басқару және оқиғаларды тергеп-тексеру стандарттарын қайта қарау мен жетілдіру;
 - **Өндіріс қауіпсіздігі мәдениеті:** «Кәсіби мамандар лигасы» (37 бет) аясында қауіпсіздік мәселелері бойынша диалогты қамтамасыз ету, сондай-ақ ERG Way (27 бет) өндірістік жүйесі аясында өндірістік персонал үшін ӨҚ саласында оқытуды жүргізу және қауіпсіздік деңгейін бағалау мақсатында өңірлік басшылардың өндірістік алаңдарға апта сайын баруын қамтамасыз ету;
- Африкадағы қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**
Африкада денсаулықты, өндіріс қауіпсіздігі мен орнықты дамуды басқарудың

интеграцияланған SHS жүйесі жалғасуда. Жүйені біздің кәсіпорындардың операциялық қызметіне енгізу IsoMetrix бағдарламалық жасақтамасын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2021 жылы өндіріс қауіпсіздігі саласындағы негізгі бастамалар мыналарды қамтыды:

- **Басқару жүйелері:** Metalkol RTR кәсіпорнында ӨБ басқару жүйесін ISO 45001 стандартына сәйкестікке сертификаттау бойынша жұмысты жалғастыру, оның ішінде болашақта ISO 45001 стандартына сәйкестікке сыртқы аудит жүргізуге дайындық аясында өнеркәсіптік гигиенаның ішкі аудитін жүргізу (35 беттегі «Болашақтағы жоспарларымыз» бөлімін қараңыз);
- **Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (ТНК):** Metalkol RTR барлық қызметкерлері үшін сыйақы жүйесіне жаңа ТНК қосу: еңбекке қабілеттілігінен айырылумен болатын жарақатсыз жұмыс істеген сағат саны¹;
- **Өндіріс қауіпсіздігі мәдениеті:** кәсіпорын басшыларының өндірістік алаңдардың тұрақты кросс-функционалдық инспекцияларын қоса алғанда, Metalkol RTR және Frontier кәсіпорындарында Visible Felt Leadership бағдарламасын іске асыру жұмысын жалғастыру;
- **Өндіріс қауіпсіздігінің аудиттері:** ӨТ және орнықты дамуды басқару жүйесін жақсарту, сондай-ақ өліммен аяқталатын жағдайларды болдырмау жөніндегі процедураларды жақсарту мақсатында Африкадағы барлық кәсіпорындарда жартыжылдық аудиттер өткізу.

Бразилиядағы қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорны ISO 45001 стандартының талаптарын ескере отырып жасалған қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесін құруды жалғастырды.

Сонымен қатар, өліммен аяқталған жағдайлардың тәуекелін бақылау бағдарламасын жүзеге асыру басталды және қызметкерлер мен мердігерлер үшін көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы енгізілді. Бұдан бөлек, кәсіпорынды дамыту бойынша жалғасып жатқан жұмыс шеңберінде ТЖ дамыту сценарийлері өзектендірілді, олардың негізінде тиісті шаралар жоспарлары әзірленді және персоналға арналған оқу-жаттығулар өткізілді.

Мердігер ұйымдармен жұмыс

Өкінішке орай, 2021 жылы Қазақстандағы ССКӨБ кәсіпорнында мердігер ұйым қызметкерінің өлімімен аяқталған жазатайым оқиға орын алды. КДР-дағы Frontier кәсіпорнында болған жазатайым

оқиға салдарынан тағы екі мердігер қаза тапты.

Осы жазатайым оқиғаларға байланысты бірқатар алдын алу шаралары қабылданды (32 бетті қараңыз). Оған қосымша мердігер ұйымдармен жұмыстың жалпы тиімділігін арттыруға бағытталған қадамдар жасалды.

Қазақстанда мынадай негізгі шаралар қабылданды:

- Қауіпсіздік техникасы бойынша қосымша мамандарды тартуды қоса алғанда, күрделі жобалар аясында жұмыстарды орындау кезінде мердігерлердің қауіпсіздік қағидаларын сақтауын бақылауды күшейту;
- Жоғары тәуекелмен байланысты жұмыстарды мониторингтеу үшін ERG қауіпсіздік жөніндегі мамандарының объектілерде қатысуын қамтамасыз ету мақсатында мердігерлердің жұмыс кестесін тұрақты, мұқият қадағалау.

Африкада келесі негізгі шаралар қабылданды:

- Шарт жасасу алдында мердігерлер пайдаланатын ӨҚ қамтамасыз ету жүйелеріне тереңдетілген тексеру жүргізу;
- Metalkol RTR кәсіпорнында өліммен аяқталатын жағдайларды болдырмау жөніндегі процедураларды мердігерлер үшін қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулыққа қосу, сондай-ақ ӨҚ мәніне мердігерлер аудитін жүргізу жиілігін көбейту және қамтылымды кеңейту;
- Frontier кәсіпорнындағы өндіріс қауіпсіздігі мәселелері бойынша мердігерлермен тұрақты диалог жүргізу.

BAMIN компаниясы мердігерлер үшін COVID-19 таралуын болдырмауға арналған жаңа процедураларды енгізді. Мердігерлерге ӨҚ мәселелері бойынша кешенді нұсқама жүргізу және Топтық өндіріс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясаты және процедураларына оқыту жалғасуда.

Денсаулықты қорғау

Қазақстан
Проактивті басқару болмаған жағдайда кейбір жұмыс түрлері қызметкерлеріміздің денсаулығына жасырын қауіп төндіруі мүмкін (бұған шаң, шу, дiрiл және жылу бөлшектерінің ықтимал әсері жатады). Осыған байланысты біздің барлық қызметкерлеріміз үшін кәсіптік аурулардың алдын алу және қызметкерлерді сауықтырудың кешенді бағдарламалары іске асырылады.

Қазақстанда олар мыналарды қамтиды:

- Жыл сайынғы міндетті медициналық тексерулер;
- Қызметкерлердің жекелеген топтары үшін ауысым алдындағы медициналық тексерулер;



- Жұмыс орындарындағы денсаулыққа қауіпті бағалау;
- Тиісті медициналық көмекті қамтамасыз ету.

Қызметкерлеріміздің денсаулығын қорғауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған COVID-19 пандемиясына қарсы әрекет ету шаралары туралы ақпарат 33 бетте ұсынылған.

Африка мен Бразилия
Metalkol RTR және Frontier кәсіпорындарында тәуекелдерді бақылау және талдау бағдарламаларын, сондай-ақ қызметкерлерге нұсқама беруді қоса алғанда, өнеркәсіптік гигиена бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. Шаң, шу және дiрiлдiң әсерi, сондай-ақ өндірістік процестерде қышқылды қолдану сияқты тақырыптарға ерекше назар аударылады.

Осы бағдарлама аясында Metalkol RTR кәсіпорнында жүргізілген шаңның әсерін талдау нәтижесінде Кингамьямбо қалдық қоймасында жылдың құрғақ уақытында кремний мөлшері әлі де ішкі нормалардан асатыны анықталды. Жауап ретінде біз осы объектіде атмосфералық ауадағы шаңның құрамына мониторинг жүргізуді, сондай-ақ шаңды басу мақсатында ыңғалдандыруды жалғастырдық. Сонымен қатар,

Жеке денсаулық

Біз қызметкерлеріміздің денсаулық жағдайына әсер етуі мүмкін кәсіби емес ауруларды анықтауға тырысамыз. Ол үшін Топ қызметкерлерінің жеке денсаулығын сақтауға бағытталған бірқатар бастамалар жүзеге асырылады. Толық ақпарат Қосымшадағы 103 бетте көрсетілген.

қызметкерлерді жақсартылған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, жартыжылдық медициналық тексерулер жүргізу жұмыстары жалғастырылды.

Бразилияда BAMIN кәсіпорнында медициналық пункт үшін медициналық персоналды ұсыну туралы тәуелсіз мамандандырылған ұйыммен шарт жасалды. Медициналық пункттің құрамына дәрігер, медбике, көмекші персонал және жедел жәрдем автокөліктерінің жүргізушілері кіреді. Біз, сондай-ақ барлық қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексерулерін өткіземіз.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ

Қазақстанда қауіпсіздік деңгейін арттыру және қызметкерлеріміздің денсаулығы үшін тәуекелдерді азайтудың бірқатар шараларын іске асыру жоспарлануда. Жұмыс келесі салаларда жүргізілетін болады:

- **Стратегия:** ӨҚ саласында жаңа стратегияны енгізу, оның басым міндеті болып табылатын барлық деңгейлердегі қауіпсіздік мәдениеті мен көшбасшылық әлеуетті дамыту жұмысын жалғастыру;
- **Биіктіктегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы:** бағдарлама мақсаты - 2022 жылдың соңына қарай биіктікте жұмыс істейтін 14 мың қызметкер үшін оқыту жүргізу, сондай-ақ биіктікте жұмыс жүргізетін тұрақты орындарды қосымша анкерлік жүйелермен жарақтандыру болып табылатын бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру;
- **Көлік қауіпсіздігі:** өңірде спутниктік бақылау, талдау және көлікті басқару жүйесін енгізуді жалғастыру, сондай-ақ ауыр жүк техникасы жүргізушілерінің қажуын бақылау жүйелерін, жетілдірілген бейнемониторинг жүйелерін және ауыр жүк техникасы үшін автоматты өрт сөндіру жүйелерін енгізу;

- **Жабдықтың қауіпсіздігін арттыру:** өңірдегі барлық кәсіпорындарда қауіпсіздік аудитін жүргізу, оның нәтижелері бұдан әрі жабдықты бұғаттау және таңбалау жүйелерін (LOTO) енгізу кезінде ескерілетін болады. Осы жүйелерді пайдалану техникалық қызмет көрсетуді немесе жөндеуді жүргізу алдында қауіпті жабдықты сенімді оқшаулауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- **Жеке денсаулық және амандық:** денсаулық мәселелері бойынша топтық онлайн-семинарларды, сондай-ақ дәрігер-психологтармен бетпе-бет консультацияларды қоса алғанда, біздің медициналық орталықтың базасында қызметкерлерге ұсынылатын психологиялық қолдау көлемін кеңейту. Сондай-ақ, психологиялық проблемалармен байланысты нанымдарды еңсеру бойынша ақпараттық жұмысқа назар аударылатын болады.

Африкада ӨҚ саласындағы нәтижелілікті жақсарту үшін мынадай іс-шаралар жоспарланады:

- **ӨҚ басқару жүйесі:** сертификаттауға жалғасып жатқан дайындық аясында ISO 45001 стандарты бойынша Metalkol RTR кәсіпорнында ӨҚ және орнықты дамуды басқару жүйесіне сыртқы аудит жүргізу;
- **Visible Felt Leadership (VFL) бағдарламасы:** қауіпсіздік мәдениетін енгізу мақсатында Африкадағы кәсіпорындарда VFL бағдарламасын қамтуды кеңейту;
- **Мердігерлердің қауіпсіздік талаптарын сақтауы:** сатып алу процедураларына ӨҚ және орнықты даму бөлігінде неғұрлым қатаң талаптарды енгізу арқылы Metalkol RTR және Frontier кәсіпорындарында мердігерлердің ӨҚ стандарттарын сақтауын бақылауды күшейту.

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорны қауіпсіздік және еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ішкі аудиттерін және тиісті процедураларды өткізуді жоспарлап отыр.

1 Африкадағы біздің кәсіпорындарымызда өндіріс қауіпсіздігі саласында қабылданған ТНК-ға қосымша

АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕПТЕСЕ ОТЫРЫП



Персоналды тарту, дамыту және ұстап қалу

Стратегиялық мәнмәтін

Бақытты және кәсіби ұжым: 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басымдықтарының бірі – қызметкерлеріміздің құзыретін дамыту. Бұл саладағы жұмыс қызметкерлердің стратегиялық дағдылары мен біліктілігін арттыруды, корпоративтік мәдениетті дамытуды, сондай-ақ кадрлық резервті қалыптастыруды және көшбасшылық әлеуетті дамытуды қамтиды. Біз, сондай-ақ кеңейтілген әлеуметтік жеңілдіктер беру және ERG-дің жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттыру бағытында жұмыс істеп жатырмыз.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Біздің талантты қызметкерлерге басшылық етуге деген көзқарасымыз икемділігімен ерекшеленетін және біздің бизнесіміздің ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жұмыстың инновациялық әдістерін пайдаланатын қызметкерлерді тартуға, дамытуға және ұстап қалуға бағытталған. Бұл әлемдік еңбек нарығындағы жағдайдың тез өзгеруі тұсында маңызды бола түсуде.

Біздің Құндылықтарымыз бен персоналды басқару саласындағы жаңа стратегиямызға сәйкес біз қызметкерлеріміздің стратегиялық дағдылары мен құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ кадрлық резервті қалыптастыруға және көшбасшылық әлеуетті дамытуға ерекше мән береміз.

Сонымен қатар, біз ERG-дің жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттырып, жұмыс нәтижелеріне байланысты бәсекеге

қабілетті еңбекақы төлеу мен қызметкерлерге берілетін әлеуметтік жеңілдіктерді кеңейту шараларын байланыстыра отырып, жұмыс істейміз.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Дағдыларды дамыту

2021 жылы біз барлық деңгейдегі қызметкерлер арасында жұмыстың инновациялық әдістерін енгізуге ерекше назар аудара отырып, біліктілікті арттыру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастырдық.

Бұл қызмет бүкіл оқу қызметін орталықтандыруға, Топ іске асыратын оқыту бағдарламаларын стандарттауға және дағдыларды дамытуға бағытталған ERG цифрлық университетін құру жұмысын

жалғастыруды қамтиды. Атап айтқанда, Қазақстанда кәсіпорын қызметкерлері үшін 450-ге жуық қашықтықтан және күндізгі оқыту курстары, соның ішінде басқару дағдылары мен эмоциялық зиятты дамытуға арналған модульдер, сондай-ақ жобаларды басқару модульдері енгізілді.

ERG академиясы базасында қызметкерлердің стратегиялық дағдыларын дамыту саласындағы бастамаларды іске асыру жалғастырылды. Топтың корпоративтік мәдениетін трансформациялауға, ERG Way өндірістік жүйесін енгізуге (27 қараңыз) және 2025 жылға дейінгі Стратегиямызды іске асыруға (8 бет) ерекше назар аударылды. Бұған қоса, Қазақстандағы 91 басшы осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарға одан әрі көмек көрсету мақсатында мәдени трансформация саласында оқудан өтті.

Бұдан бөлек, жоғары әлеуеті бар қызметкерлердің жедел дамуын қолдау және сабақтастықты жоспарлау мақсатында стратегиялық «таланттар пулы» құрылды. Бағдарлама Топ деңгейіндегі жоғары буын басшыларын, функциялар мен кәсіпорын көшбасшыларын, сондай-ақ перспективалы жас мамандарды қоса алғанда, қызметкерлердің барлық санаттарын қамтиды. Өткен жылы осы саладағы негізгі іс-шаралар мынадай бағдарламалардың енгізілуін қамтиды:

- Цех басшыларына арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы: 76 маман Ресей Ұлттық зерттеу технологиялық университетінің (МБЖҚИ) базасында



басқару дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерді дамыту модульдері бойынша оқытудан өтті;

- Перспективалы жас мамандарға арналған көшбасшылық дағдыларды дамыту бағдарламасы («LIFT» жобасы), оның аясында 131 қызметкер Қазақстандағы Халық шаруашылығы университетінің базасында көшбасшылық дағдыларды дамыту модульдері бойынша оқытудан өтті.

Біз қызметкерлердің құзыретін жыл сайынғы бағалау бағдарламасы аясында таланттар пулына қосу үшін үміткерлерді үнемі іздейміз (102 бетті қараңыз).

Бұдан бөлек, біз Қазақстандағы ERG кәсіпорындары мен корпоративтік кеңселерде корпоративтік мәдениетті трансформациялау жөніндегі нысаналы жұмысты, сондай-ақ біздің 2025 жылға дейінгі Стратегиямызды іске асыруды жалғастырамыз. Атап айтқанда, ERG Құндылықтары болып табылатын Тиімділік, Қауіпсіздік, Жауапкершілік, Даму мен Бірлікке негізделген мәдениетті қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді (102 бет). 2021 жылы бұл бағыттағы жұмыс Топ орналасқан өңірлерде корпоративтік мәдениетті ауқымды талдауды, сондай-ақ ERG Way (27 бет) өндірістік жүйесін енгізуге көмек көрсету мақсатында қызметкерге оқыту жүргізуді қамтиды.

Қызметкерлердің құзыретін бағалау

2021 жылы қызметкерлердің құзыретін бағалаудың құрылымдалған бағдарламасын қамту үлесі кеңейтілді, бағдарлама аясында Қазақстанда 3,5 мыңнан астам қызметкер бағалаудан өтті.

Бұдан бөлек, бағалау процестерін автоматтандыру және мақсаттарды анықтау үшін персоналды басқару мақсатында осы бағдарламаны жаңа цифрлық платформаға көшіру жұмысы жалғастырылды. 2021 жылы Топтың корпоративтік кеңселерінде жаңа жүйе енгізілді.

Бұған қоса, ұйымдық құрылым мен корпоративтік мәдениетті ауқымды талдау

барысында Топ деңгейінде қызметкерлер құзыреттілігінің жаңа модельдерін әзірлеу басталды (27 бет).

Ынталандыру және сыйақы

2021 жылы Топ деңгейінде белгіленген стратегиялық мақсаттардың каскадталуын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді ынталандыру жүйесін кеңейту жұмысы жалғастырылды. Бұл қызмет тиімділікті бағалауды жүргізуді және Қазақстанда, Африка мен корпоративтік кеңселеріміздегі жалпы саны 13 мыңға жуық өндірістік және әкімшілік персонал үшін жұмыс нәтижелерін ескере отырып, сыйақы беру жүйесін енгізуді қамтыды.

Сонымен қатар, ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнында өндірістік емес персонал үшін жұмыс нәтижелерін ескере отырып, қызметкерлердің тиімділігін бағалауды жүргізуді және сыйақы беру жүйесін енгізуді қоса алғанда, Топтың Қазақстаннан тыс қалған бөлімшелерінде ынталандыру жүйесін енгізу жұмысы басталды.

Қазақстандағы персоналды басқару

Талантты қызметкерлерді тарту және дамыту

Қазақстанда ERG-дің қазіргі және болашақ персоналды дамытуға жан-жақты тәсілдерді енгізу жалғастырылды. Осы саладағы негізгі бастамалар төменде сипатталған.

Мектептер, колледждер және жоғары оқу орындары:

- Біздің «ERG-де ашық есік күні» бағдарламасы аясында оқушыларға 38 таныстыру экскурсиясын және студенттерге 30-дан астам кәсіптік бағдарлау экскурсиясын өткізу;
- Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі мектептерде 2 240-дан астам оқушыға кәсіптік бағдарлау іс-шараларын өткізу;
- ERG кәсіпорындарында 2 000 студентке өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, оның қорытындысы бойынша 271 түлек жұмысқа қабылданды.

Жас мамандар:

- Жас мамандардың қарым-қатынасы мен кәсіби дамуы үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін Жастар кеңесінің жұмысын жалғастыру;
- 100-ден астам жас маманның кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында ғылыми-техникалық онлайн-конференция өткізу.

Тәжірибелі мамандар:

- Өндірістік мамандардың кәсіби дамуына көмектесетін «Кәсіби мамандар лигасы» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру. 2021 жылы мамандандырылған даярлаудың онлайн-бағдарламасынан 380-нен астам қызметкер өтті;
- Тәлімгерлік пен жеке оқыту әдістерін пайдалана отырып, білім беруді ынталандырудың жыл сайынғы «ұрпақтар көпірі» іс-шарасын өткізу. Іс-шара аясында 500 тәжірибелі маман тәлімгерлік және ілеспе дағдыларды дамыту саласында дайындықтан өтті;
- ERG Академиясы базасында іске асырылып жатқан біздің бағдарламамыз аясында 2,5 мыңнан астам өндірістік мамандар үшін ERG Way өндірістік жүйесі бойынша оқытуды ұйымдастыру (36 бет).

Жалақыны көтеру

2021 жылы Қазақстандағы қызметкерлеріміздің жалақы деңгейіне егжей-тегжейлі салыстырмалы талдау жүргізу жалғастырылды. Талдау нәтижелері бойынша ERG-дің жұмыс беруші ретіндегі тартымдылығын арттыру жұмысы аясында шамамен 60 мыңнан астам қызметкердің (2021 жылғы шілде мен 2022 жылғы қаңтар аралығында) жалақысы екі рет сараланған түрде өсірілді.

Африка мен Бразилиядағы персоналды басқару

Африкада персоналды басқару жүйелері мен процестерін стандарттау және жетілдіру,

Топ аясында персоналды басқарудың бірыңғай тәсілін енгізу

Персоналды басқару саласындағы біздің жаңа Стратегиямыз персоналды басқару жүйелері мен процестерінің тиімділігін тұрақты арттыруға, автоматтандыруға және стандарттауға бағытталған. Бұл Топтың барлық кәсіпорындары мен корпоративтік кеңселерінде бірыңғай стандарттардың қолданылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Топтың стратегиялық мақсаттарының іске асырылуына ықпал етеді.

Төменде осы мәселені шешуге бағытталған негізгі бастамалар қарастырылған.

Қазақстандағы «Жаңа кәсіптер атласы»



Проблема

Әлемдік еңбек нарығы қарқынды өзгеруде. Бұл процесс цифрландыруға, автоматтандыруға, демографиялық өзгерістерге және әлеуметтік көзқарастардың эволюциясына байланысты (әсіресе жастар арасында).

Осыған байланысты үкіметтер, кәсіпорындар, білім беру мекемелері және жұмысқа орналасатын жастар үшін кәсіби дағдылардың болашақтағы тапшылығын болжау және жою барынша өзекті (әрі күрделі) міндетке айналууда.

Шаралар

ERG Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2019 жылы іске қосылған стратегиялық жоспарлаудың маңызды құралы – «Жаңа кәсіптер атласын» әзірлеуге көмек көрсетті. Атлас алдағы 10-15 жылға¹ арналған ең маңызды және сұранысқа ие кәсіптердің перспективалық болжамын қамтиды. 2021 жылы BTS Education (ERG еншілес компаниясы) қолдауымен Атласты енгізу аясында бірқатар бастамалар жүзеге асырылды. Олар мыналарды қамтиды:

- Павлодар облысында алғашқы «Өңірлік Атлас» іске қосылды. Жоба облыс әкімдігінің Павлодардағы білім беру жүйесі мен еңбек нарығын трансформациялау бойынша қабылдап жатқан шараларын қолдауға бағытталған;
- 30 мыңнан астам мектеп түлегі үшін кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау бойынша перспективалық іс-шаралар өткізу;

- Еліміздің 17 колледжі мен 10 жоғары оқу орнында білім беру бағдарламаларын қайта қарау және жетілдіру.

Қазақстан Республикасының Үкіметі атласты Стратегиялық жоспарлау мақсаттары үшін де пайдаланады. Мысалы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі таяу жылдарға арналған Еңбек нарығының болжамды моделін өзектендіру кезінде осы бастаманың нәтижелерін ескереді.

Сондай-ақ, BTS Education Атласты цифрландыруға, соның ішінде мектеп оқушыларына болашақ мамандығын таңдауға септесетін EduNavigator.kz кәсіптік бағдар беру платформасын әзірлеуге қолдау көрсетеді.

Нәтиже

«2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру» үкіметтік бағдарламасы аясында Атласты еңбек нарығын болжау құралы ретінде пайдалану жоспарлануда. Сондай-ақ, Қазақстанның барлық облыстарында Өңірлік атластар әзірлеу жоспарлануда.

Бұл жұмыстың нәтижелері болашақ кәсіби дағдыларға деген қажеттіліктерді ескере отырып, білім беру жүйесі мен ел экономикасының озық бейімделуі бойынша ел үкіметі қабылдаған шараларға Жол картасының негізін құрайды, сондай-ақ оқушылар мен жұмысқа орналасатын жастарға мансап құруда маңызды көмек көрсетеді. ERG, сондай-ақ талантты қызметкерлерді жалдау және басқару саласындағы өз стратегияларын іске асыру барысында Атласты басшылыққа алады (37 бет).

оның ішінде 2022 жылға жоспарланған персоналды басқарудың цифрлық жүйесін дамыту жұмыстары жалғасуда. Сондай-ақ, қызметкерлеріміздің еңбекақысын әділ төлеуді қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындарымыздағы жалақыға ауқымды салыстырмалы талдау жүргізілді.

Metalkol RTR-да кәсіпорынның екінші кезегінің жобалық қуатына шығуына байланысты штаттық персонал саны ұлғайтылды. Нәтижесінде ҚДР азаматтарының ішінен штаттық қызметкерлердің үлесі өсті және мемлекет белгілеген мақсатты деңгейге жақындады. Жергілікті қоғамдастықтар жаңа бос жұмыс орындарының бар екені туралы хабардар етіледі, сондай-ақ қызметкерлерді жалдау кезінде жергілікті қоғамдастықтардан шыққан кандидаттарға басымдық беріледі (бұл мүмкін болған жағдайларда). Бұдан бөлек, жаңа және бұрыннан жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігін құрылымдық түрде бағалау жалғастырылды, қажетті дағдыларды дамыту және сабақтастықты жоспарлау үшін мамандандырылған оқыту ұйымдастырылды және қызметкерлерді ынталандырудың жаңа жүйесі енгізілді (37 бет).

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорында Педра-де-Ферро кен орнындағы өнеркәсіптік өндірістің басталуына және Порту-Сул портының құрылысына байланысты қызметкерлердің саны артты. Тиісінше, кәсіпорында персоналды (кәсіпорын қызметкерлері мен мердігерлерді қоса алғанда) кемінде 60%-ын жергілікті тұрғындар арасынан жалдауды көздейтін лицензиялық келісімдердің талаптарын орындау жұмысы жалғастырылды. Бұдан бөлек, жұмыс тиімділігін кешенді бағалау және қызметкерлердің біліктілігін арттыру, сондай-ақ көшбасшылық әлеуетті үздіксіз дамытуды қамтамасыз ету үшін талантты қызметкерлерді басқарудың жаңа процесі енгізілді.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстанда персоналды оқыту мен біліктілігін арттыруға салынған инвестициялар – шамамен 6 млн АҚШ

Күрделі жобаларды іске асыруды қолдау

2021 жылы біз Қазақстан, Африка және Бразилияда Топтың стратегиялық күрделі жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін 300-ге жуық жоғары білікті техникалық мамандарды жұмысқа қабылдадық. Толық ақпарат 18 беттегі «Активтерді дамыту және қолдау» бөлімінде келтірілген.

доллары² межесінде (2020 жыл: шамамен 4 млн АҚШ доллары). Бұл өсу, ең алдымен, COVID-19 пандемиясына байланысты бұрын кейінге қалдырылған оқу бағдарламаларын іске асыруды қалпына келтіруге байланысты.

Жоғарыда көрсетілгендей, Қазақстанда корпоративтік деңгейде 3,5 мыңнан астам қызметкердің құзыретіне құрылымдық бағалау жүргізілді (2020 жылы: 3,5 мыңнан астам қызметкер), сондай-ақ өндірістік және әкімшілік персонал үшін ынталандыру жүйесін қамту кеңейтілді. Қазіргі уақытта ол Қазақстан мен Африкадағы өндірістік және әкімшілік персоналдың ішінен шамамен 13 мыңнан астам қызметкерін қамтиды.

Африкада қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыруға жұмсалған қаражат – 162 мың АҚШ доллары (2020 жыл: 223 мың АҚШ доллары). Африкадағы біздің қуатты кәсіпорындарымыздағы персоналды дамыту шараларымен қамту көзделген.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ

Біз Топтың барлық кәсіпорындары мен функциялары үшін стратегиялық мақсаттарды каскадтауды қоса алғанда, персоналды басқару саласында жаңа Стратегияны енгізуді жалғастырамыз.

Бұл жұмыс келесі негізгі бастамаларды қамтиды:

- ERG-дің Цифрлық университетін одан әрі дамыту;
- Топ деңгейінде белгіленген стратегиялық мақсаттарды каскадтауды қамтамасыз ету үшін Африка мен Бразилиядағы кәсіпорындарда қызметкерлерді ынталандыру жүйесін енгізу;
- Африка мен Бразилиядағы кәсіпорындарда SAP® персоналды басқарудың цифрлық жүйесін енгізу;
- Қазақстанда қосымша функциялар үшін қызметкерлер құзыреттерінің құрылымдалған модельдерін енгізу;
- 230-дан астам негізгі мамандықтарды қамти отырып, «Таланттар пулы» жүйесін қамтуды кеңейту, сондай-ақ жоғары буын басшылары үшін көшбасшылық дағдыларын дамытудың жаңа бағдарламасын іске қосу.

1 Атластың негізінде халықаралық еңбек ұйымы, Ресейдің Стратегиялық бастамалар агенттігі (СБА) және Сколково Мәскеу бизнес-мектебі әзірлеген құзыреттерге болашақ қажеттіліктерді (Skills Technology Foresight) анықтауға арналған технологиялық форсайт әдістемесі жатыр.

2 Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар аясында міндетті оқытуды және қызметкерлерді дамыту жөніндегі ірі іс-шараларды қоса алғанда

АДАМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕПТЕСЕ ОТЫРЫП



Еңбек қатынастары

Стратегиялық мәнмәтін

Бақытты және кәсіби ұжым: Біздің 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басым бағыттарының бірі – біздің қызметкерлеріміздің құзыретін дамыту және қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасау. Бұл қызметкерлердің денсаулығын нығайтуды және саламатты өмір салтын қолдауды ғана емес, сонымен қатар қолайлы еңбек жағдайларын жасауды да қамтиды.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Біздің Қазақстандағы еңбек қатынастарымызға деген көзқарасымыз қызметкерлеріміз бен жергілікті қоғамдастықтардың өзара тығыз байланысына негізделген. Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға ерекше назар аударамыз (олардың көпшілігі географиялық жағынан алыс және ERG қызметіне жоғары дәрежеде тәуелді). Біз жергілікті тұрғындар арасында (ERG қызметкерлері мен олардың отбасыларын қоса алғанда) сауалнама, сондай-ақ қажеттіліктерді анықтау және қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік-экономикалық жағдайларға салыстырмалы талдау жүргізіп отырамыз.

Біздің еңбек қатынастарымызға деген көзқарасымыздың негізі – қызметкерлердің кәсіподақтарымен конструктивті өзара әрекеттесу. Біз қызметкерлердің кәсіподақтарға кіру және ұжымдық шарттар жасасуға еркін қатысу құқығын құрметтейміз.

Сондай-ақ, біздің көзқарасымыздың негіз қалаушы қағидаты – адамның жалпыға бірдей танылған құқықтары мен еңбек нормаларын мүлтіксіз сақтау. Біз тең мүмкіндіктер қағидатын ұстанамыз және кемсітусіз әділ және инклюзивті еңбек жағдайларын жасаймыз. Бұл қағидалар біздің қызметкерлерге де, жеткізушілер мен мердігерлерге де қатысты.

Топтың адам құқықтарын сақтауына қатысты көзқарасы туралы толық ақпарат 84 бетінде берілген.

1 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ERG-мен жазбаша еңбек шарты бар қызметкерлердің саны. Бұл көрсеткіш мердігерлерді қамтымайды.
2 Өндірістік қызметті жүзеге асыратын біздің кәсіпорындардың көпшілігінде ұжымдық шарттар жасалды.
3 Бұл көрсеткіш Еуропа, Ресей, БАӘ және Қытайдағы кеңсе қызметкерлерін қамтиды. Қазақстанда, Африкада және Бразилияда ERG корпоративтік кеңселері қызметкерлерінің саны тиісті өңір үшін көрсеткіш құрамында ескерілген.

Біздің қызметкерлердің бейіні

2021 жылдың соңында біздің қызметкерлер саны

67 901 адам¹

Топ қызметкерлерінің

89%

кәсіподақ мүшелері²

Қызметкерлеріміздің

90%

Қазақстанда жұмыс істейді

Топ қызметкерлерінің

25%

әйелдер

Өңірлер бойынша қызметкерлер саны

Аймақ	2021	2020
Қазақстан	63 899	62 892
Африка	3 539	3 462
Бразилия	192	86
Корпоративтік кеңселер ³	271	261
Барлығы	67 901	66 701

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Қазақстандағы еңбек қатынастары

Еңбек қатынастарына деген біздің көзқарасымыз еңбектің қолайлы жағдайларын жасауға, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміздің және олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға басым назар аударуды көздейді. Бұл саладағы жұмыстың басым бағыттары:

- Біздің қызметкерлеріміздің еңбек жағдайларын үнемі жақсарту және стандарттау, сондай-ақ оларға берілетін әлеуметтік жеңілдіктер пакетін жақсарту;
- Біздің қызметкерлеріміздің және олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыру.

Біз қызметкерлермен еңбек жағдайларын қоса алғанда, кең ауқымды мәселелер бойынша олардың пікірін тұрақты ескеруді қамтамасыз ететін тікелей диалогты қолдаймыз. 2021 жылы персоналдың тартылуына екі ауқымды зерттеу жүргізілді, оған 25 мыңнан астам қызметкер қатысты.

Қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету

2021 жылы барлық кәсіпорындарымыздың бірыңғай стандартқа сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін еңбек жағдайларын жақсарту жұмысы жалғастырылды. Жұмыс келесі бағыттарда жүргізілді:

- **Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар:** Қазақстан алюминий, ССКӨБ, Шұбаркөл көмір және Қазхром кәсіпорындарында үй-жайларды реновациялау жөніндегі ауқымды жобаларды қоса алғанда, санитарлық-тұрмыстық және тұрғын үй-жайларды жақсартуға шамамен 11 млн



АҚШ доллары мөлшеріндегі инвестициялар;

- **Тамақтандыру:** біздің барлық кәсіпорындарымызда тамақтанудың тұрақты жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін қоғамдық тамақтандыру қызметтерін ұсыну бойынша бірыңғай қызмет құру, сондай-ақ 12 қоғамдық тамақтану объектілерін реновациялауға 1,3 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі инвестициялар;

- **Көлік:** ERG-дің меншікті автопаркі мен шарттық негізде жұмыс істейтін көлік құралдарын кезең-кезеңімен жаңартуды көздейтін, қызметкерлерді көлікпен қамтамасыз етуді бірыңғай стандартқа келтіру бағдарламасы аясында жалғасып

жатқан жұмыс, оның ішінде 25 жаңа автобус сатып алу (2020 жыл: 12).

Жоғарыда аталған қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың жай-күйіне және көлік тасымалы қызметін көрсету сапасына қанағаттандырудың жоғары деңгейін көрсетті. Бұл ретте, жекелеген қызметкерлер тамақтану сапасын арттыру қажет екенін атап өтті.

Қызметкерлердің өмір сүру деңгейін арттыру

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының өмір сүру деңгейін арттыру жұмысын жалғастырдық. Жұмыс келесі бағыттарда жүргізілді:

- **Тұрғын үймен қамтамасыз ету:** Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы аясында кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде қызметкерлерге жеңілдетілген қаржылық шарттармен беру үшін 485 пәтер сатып алынды. Бірінші кезекте пәтерлер жас мамандарға, негізгі кәсіптердің қызметкерлеріне, көп балалы және (немесе) әлеуметтік қорғалмаған отбасыларға беріледі;
- **Әлеуметтік инфрақұрылым:** медициналық орталықтарды, спорттық және мәдени - демалыс объектілерін қоса алғанда, кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне инвестиция құю (53 бет);
- **Білім және кәсіпкерлік:** өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және жергілікті тұрғындарды, соның ішінде біздің қызметкерлеріміздің балаларын жұмысқа орналастыру перспективаларына жәрдемдесу үшін оқыту және кәсіпкерлік бағдарламаларының кең спектріне инвестиция құю (52 бет).

Алуантүрлілік пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету

Біз өз қызметкерлерімізге жынысына, нәсіліне, жасына, физикалық шектеулеріне және жыныстық бағдарына қарамастан, әділ, тең бағамен және алаламай қараймыз. Осыған байланысты біздің міндеттемелеріміз адам құқықтарын сақтау саясатында баяндалған және ERG-дің корпоративтік мінез-құлық кодексі мен ERG жеткізушілерінің мінез-құлық кодексінің ережелерімен бекемделеді.

Бұл дұрыс және қажет, өйткені бізге жаңа идеяларды жинақтауды және жұмысқа деген инновациялық көзқарастарды қоса алғанда, әлеуметтік-мәдени, діни және гендерлік сан алуандықты қамтитын еңбек ұжымының көптеген артықшылықтары айдан анық.

Біздің саладағы әйелдердің жұмысына тарихи қалыптасқан шектеулерді ескере отырып, гендерлік белгісі бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады. Бүгінде біздің қызметкерлеріміздің 25% - әйелдер. Бұл көрсеткіш 8%-17%⁴ бағаланатын әлемдік тау-кен өндіру саласы үшін орташа деңгейден жоғары болғанына қарамастан, біз одан әрі жақсартуға мүмкіндіктер бар екенін түсінеміз. Корпоративтік ESG-стратегияны іске асыру аясында басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесіне қатысты Топ деңгейінде ТНК енгізу жоспарлануда.

4 McKinsey & Company, 13.09.2021: mckinsey.com; Карина Фернандес-Старк, Вивиан Кутто және Пенни Бамбердің «Дамушы елдердегі 4.0 Индустриясы болашақтың тау-кен кәсіпорны және әйелдердің рөлі» зерттеуі келтірілген, 28.01.2019 ж.: worldbank.org.



Қызметкерлердің саламатты өмір салтын қолдау

Қызметкерлерге арналған COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтатылған спорт және СӨС бағдарламаларының көпшілігін кезең-кезеңімен жаңарту басталды. Бұл жұмыскерлердің қызығушылықтарына қарай клубтар ұйымдастыруды және біздің кәсіпорындарымыздағы қызметкерлер үшін шахмат турнирлерін және әртүрлі командалық және жеке спорт жарыстарын өткізуді қамтыды. Бұл іс-шараларға 2 мыңға жуық қызметкер қатысты.

Африкадағы еңбек қатынастары

ҚДР кәсіпорындарында барлық қызметкерлер мен мердігерлерді кемсітусіз әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған саясат пен процедуралар қолданылады. Бұған ERG корпоративтік мінез-құлық кодексі, ERG жеткізушілердің мінез-құлық кодексі және адам құқықтарын сақтау саясаты (80 бет) кіреді. Сондай-ақ жедел желі жұмысы және ол туралы белсенді ақпараттандыру жұмысы ұйымдастырылды, ал кәсіпорындарда шағымдарды беру және қарау механизмдері жұмыс істейді, олардың көмегімен қызметкерлер ықтимал проблемалар туралы хабарлай алады.

Біз сондай-ақ ұжымдық шарттардың талаптарына және заңнама талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу деңгейін қамтамасыз етеміз. ҚДР азаматтарының ішінен штаттық қызметкерлерге мектептерде оқу ақысын төлеуге, тұрғын үй, көлік шығындары мен отбасыларға арналған жәрдемақылар, сондай-ақ басқа да әлеуметтік жеңілдіктер төленеді.

2021 жылы Metalkol RTR кәсіпорнында кәсіподақ өкілдерімен бірлесіп, қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер пакетін қайта қарау сәтті аяқталды. Оның қорытындысы бойынша қызметкерлерге берілетін жыл сайынғы демалыстың ұзақтығын арттыру, сондай-ақ олардың ата-аналарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондай-ақ, жұмыс нәтижелерін ескере отырып, сыйақының жаңа жүйесін келісу процесі аяқталды.

Metalkol RTR кәсіпорнындағы мердігерлердің еңбек жағдайлары

2021 жылдың қарашасында rights and Accountability in Development (RAID) үкіметтік емес ұйымы ҚДР-дағы мыс және кобальттың бірқатар өнеркәсіптік кен орындарында жұмыс істейтін Конго азаматтарының еңбек құқықтарын пайдалану және бұзу жағдайлары туралы есеп жариялады.

Атап айтқанда, баяндамада Metalkol RTR кәсіпорны, сондай-ақ онымен жұмыс істеген немесе жұмыс істейтін мердігерлік ұйымдар еңбек заңнамасын бұзу, қысым көрсету, жұмыс күнінің шамадан тыс ұзақтығы, өндіріс қауіпсіздігі талаптарын бұзу, COVID-19 байланысты проблемаларды қоса алғанда, бірқатар бұзушылықтарға жол берілгені туралы айтылған.

Көптеген жағдайларда бұл мәлімдемелер бұрын қосалқы мердігерлер қолданған тәжірибеге қатысты. 2020 жылға дейін Metalkol RTR жобасы әзірлену сатысында болды. Бұл жоба бойынша құрылыс жұмыстарын орындау үшін оны пайдалану сатысына ауыстырғанға дейін мамандандырылған қосалқы мердігерлік ұйымдарды тарту қажеттілігін туындатты.

Біздің Адам құқықтарын сақтау саясатымызға сәйкес, оны Metalkol RTR Адам құқықтары жөніндегі міндеттемелер туралы мәлімдемесімен, ERG Жеткізушілерінің корпоративтік мінез-құлық кодексімен және Мінез-құлық кодексімен толықтыра отырып, мұндай мәлімдемелер өзге ұйымдарға қатысты жасалған жағдайларда, Metalkol RTR кәсіпорны жағдайды түсіндіру үшін тексерулер мен түзету іс-шараларын іске асыруды қоса алғанда, шаралар қабылдайды және қажет болған жағдайда кеңес беріп, қолдау көрсетеді.

ERG мен Metalkol RTR RAID баяндамасындағы мәлімдемелерді зерттеп, тиісті жауап шараларын қабылдады. Біз PwC компаниясы тәуелсіз растау жүргізген «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы аясындағы қызмет нәтижелері туралы есепте тиісті ақпаратты, сондай-ақ кәсіпорын қолданатын басқару жүйелері мен бақылау механизмдері туралы ақпаратты жариялады; <https://www.eurasianresources.lu/en/pages/sustainable-development/responsible-sourcing#clean-cobalt-and-copper-framework>.

Metalkol RTR толық мәлімдемесі <https://www.ergafrica.com/cobalt-copper-division/metalkol-rtr/> сайтында жарияланған.

Толық ақпарат <https://www.eurasianresources.lu/en/pages/sustainable-development/respecting-human-rights> және https://www.ergafrica.com/wp-content/uploads/Metalkol-HR-Statement-of-Commitment_2021_ENG.pdf сайттарында ұсынылған.



Бразилиядағы еңбек қатынастары

Бразилияда BAMIN кәсіпорнында кен өндіруді арттыру аясында кәсіподақтармен конструктивті және ашық қарым-қатынас құру жұмысы жалғастырылды. 2021 жылы Порту-Сул жобасының персоналына және біздің корпоративтік кеңсегіміз қызметкерлеріне қатысты жаңа ұжымдық еңбек шарттары жасалды.

Барлық өндірістік кәсіпорындарда жобаның артып келе жатқан қызметкерлер санының пікірлерін дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету үшін қызметкерлердің қатысуы туралы зерттеу жүргізілді. Қатысудың қорытынды көрсеткіші 82% құрады, бұл көрсеткіш жобаға беделді Great place to Work @ ұйымының сертификаттауынан өтуге мүмкіндік берді. Жақсартылатын салаларға сыйақылар мен әлеуметтік жеңілдіктер, жұмыс жүктемесін бөлуді оңтайландыру және ішкі коммуникациялар кірді. Бұл мәселелер 2022 жылы және одан кейінгі жылдары басшылықтың назарында болады.

Сондай-ақ, барлық жұмыс істеп жүрген және жаңа қызметкерлер үшін осы тақырып бойынша жаңа таныстыру онлайн-курстарын өткізуді қоса алғанда, алуан түрлі бағдарламаны іске асыру жалғастырылды. BAMIN кәсіпорны осы сектордағы гендерлік инклюзивтілікті ілгерілетуге ықпал ететін «Бразилияның тау-кен өнеркәсібіндегі әйелдер» бастамасына қатысуды жалғастыруда¹.

1 Бразилияның тау-кен өнеркәсібіндегі әйелдер» (wimbrasil.org) - International Women in Mining ұйымының бастамасы.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2021 жылы біздің кәсіпорындарда:

- Қызметкерлердің бірлестіктерге қатысу бостандығына және ұжымдық шарттар жасасу құқықтарына қысым жасау жағдайлары;
- Кемсітушілік жағдайлары анықталған жоқ.

Қазақстан, Африка және Бразилияда Top кәсіпорындарында ереуілдер болған жоқ.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ

Қазақстанда біз жұмыстың келесі негізгі бағыттарына назар аударуды жоспарлап отырмыз:

- **Тұрғын үймен қамтамасыз ету:** Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы аясында 860 пәтерлі жаңа үйлердің құрылысы (құрылысты аяқтау 2025 жылға жоспарланған);
- **Тамақтандыру:** Қазақстандағы барлық кәсіпорындарда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін ұсыну бойынша бірыңғай қызметке көшуді аяқтау;
- **Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар:** 2022 жылы кәсіпорындарымыздағы санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды одан әрі жақсартуға шамамен 18 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы салу;
- **Спорт және саламатты өмір салты:** COVID-19 пандемиясына байланысты

тоқтатылған біздің спорттық инфрақұрылымды жаңғырту және стандарттау бағдарламасын жаңарту.

ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорнының екінші кезегінің жобалық қуатқа шығуына қарай тұрақты штаттық өндірістік қызметкерлердің санын одан әрі арттыру жоспарлануда. Бұрыңғыдай, негізгі міндетіміз - мүмкіндігінше жергілікті халық арасынан жұмыскерлерді жалдау.

Бразилиядағы FIOЛ темір жол құрылысы жобасында жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты жаңа ұжымдық шарттар жасасу жөніндегі келіссөздерді аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу барысында анықталған кемшіліктерді жою шаралары қабылданатын болады.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ- ТАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ

2025 жылға дейінгі Стратегиямызға сәйкес біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуына үлес қосуға ұмтыламыз. Әлеуметтік инвестициялардың ERG үшін ерекше маңызы бар, өйткені Қазақстандағы кәсіпорындарымыз жергілікті қоғамдастықтардың өмірінде маңызды рөл атқарады.

Осы тұрғыда біз моноқалаларымыздағы және жалпы кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық дамуға және экономиканы әртараптандыруға қолдау көрсетеміз, сондай-ақ Қазақстандағы аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге септесе отырып, ұлттық деңгейдегі әлеуметтік жобаларға қатысамыз.

Бұдан бөлек, ERG Африка мен Бразилияда біздің кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтарды дамытудың басым міндеттерін шешуде де маңызды рөл атқарады, олардың көпшілігі елеулі әлеуметтік-экономикалық проблемаларға тап болады.

Топтың осы саладағы көзқарасы жергілікті қоғамдастықтарға біздің әсерімізді (оң да, теріс те) белсенді басқаруға негізделеді. Бұл стейкхолдерлердің бірінші кезектегі мәселелері мен проблемаларын есепке алуды қамтамасыз ететін олармен құрылымдалған және ашық өзара әрекеттесуді қамтиды.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Топтың әлеуметтік инвестициялары – \$65,2 млн

Дамудың басым бағыттарын айқындауға тарту мақсатында Қазақстан мен Африкадағы жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу механизмдерін енгізу жалғастырылды.

Бразилиядағы аз қамтылған қоғамдастықтар үшін кәсіптік оқытуды және жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету бағытында BAMIN кәсіпорынында «Canteiro Escola»¹ атты кәсіптік оқыту орталығы ашылды.

¹ Португал тілінен аударғанда бұл – кәсіпорындағы өндіріс мектебі деген мағына береді

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР:



Жергілікті қауымдастықтарға ықпал ету
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 46-БЕТІНДЕ



Әлеуметтік инвестициялар
ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 50-БЕТІНДЕ





Біздің әсерімізді басқару – Бразилия

VAMIN кәсіпорны біздің кәсіпорынның жанында тұратын аз қамтылған қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауда маңызды рөл атқарады (57 бет). Сонымен қатар біз қызметіміздің тікелей және жанама әсерлерін басқаруға тәуекел-бағдарланған тәсілдемені пайдаланамыз және жергілікті халықпен конструктивті өзара әрекеттесуді қолдаймыз. Бұл күш-жігер қызметімізді жүргізуге арналған біздің әлеуметтік лицензияның сақталуына және, тиісінше, ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорынның табысты дамуына тікелей ықпал етеді.

Әсерді басқару және шағымдарды реттеу

Бытыр VAMIN кәсіпорнында жергілікті халықтың шағымдарын қарастыруды, қабылданатын шараларды және шағымдарды реттеу мерзімдерін бақылауды күшейтуге арналған шағымдарды реттеудің орталықтандырылған жүйесі енгізілген болатын.

Бұдан басқа, жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттесудің кешенді бағдарламасын іске асыру жалғастырылды, оның негізгі міндеті – Порту-Сул портын салуға байланысты проблемаларды шешу (төменде қараңыз). Жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Бірқатар қоғамдық тыңдаулар жүргізу және объектілерге бару;
- Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік әсер ету мәселелері бойынша ақпараттық материалдарды тарату;
- Тұрақты сауалнамалар және стейкхолдерлер карталарын жасау - тиісті деректер жергілікті қоғамдастықтармен одан әрі өзара әрекеттесу және міндетті әлеуметтік және экологиялық бағдарламаларды іске асыру барысында ескерілетін болады (112 бет).

Бұдан бөлек, біз ЭӘӘБ¹ қорытындылары бойынша ауа сапасын, сондай-ақ судың сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг бағдарламаларын іске асыруды қоса алғанда, ұсынымдарды орындауды жалғастырдық.

Порту-Сул терминалының құрылысына байланысты әсерлер

Лицензиялық келісімнің шарттарына сәйкес біздің Порту-Сул портын салу жобасын іске асыру ауыл шаруашылығы мақсатындағы 212 шағын жер учаскесін міндетті түрде сатып алуды көздейді. Бұл шамамен 320 жергілікті отбасыға әсер етеді, олардың көпшілігі осы жер учаскелерінде тұрмайды.

2019 жылы басталған жер учаскелерін міндетті түрде сатып алу процесін Баия штатының әкімшілігі тәуелсіз комитет пен адвокатураның қатысуымен жүзеге асырады.

Жер иелеріне өтемақы төленеді, ал меншік иелері емес, бірақ сатып алынатын учаскелерде тұратын және жұмыс істейтін адамдар басқа жерлерге қоныс аударады және өтемақы алады. VAMIN компаниясы бұл процесі оның ашықтығын қамтамасыз ету және салынып жатқан порттың жанында тұратын тұрғындармен сындарлы қарым-қатынасты сақтау үшін бақылайды.

Шаңның теріс әсерін азайту

Өткен жылы жергілікті тұрғындардан Педра-де-Ферро темір кен орнын игеру кезінде шаңның пайда болуына және кеңді тасымалдау кезінде жолдардың шаңына байланысты шағымдар түсті. 2021 жылдың қыркүйегінде бұл жағымсыз факторлар Лисиниу-ди-Алмейда муниципалитетінің тұрғындарын VAMIN жүк және теміржол терминалдарында наразылық акцияларын өткізуге итермеледі.

Шағымға жауап ретінде шаңды басу бойынша қосымша іс-шаралар іске асырылды, балама көлік бағыттары салынды және жергілікті халықтың қатысуымен бірлескен бақылау комитеті құрылды.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстанда жобалардағы өзгерістерге байланысты 35 қоғамдық консультация өткізілді (2020 жыл: 25) (46 бет). Тыңдаулар барысында, сондай-ақ басқа да қолжетімді байланыс арналары арқылы елеулі шағымдар түскен жоқ.

Африкада қолданыстағы шағым беру арналары арқылы 16 шағым берілді (2020: 17), олардың 12-і 2021 жылы шешілді. Бұл шағымдар, мысалы, су объектілеріне әсер ету, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, жеке күзет ұйымдары мен жергілікті қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттесу,

сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты болды.

Бразилияда шағымдарды реттеу жүйесі арқылы 151 шағым берілді (2020: 22), оның 130-ы 2021 жылы, ал 19-ы 2022 жылдың басында шешілді. Шағымдар, мысалы, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, әлеуметтік жобалар, жергілікті инфрақұрылымды дамыту және көлік қозғалысының әсеріне қатысты болды. Шағымдар санының өсуі Педро-де-Ферро кенішіндегі өндіріс көлемінің ұлғаюымен және Порту-Сул портын салу, сондай-ақ 2021 жылы шағымдарды басқарудың кешенді жүйесін 2021 жылы енгізу нәтижесінде.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ

2022 жылы біз Қазақстанда бірқатар қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отырмыз, оның ішінде «Қазхром», «ЕЭК», «ҚЭЗ», «Шұбаркөл көмір» және «Қазақстан алюминийі» кәсіпорындарының операциялық қызметіне қатысты. Бұдан бөлек, жергілікті халықтың бірінші кезектегі мәселелері мен проблемаларын есепке алуды қамтамасыз ететін өңірлік даму бағдарламасын іске асыру жалғастырылады (50 бет).

Африкада 2022 жылы Comide және Boss Mining кәсіпорындарында бес жылдық лицензиялардың талаптарына сәйкес

экономикалық және әлеуметтік әсерді бағалауды толық ауқымды өзектендіру жоспарлануда. Сондай-ақ, Frontieg және Comide кәсіпорындарында жеке және мемлекеттік күзет ұйымдарының қызметкерлері үшін адам қауіпсіздігі мен құқықтарына қатысты ерікті қағидаттарды қолдану мәселелері бойынша қайталама нұсқама ұйымдастыру жоспарлануда.

VAMIN-де кәсіпорын қызметінің кеңеюіне қарай әсер етуді басқару және жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу бағдарламаларын қамтуды кеңейту жоспарлануда. Бұл жұмыс көрші елді мекендерде жезөкшелікпен байланысты жыныстық пайдалануды болдырмау жөніндегі сыртқы бастамаларды белсенді қолдауды қамтиды.



1 ЭӘӘБ 2014 жылы аяқталды және үкіметпен бекітілді.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ



Әлеуметтік инвестициялар

Стратегиялық мәнмәтін

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы: 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басым міндеттерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық дамуға көмек беру және кәсіпорындар орналасқан өңірлерде жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету. Бұл халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуды және әл-ауқатын арттыруды, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдауды және жергілікті бизнес-орта құруды болжайды.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялар саласындағы біздің көзқарасымыз кәсіпорындар орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтармен көпжылдық қатынастарымызға негізделген. Біз моноқалаларымызда және тұтастай алғанда кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде әлеуметтік-экономикалық дамуды және экономиканы әртараптандыруды қолдауға ерекше назар аударамыз, сондай-ақ Қазақстандағы аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге септесе отырып, ұлттық деңгейдегі әлеуметтік жобаларға қатысамыз.

Африка мен Бразилияда кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы жергілікті қауымдастықтардың алдында тұрған ең өзекті мәселелерді шешуге баса назар аударылады. ҚДР-да бұл жұмыс ең алдымен біздің кәсіпорындарымыздың жанында тұратын алтын іздеушілер қауымдастықтарындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жақсартуға бағытталған.

Топтың бұл бағыттағы қызметі жергілікті қоғамдастықтармен тұрақты өзара әрекеттестікке және ынтымақтастыққа

негізделеді, бұл жергілікті халықтың бірінші кезектегі қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР – ҚАЗАҚСТАН¹

Өңірлік даму бағдарламасы

2021 жылы кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған үш жылдық өңірлік бағдарламаны іске асыру жалғастырылды.

Бағдарлама мемлекеттік органдармен әріптестікте ұлттық және өңірлік деңгейлерде, оның ішінде өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар арқылы іске асырылады. Ол жыл сайынғы арнайы әлеуметтік зерттеулер аясында анықталған әрбір аймақтағы даму қажеттіліктерін терең талдау нәтижелеріне негізделген.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша келесі басым бағыттар анықталды:

- **Өмір сүру деңгейін арттыру** (тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды, қоғамдық көлікті және қаланы абаттандыруды қоса алғанда);

- **Жастарға білім беру және олардың кәсіби біліктілігін арттыру** (соның ішінде жергілікті білім беру бағдарламалары мен кәсіпкерлік бағдарламаларын қолдауды қоса алғанда);
- **Денсаулық сақтау** (медициналық мекемелерді жаңғыртуды және дәрігерлердің біліктілігін арттыруды қоса алғанда);
- **Спортты және саламатты өмір салтын насихаттау** (жергілікті спорт инфрақұрылымын және жастар спорт лигаларын дамытуды қоса алғанда).

Осы есептің мақсаттары үшін төменде берілген ақпарат біздің жұмысымыздың аталған басым бағыттары бойынша құрылымдалған. Олар өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында іске асырылатын бастамаларды (яғни, өңірлерді дамыту бағдарламасын іске асыруға бағытталған билік органдарымен әріптестік аясында), сонымен қатар біз тікелей жүзеге асыратын әлеуметтік инвестицияларды (яғни, осы бағдарлама аясынан тыс) қамтиды.

Өңірлік дамудың бірлескен бастамаларын іске асыруға жәрдемдесу



Біздің моноқалалардың Қазақстандағы дамуын қолдау жергілікті дамудың негізгі міндеттерін шешу мақсатында билік органдары мен халық арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейтін бастамашыл бюджеттеу тәжірибесіне сүйенеді. Сонымен қатар, біз жергілікті халыққа өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында әлеуметтік инвестициялардың бағыттарын таңдау бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға мүмкіндік беруге ұмтыламыз.

2021 жылы жұмыс келесі бағыттарда жүргізілді:

1. Tugan Qala («Туған қала»)

Біз Tugan Qala («Туған қала»)² бағдарламасын Хромтау (Ақтөбе облысы) қаласында іске асыруды жалғастырдық және оны Ақсу (Павлодар облысы) және Рудный (Қостанай облысы) қалаларында іске қостық. Осы бағдарлама аясында біз жергілікті халықты әкімдіктермен меморандумдар аясында бөлінетін қаражатты <https://tugan-qala.kz/> - порталында әлеуметтік жобалар идеяларын ұсыну арқылы бөлуге тартамыз. Бұл жобалар қала инфрақұрылымын жақсартуға, соның ішінде қоғамдық саябақтарды, балалар мен спорт алаңдарын жайлы етуге, көшелерді жарықтандыру мен көгалдандыруға бағытталған. Ұсынылған идеяларды сараптамалық кеңес бағалайды. Ұсынылған идеяларды бастапқы бағалауды құрамына

стейкхолдерлердің кең тобының өкілдері кіретін сараптамалық кеңес жүргізеді. Жеңімпаз жобаларды қорытынды іріктеу жергілікті тұрғындар арасында онлайн-дауыс беру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

2021 жылы 44 жеңімпаз жоба іріктеліп алынды (11 жоба Хромтауда, 16 жоба Ақсу қаласында және 17 жоба Рудный қаласында). ERG осы жобаларды өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында жүзеге асыруға 2022 жылы қаржы бөледі.

Былтыр өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде Хромтаудағы пилоттық жоба аясында 2020 жылы іріктелген 10 әлеуметтік жобаны іске асыруға 115 мың АҚШ доллары көлемінде инвестиция бөлінді.³

Бұдан бөлек, өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар аясында біз «ERG қаласы»⁴ бағдарламасы бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыруға қолдау көрсету үшін 147 мың АҚШ долларын көлемінде инвестиция құйдық. Бұл жобалар 2020 жылы өткізілген байқау қорытындысы бойынша іріктеліп алынды, онда қызметкерлер жергілікті дамуға жәрдемдесуге қатысты идеяларын ұсынған. Іске асырылған жобалардың ішінде – Ақтөбе облысында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оқу орталығын реновациялау және Павлодар облысында жергілікті тұрғындар өздерінің саяжай

учаскелерінен артылған жеміс-көкөніс өнімдерін сата алатын қалалық базар ұйымдастыру.

2. «Аймақты дамытуға ынталылар мектебі»

Сонымен қатар, біз «Аймақты дамытуға ынталылар мектебін» іске қостық, онда ERG қызметкерлері «Халықтың қатысу бюджеті» мемлекеттік бағдарламасына қатысу үшін оқытудан өтеді. Бұл ұлттық бағдарлама азаматтарға мемлекеттік онлайн-портал арқылы әлеуметтік жобалар идеяларын ұсынуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік комиссия жобаларды бастапқы бағалағаннан кейін жеңімпаздарды іріктеу қоғамдық онлайн-дауыс беру арқылы жүргізіледі. Жеңіске жеткен жобаларды өңірлік атқарушы билік органдары қаржыландырады.

Өткен жылы Павлодар, Ақтөбе және Қостанай облыстарындағы кәсіпорындарымыздың 90-нан астам қызметкері оқудан өтіп, қолдау тапты. Нәтижесінде онлайн платформа арқылы 27 жоба ұсынылды, олардың тоғызын 2022 жылы жергілікті билік органдары жүзеге асырады. 2022 жылы біз бағдарламаны, оның ішінде оған Қазақстандағы басқа да кәсіпорындарды қосу арқылы қамтуды кеңейтуді жалғастырамыз.

¹ Сіздің назарыңызды осы бөлімде біздің жергілікті қоғамдастықтарға бағытталған жобалар қарастырылатынына аударамыз (бұл қолданылатын жерде біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда). Тек қызметкерлерге бағытталған жобалар «Еңбек қатынастары» бөлімінде қарастырылған (40 бет).

² Бағдарлама аясында 2020 жылы Хромтауда пилоттық жоба іске қосылды. Бұрын ол «Берекелі бастама» деп аталды.

³ Жоспарланған оныншы мектеп жүгіру жолын салу жобасын іске асыру операциялық мәселелерге байланысты кейінге қалдырылды. Жоба 2022 жылы жүзеге асырылады.

⁴ 2020 жылы біз «ERG қаласы» бағдарламасын аяқтадық, кейіннен ол Tugan Qala («Туған қала») бағдарламасына айналды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ ЖАЛҒАСЫ

Өмір сүру деңгейін арттыру

Біз моноқалаларымызда және жалпы кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында шаралар қабылдаймыз. Біздің басым міндеттеріміздің бірі – болашақ ұрпақ (соның ішінде біздің қызметкерлеріміздің балалары) өмір сүру және жұмыс істеу үшін таңдайтын жайлы қала инфрақұрылымын ұзақ мерзімді дамытуды қолдау. Бұл жұмыс өңірлерді дамытуға жәрдемдесу бойынша бірқатар стратегиялық жобаларды қамтиды (51 бет).

Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында іске асырылған басқа жобалар келесі бастамаларды қаржыландыруды қамтиды:

- Ақтөбе облысындағы тұрғын үй ғимараттарын жөндеу (1,2 млн АҚШ доллары);
- Павлодар облысында цифрландыру және қоғамдық қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша бірқатар кешенді жобалар (2,4 млн АҚШ доллары);
- Шымкент қаласында қоғамдық спорт объектілерін салу (232 мың АҚШ доллары).

Жастарға білім беру және олардың кәсіби біліктілігін арттыру

Біз келешекте жұмысқа орналастыруға және өңірлік экономиканы әртараптандыруға бағытталған, жастарға арналған жергілікті білім беру бағдарламаларын іске асыруды қолдаймыз. 2021 жылы «ERG Mектепке» атты жаңа бастама іске қосылды. (54 бет).

Сонымен қатар, біз «Студенттер кәсіпкерлігінің экожүйесі» бағдарламасына қолдау көрсетуді жалғастырдық (ecosystemerg.kz)¹, бұл өңірлік университеттер мен колледждерді кәсіпкерлікті дамыту орталықтары етіп қайта құруға ықпал етеді. Ұзақ мерзімді

перспективада бұл кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жаңа стартаптардың қызметіне қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. 2021 жылы 650-ден астам студент пен 30 оқытушы қатысқан қашықтықтан оқыту бағдарламасын қаржыландыруға, сондай-ақ стартаптар құруға арналған бірқатар студенттердің онлайн-байқауларын өткізуге ERG қосымша 115 мың АҚШ долларын бөлді.

Денсаулық сақтау

Өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар аясында біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы инфрақұрылымын дамытуды қаржыландырамыз. Тиісті бастамалар жұмыс істейтін және зейнетке шыққан қызметкерлердің, олардың отбасылары мен қоғамдастықтарының денсаулығын

қолдауға бағытталған. Атап айтқанда, 2021 жылы Ақтөбе ауруханаларының бірінде жедел жәрдем бөлімшесін жабдықтауға 463 мың АҚШ доллары, сондай-ақ Қостанай облысында аурухана үшін заманауи медициналық жабдықты сатып алуға 63 мың АҚШ доллары бөлінді.

Спорт және саламатты өмір салты

Қоғамның шынайы әл-ауқаты экономикалық дамумен шектелмейді. Сондықтан біз бұқаралық және жастар спорты мен жергілікті спорт инфрақұрылымын дамытуға баса назар аудара отырып, кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде іске асырылатын спорт саласындағы бастамаларға инвестиция құямыз. 2021 жылы өзара ынтымақтастық туралы өңірлік

меморандумдар аясында мынадай бастамалар іске асырылды:

- Павлодар облысындағы үстел теннисінің ірі қоғамдық орталығының құрылысын жалғастыру (2,8 млн АҚШ доллары);
- Қостанай облысында балалар мен жасөспірімдердің футбол командаларын қолдап, ауқымды спорттық турнирлер өткізуді қаржыландыру (1,4 млн АҚШ доллары);
- Павлодарда мұз аренасының құрылысын аяқтау (547 мың АҚШ доллары).

Біз, сондай-ақ қызметкерлерімізді спортпен айналысуға және саламатты өмір салтын насихаттауға ерекше назар аударып келеміз (42 бет).

¹ Бағдарлама Тель-Авив Университетінің Қазақстандағы достары қауымдастығымен және Алматы менеджмент университетімен серіктестікте іске асырылады (AlmaU).

Қазақстандағы әлеуметтік инвестицияларға деген көзқарас

Біздің әлеуметтік инвестицияларға қатысты кешенді тәсіліміз жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін ескереді және өңірлік әрі ұлттық деңгейде дамудың басым міндеттерін шешуге, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

СТРАТЕГИЯ	ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ	ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН МАҚСАТТЫ КОМПОНЕНТТЕРІ	ӘСЕР ЕТУ САЛАЛАРЫ
<p>Топтың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы жобалары мен демеушілік қолдау саласындағы саясат және оларды іске асыруды қамтамасыз ететін процедуралар</p>	<p>Тікелей әлеуметтік инвестициялар</p> <p>Тікелей әлеуметтік инвестициялар біздің оң әсерімізді барынша арттыруға және жергілікті қоғамдастықтарға теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған</p> <p>2021 жылғы тікелей әлеуметтік инвестициялар</p> <p>\$36,7 млн</p>	<p>Ұлттық даму</p> <p>Біз елдің аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге және ұлттық мәдени мұраны сақтауға септесе отырып, ұлттық деңгейдегі әлеуметтік жобаларға қатысамыз</p>	<p>COVID-19 пандемиясына қарсы ұлттық әрекет ету шаралары (33 бет)</p> <p>Ұлттық инфрақұрылым</p>
<p>Өңірлік даму бағдарламасы</p> <p>Біздің кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету (50 бет)</p>	<p>Өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар</p> <p>Өңірлік атқарушы органдармен стратегиялық әріптестік</p> <p>2021 жылы өңірлік меморандумдар шеңберіндегі инвестициялар</p> <p>\$21,4 млн</p>	<p>Өңірлік даму</p> <p>Біздің әлеуметтік инвестицияларымыздың едәуір бөлігі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауға бағытталған (бірінші кезекте өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар шеңберінде)</p>	<p>COVID-19 пандемиясына қарсы аймақтық әрекет ету шаралары (33 бет)</p> <p>Өмір сүру деңгейін арттыру (52 бет)</p> <p>Жастарға білім беру және олардың кәсіби біліктілігін арттыру (52 бет)</p> <p>Денсаулық сақтау (53 бет)</p> <p>Спорт және саламатты өмір салты (53 бет)</p>
<p>КЕРІ БАЙЛАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ</p>	<p>Тұған Қала («Туған қала»)</p> <p>Біздің қызметкерлерімізді қоса алғанда, моноқалалардағы жергілікті қоғамдастықтарға олардың даму басымдықтарын айқындауға қатысуға мүмкіндік беруге арналған бағдарлама (51 бет)</p>	<p>Моноқалаларды дамыту</p> <p>Көптеген жергілікті қоғамдастықтар біздің кәсіпорындардың өндірістік қызметі нәтижесінде құрылды. Осыны ескере отырып, біздің әлеуметтік инвестицияларымыз ұзақ мерзімді перспективада жергілікті тұрғындардың ERG-ге тәуелділігін азайтуға бағытталған</p>	<p>Біздің қызметкерлеріміздің және олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктері (41 бет)</p>
<p>СЕРІКТЕСТЕР</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі</p>	<p>Жергілікті атқарушы билік органдары</p>	<p>Жыл сайынғы ауқымды зерттеулер</p> <p>Біздің тәсіліміздің жергілікті басымдықтарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін біз жергілікті қоғамдастық өкілдері (ERG қызметкерлерін қоса алғанда) арасында зерттеулер жүргіземіз</p>
		<p>«Аймақты дамытуға ынталылар» (АДЫМ)</p> <p>ERG қызметкерлері «Халықтық қатысу бюджеті» мемлекеттік бағдарламасына белсенді қатысуға арналған практикалық оқудан өту бағдарламасы (51 бет)</p>	
		<p>Азаматтық қоғам ұйымдары</p>	
		<p>Жергілікті қоғамдастықтар</p>	
			<p>Қызметкерлер мен олардың өкілдері</p>

ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Біздің 2025 жылға дейінгі даму стратегиямыздың аясында біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуына ерекше назар аударамыз. Бұл табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарауды және климаттың өзгеруіне әсер етуді және қалдықтарды басқаруды қоса алғанда, экология мәселелерін басқаруды білдіреді.

Қазақстанда Топтың он жылдық экологиялық стратегиясы аясында қатты бөлшектер шығарындыларын айтарлықтай азайтуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүргізілуде, сондай-ақ жаңартылатын энергетика саласындағы жобалар портфелі дамуда. Бұдан басқа, тәуекелдерге тәуелсіз бағалау жүргізуді қоса алғанда, Топ қалдықтарын сақтаудың ірі объектілерін басқару тиімділігін арттыру жұмысын жалғасуда.

Қазақстандағы кәсіпорындарымыз ISO 14001 - экологиялық менеджмент жүйесіне сәйкес сертификатталған¹. Африкадағы кәсіпорындарымыздағы қауіпсіздік және орнықты дамуды басқару жүйесі (SHS) ISO 14001 стандартының талаптарын ескере отырып, жасалған.

¹ Қазақстандағы ERG кәсіпорындарына жөндеу қызметтерін ұсынатын ERG Service және 3-Энергоорталық кәсіпорындарын қоспағанда

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

Қазақстанда атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын азайтуға бағытталған 10 жылдық құны 393 млн АҚШ долларын құрайтын бағдарламаны іске асыру жалғасуда

Қазақстандағы бизнесіміз үшін төменкөміртекті экономикаға көшуге байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер бағаланды

Топ және өңірлер деңгейінде қалдықтарды сақтаудың ірі объектілерін басқарудың тиімділігін арттыру жұмысы жалғастырылды

МАҢЫЗДЫ СҰРАҚТАР:



Ауа мен суға әсерді басқару
ТОЛЫҒЫРАҚ 60 БЕТТЕ



Энергия және климаттың өзгеруі
ТОЛЫҒЫРАҚ 64 БЕТТЕ



Қалдықтарды өңдеу және басқару
ТОЛЫҒЫРАҚ 68 БЕТТЕ



ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ



Энергия және климаттың өзгеруі

Стратегиялық мәнмәтін

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басым міндеттерінің бірі – кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру. Жергілікті қоғамдастықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысымызға парниктік газдардың шығарылуын бақылау және жаңартымды энергия көздерінен алынатын энергияны пайдалану кіреді.

БҰҰ релевантты ОДМ
БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



ERG – Қазақстандағы электр энергиясын өндіретін ірі кәсіпорындардың бірі. Оның үстіне белгіленген қуаттың басым бөлігі (3 387 МВт) Топтың өз кәсіпорындарына тиесілі. ERG кәсіпорындары елде тұтынатын электр энергиясының 81% (2020 жыл: 83%) ЕЭК өндіретін көмірден алынады.

Климаттың өзгеруіне байланысты бизнесіміз үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдау нәтижелерін ескере отырып (65 бет), баламалы көздерден алынатын электр энергиясының үлесін арттыру қамында жұмыс жүргізілуде. Біздің негізгі өндірістік қорларымыз бен инфрақұрылымның ерекшелігін, сондай-ақ Қазақстанда жаңартылатын энергетика дамудың салыстырмалы ерте сатысында тұрғанын ескере отырып, бұл процес белгілі бір уақытты қажет етеді. Алайда, біз бұл бағытта нақты қадам жасауға ниеттіміз.

Біз бизнесімізге теріс әсер етпей және клиенттер алдындағы ағымдағы міндеттемелеріміздің орындалуын қамтамасыз ете отырып, орта және ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорындарымыздың көмірқышқыл газы шығарындарын азайту мәселелеріне үлкен назар аударамыз.

Осы саладағы жұмыстың басым бағыттары, атап айтқанда, Қазақстанда ағымдағы жел энергетикалық жобаны пайдалануға беруді, сондай-ақ таяу жылдары ЖҚК жобаларының портфелін едәуір кеңейтуді (66 бет) қамтиды. 2021 жылы жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын

пайдалану және парниктік газ шығарындарын 2030 жылға дейін азайту бойынша ұзақ мерзімді мақсаттарды әзірлеудің ішкі процесі іске қосылды.

КДР кәсіпорындарында тұтынылатын электр энергиясының негізгі бөлігін су электр станциялары өндіреді.

БІЗДІң ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес бойынша ұлттық және халықаралық күш-жігерді ескере отырып, біз төмендегі мәселелермен жұмыс істейміз:

- Біздің кәсіпорындардың энергия тиімділігін арттыру;
- Көмір электр станциялары өндіретін электр энергиясын пайдалануды қысқарту;
- Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіруші меншікті қуаттарды кеңейту.

Сонымен қатар, ERG қызметі аясында Top алдында кобальт, мыс және алюминийді қоса алғанда, жаңа энергия көздеріне көшу үшін қажетті металдар өндірумен байланысты айтарлықтай коммерциялық мүмкіндіктер ашылуда. Біз, сондай-ақ, энергетикалық көшу түрлі елдерде газ, жел және атом энергетикасының жаңа инфрақұрылымының дамуына қарай феррокорытпаларға әлемдік сұранысты күшейтеді деп санаймыз.

Сыртқы мәнмәтін: парниктік газ шығарындарына жоспарланған сыртқы шектеулер

Қазақстандағы 2021 жылға арналған парниктік газ шығарындарына квоталар бөлудің ұлттық жоспары біздің кәсіпорындарымыздағы шығарындар деңгейін төмендетуді көздейді. Дегенмен, Қазақстан 2022 жылдан бастап 2025 жылға дейін парниктік газ шығарындарын жылына 1,5%-ға қысқартуды, 2030 жылға қарай 15%-ға төмендеуін қамтамасыз етуді, ал 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді көздеп отыр. Осыған байланысты, ERG үшін болашақта парниктік газ шығарындарына шектеу енгізу мүмкіндігі бар.

Бұдан бөлек, ЕО-да жоспарланып отырған трансшекаралық көміртегі реттеуді енгізу олардың көміртегі ізіне¹ байланысты ЕО-ға кірмейтін елдерден тауар импортына баждар орнатуды көздейді. Бұл ERG өндіретін алюминийді ЕО елдеріне жеткізуге әсер етеді.

Қазақстандағы энергия тиімділігі

Біздің Қазақстандағы энергия өндіруші кәсіпорындарымыздың көпшілігі ISO 50001/энергия менеджменті жүйелерінің стандартына сәйкес сертификатталған. 2021 жылы 2021-2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында Қазақстандағы кәсіпорындарымызда 69 іс-шара іске асырылды. Олар жалпы энергия шығынын 390 ТДж-ге (2020 ж.: 284 ТДж) азайтуға мүмкіндік берді.

2021 жылы энергия аудиттерінің қорытындылары бойынша іске асырылған энергия тиімділігін арттыру шараларының мысалдары мыналарды қамтиды:

- **Қазхром:** Пештің түтін сорғышының электр қозғалтқыштарына бірқалыпты іске қосу құрылғысын орнату;
- **ЕЭК:** Энергия блоктарын жөндеу кезінде ауа соруды азайту үшін қазандықтардың газ жолын тығыздау. 2021 жылы бұл энергия шығынын 41 ТДж-ге азайтуға және парниктік газ шығарындарын 15 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- **3-Энергоорталық:** Бу шығынын азайту мақсатында конденсат алыстатқыштарды орнату.

Сонымен қатар, келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- **ЕЭК:** Энергия блоктарын жөндеу кезінде ауа соруды азайту үшін қазандықтардың газ жолын тығыздау. 2021 жылы бұл энергия шығынын 41 тераджоульге азайтуға және парниктік газ шығарындарын 15 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- **ЕЭК:** № 5 энергия блогын қайта жаңарту. 2021 жылы бұл энергия шығынын 790 ТДж-ге азайтуға және парниктік газ шығарындарын 300 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берді (61 бет).

Сондай-ақ болашақта кәсіпорындарымыздың энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін стратегиялық сипаттағы бірқатар жобаларды іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда. Олар:

- Павлодар алюминий зауытының жылу үнемділігін буландырғыш батареяларды жетілдіру жолымен арттыру;
- ССКӨБ ЖЭО №2 турбоагрегатын тиімділігін ұлғайта және қызмет мерзімін ұзарты отырып реновациялау, сондай-ақ №1 және №3 қазандықтарды неғұрлым заманауи және тиімді жабдықтау ауыстыру;
- Top кәсіпорындарында алдағы уақытта қолдану үшін ЖЭО-ның «мінсіз» моделін әзірлеу жалғасуда. Бұл біздің әрбір ЖЭО-да энергия тиімділігінің ең жақсы мүмкін деңгейін, сондай-ақ оған қол жеткізу жөніндегі шараларды айқындауға мүмкіндік береді.²



Қазақстандағы төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты тәуекелдерді талдау

2021 жылы төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты Қазақстандағы бизнесіміз үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерге талдау жүргізілді. Бұл ERG-дің парниктік газ шығарындарының негізгі көлемі Қазақстандағы кәсіпорындарымыздың үлесіне екенімен байланысты (67 бет).

Осы талдау барысында климаттың өзгеруі туралы Париж келісімі аясында Қазақстанның ұлттық деңгейде белгіленетін салымдары, ЕО-да парниктік газ шығарындарына квота құнының серпіні мен болжамды деңгейі, саладағы басқа компаниялардың мақсаттарымен салыстыру, сондай-ақ баға сезімталдығы сияқты аспектілерге ерекше назар аударылды. Бұл ретте мынадай негізгі тәуекелдер анықталды:

- 2060 жылға қарай Қазақстанда іске асырылатын көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі шаралар аясында парниктік газ шығарындарына квоталарды қысқарту және (немесе) энергия тұтыну деңгейіне байланысты көмірқышқыл газының шығарындарына салық енгізу;
- Қазақстандағы жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес озық қолжетімді технологияларды (ОҚТ) енгізуге байланысты күрделі шығындарды ұлғайту;
- ЕО-да трансшекаралық көміртекті реттеу механизмінің күшіне енуі және оны, атап айтқанда, алюминий жеткізілімдеріне қатысты қолдану;
- Кредиторлардың ESG-өлшемшарттарын қолдануы нәтижесінде пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауы;
- Жеткілікті сақтандыру өтелімін қамтамасыз етудегі қиындықтар.

Сонымен қатар, келесі іс-шаралар өткізілді:

- Біздің өнімнің кейбір түрлері үшін сұраныс пен ұсыныстың тиісті динамикасын талдау;
- Коммерциялық және операциялық тұрғыдан бизнесіміздің көміртекті бейтараптыққа көшуінің салдарын бағалау мақсатында көміртекті бейтараптық моделін пысықтау.

Жүргізілген талдау нәтижелерін болашақта біз көмірқышқыл газы шығарындарын азайту және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі біздің стратегиямызды әзірлеген кезде ескеретін боламыз.

Біз, сондай-ақ, сыртқы сарапшылармен климаттың өзгеруіне байланысты біздің бизнесіміз үшін физикалық тәуекелдерді бағалауды жүргізуге бағытталған жұмысты жоспарлап отырмыз.

1 Бұл механизм 2023 жылға қарай күшіне енеді, ал баждарды төлеу 2027 жылы басталады деп күтілуде.

2 ССКӨБ ЖЭО үшін модельдер әзірленді; Павлодар алюминий зауыты, ЕЭК және Қазхром үшін модельдерді әзірлеу жоспарланған.

ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Біздің қоғамдағы рөліміз неғұрлым кең мағынада ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен қатынастар аясында өзара құрмет пен сенім мәдениетін қалыптастыруды қамтиды. Экономикалық құн құру және бөлу – кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы қоғам үшін жасайтын маңызды артықшылықтардың бірі. Осыған байланысты, **қаржылық тұрақтылықты** қамтамасыз ету – біздің 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың басым міндеттерінің бірі.

ERG-дің басқа стратегиялық басым міндеті – **кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуын қамтамасыз ету**, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық дамуға инвестиция құю, жұмыс орындарын ашу, салық төлеу және жергілікті қамтуды қолдау арқылы қамтамасыз ету.

Біз өз әріптестерімізбен, оның ішінде қатысушы елдердің үкіметтерімен сенімді және өзара сыйластық қарым-қатынастарды дамытуға ұмтыламыз.

Сонымен қатар, біз жеткізу тізбегіміздің бөлігі ретінде жанама теріс әсерді жауапты басқаруға және клиенттеріміз бен басқа да қатысушыларға өнімдеріміздің этикалық нормаларға сәйкес өндірілетініне кепілдік беру тізбегінің келесі кезеңдеріне баса көңіл бөлеміз.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ МЫСАЛДАРЫ

стейкхолдерлер арасында бөлінген экономикалық құн – \$6 240 млн

Топтың Комплаенс-бағдарламасын тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша бірқатар ұсынымдар орындалды

Кобальттің өндірістік-өткізу тізбегінің ашықтығын қамтамасыз ету - Re|Source блокчейн-шешімі пилоттық режимде Metalkol RTR кәсіпорнында іске қосылды

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР



Құндылықты құру және бөлу

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 72 БЕТТЕ



Этика және комплаенс

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 80 БЕТТЕ



Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 86 БЕТТЕ



Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу және заңнама

ТОЛЫМДЫ АҚПАРАТ 94 БЕТТЕ



ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ



Құндылықты құру және бөлу

Стратегиялық мәнмәтін

Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы: Біздің 2025 жылға дейінгі Стратегиямыздың барлық элементтері қазіргі және ұзақ мерзімді перспективада құндылықты құру қабілетімізді қамтамасыз етеді. Өз кезегінде, бұл экономикалық құнды жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейлерде бөлуді қоса алғанда, кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі міндеттерді шешуге ықпал етеді.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Біздің акционерлер үшін ұзақ мерзімді перспективада құндылық жасау қабілетіміз Топ алатын түсімге, сондай-ақ өзіміздің стейкхолдерлеріміздің кең ауқымына экономикалық игіліктер беруге байланысты. Оларға кәсіпорындар орналасқан елдердің үкіметтері, осы елдердің қоғамдары, мердігерлеріміз, жеткізушілеріміз және қызметкерлеріміз кіреді.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Құндылық құру

Топтың негізгі экспорттық нарықтарға жауапты түрде өндірілген жоғары сапалы өнімнің жеткізілімдері инфрақұрылымды дамытудан бастап, электромобильдерді өндіруге дейінгі басқа компаниялар қызметінің әртүрлі бағыттарын қолдауға ықпал етеді (92 бет). Бұдан басқа, біз өндіретін электр энергиясын, сондай-ақ біз көрсететін теміржол қызметтерін және Қазақстанда өндіретін өнеркәсіптік жабдықты өзіміздің жеке кәсіпорындарымыз ғана емес, сондай-ақ басқа да өнеркәсіптік және тұрмыстық тұтынушылар пайдаланады.

Бұдан бөлек, біздің неғұрлым елеулі экономикалық әсеріміз құрамына төмендегілер кіретін біздің стейкхолдерлеріміздің арасында құндылықты тікелей бөлу нысанында көрінеді:

- Мердігерлер;
- Қызметкерлер;
- Акционерлер мен кредиторлар;
- Топ кәсіпорындары орналасқан елдердің (сондай-ақ басқа елдердің) үкіметтері;
- Жергілікті қоғамдастықтар (және жалпы елдер).

Өз кезегінде, бұл қосымша тікелей емес және жанама экономикалық әсермен қатар жүреді. Құндылықты бөлу Топтың 2021 жылы 59,3%-ға өсіп, едәуір артуын көрсеткен кіріс алуымен байланысты (10 бет).

Салықтар және төлемдердің ашықтығы

Топтың салық саясаты бізді тиісті салық заңдары мен нормативтік актілердің рухын берік ұстануға міндеттейді. Трансферттік баға белгіленіміне қатысты:

- Барлық ішкі мәмілелер нарық жағдайында жасалып, баға әрбір компания орындайтын экономикалық функциялардың сипатына (капиталды пайдалануды қоса алғанда) сәйкес анықталады;
- ЭЫДҰ-ның трансферттік баға белгіленімі жөніндегі басшылыққа алынатын нұсқауларында баяндалған әдістер мен қағидаттар қолданылады.

Біз ЭЫДҰ-ның 2021 жылдың соңында жариялаған салық базасының (GloBE

немесе Pillar 2 деп аталатын) жойылуына қарсы іс-қимыл жөніндегі жаңа жаңандық ережелерге талдау жүргіземіз. Бұл Топтың жеке салық тәжірибесі тұрғысынан Pillar 2 механизмін қолданудың салдарын бағалауды қамтиды.

Бұдан бөлек, біз Қазақстанда, ҚДР мен Замбияда өндіру саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету бастамасына (EITI) белсенді қатысуды жалғастырамыз¹.

Салық салу және төлемдердің ашықтығы мәселелеріне қатысты біздің көзқарасымыз туралы толық ақпарат Қосымшаның 107 бетінде берілген.

Жергілікті өндірушілерді қолдау

Қазақстан
Жергілікті қамтуға қойылатын заңнамалық талаптарға, сондай-ақ тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі біздің ішкі нормативтік құжаттарымыздың ережелеріне сәйкес, біз жергілікті халық өкілдерін жалдауға және дамытуға, сондай-ақ жергілікті өндірушілердің тауарлары мен қызметтерін сатып алуға ұмтыламыз. Қазіргі уақытта біз Қазақстандағы жергілікті жеткізушілерден сатып алатын тауарлар мен қызметтердің негізгі санаттарына шикізат, жанар-жағармай материалдары, арнайы киім,



аршу, геологиялық барлау және бұрғылау-жару жұмыстары жатады.

Біз өз қызметімізді және жалпы саланы қолдау үшін жаңа отандық кәсіпорындарды дамыту мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен, «Атамекен» Қазақстан Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және QazIndustry Қазақстандық индустрия және экспорт орталығымен ынтымақтаса жұмыс істейміз.

ERG жүзеге асырып жатқан тауарлардың импортын алмастыру және жергілікті жерде өндіру бағдарламасы отандық өнім берушілердің халықаралық стандарттарға

сәйкестігін қамтамасыз етіп, оларға инвесторлар тартуға септеседі. Осы мақсатта тауарлар мен қызметтерді жеткізуге ұзақ мерзімді немесе оффтейк-шарттар жасалады.

2021 жылы Павлодарда орналасқан компаниямен бес жыл мерзімге жалпы сомасы 29 млн АҚШ долларына 23 оффтейк - шарт жасалды. Олар құю бұйымдарын, темір жол техникасына қосалқы бөлшектер және жабдық бөлшектерін жеткізуді көздейді.

Осы бағдарламаны одан әрі іске асыру мақсатында Топ бірқатар мемлекеттік

мекемелермен ынтымақтаса еңбек етеді. Өткен жылы да бірқатар келісімдер жасалды:

- Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға үлес қосуға бағытталған алты ерікті келісім;
- Облыстардың әкімдіктерімен және өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен, оның ішінде Павлодар және Қарағанды облыстарында отандық өнім берушілердің даму стратегияларын әзірлеу туралы бес ерікті келісім.²

Цифрлық өнімдерді қолдау арқылы Қазақстанда әлеуметтік тұрақтылықты арттыру

Цифрлық технологиялар мемлекет пен ел азаматтарының алдында орнықты және гүлденген қоғамды дамыту үшін елеулі мүмкіндіктер ашады. Бұдан бөлек, цифрландыру шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуетін ашуға маңызды үлес қоса алады. Алайда, қарқынды дамып келе жатқан салада нәтижеге қол жеткізу үшін мақсатты инвестициялар, сонымен қатар эксперимент қажет.

Осыған байланысты, ERG – өмір сапасын жақсартуға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге бағытталған цифрлық бастамаларды іске асыруға жәрдемдесетін Eurasian Digital Ventures венчурлық қорының (бұдан әрі – Қор) инвесторы.

Қордың портфельдік компаниялары сервистерінің қатарына, атап айтқанда, азаматтар мемлекеттік органдарға ресми өтініш бере алатын платформа (eGOV порталына интеграцияланған eotinish сервисі), сондай-ақ халық санағының ресми сервисі (Sanaq) кіреді.

Қордың портфелі де мыналарды қамтиды:

- Цифрлық сәйкестендіру технологиялары (Digital ID), олардың көмегімен 7 миллионнан астам адам электрондық мемлекеттік қызметтерге қол жеткізді;
- Білім беру бағдарламалары және кәсіптік бағдарлау сервисі («Жаңа кәсіптер атласы») (38 бет) және EduNavigator, сондай-ақ онлайн кәсіптер мектебі (JumysBar)

¹ Өндіруші өнеркәсіптегі ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі бастамаға (EITI) қатысатын елдердің тізбесін қараңыз: <https://eiti.org/countries>.

² 2022 жылдың басында Ақтөбе және Қостанай облыстарының әкімдіктерімен және өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен қосымша келісімдер жасалды.

Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесіміз

2021 жылы біз ERG қызметінің ел және біздің кәсіпорындар орналасқан негізгі бес өңір деңгейіндегі әсерін қайта бағалау жүргізу үшін EY компаниясын іске тарттық¹.


ERG тікелей, тікелей емес² және жанама³ әсер ету тұрғысынан бағаланды. Төменде зерттеудің негізгі нәтижелері келтірілген.

2020 ЖЫЛЫ КӘСІПОРЫНДАР ОРНАЛАСҚАН ӨҢІРЛЕРДІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ



Өңірлер	АҚТӨБЕ	ҚОСТАНАЙ	ПАВЛОДАР	ШЫМКЕНТ ⁴	КАРАҒАНДЫ	БАРЛЫҒЫ ⁵
ЖІӨ-ге қосқан үлесіміз						\$2 955 млн
Тікелей үлес (\$ млн)	219,8	513,6	788,5	1,9	78,8	
Толық үлес (\$ млн)	523,0	704,2	1 365,3	7,6	142,2	
Өңірлердегі халықтың жұмыспен қамтылуына қосқан үлесіміз						137 298 адам
Тікелей үлес (адам)	12 600	16 300	24 500	500	2 700	
Толық үлес (адам)	34 700	30 800	52 900	900	5 300	
Еңбек кірісіне қосқан үлесіміз						\$824 млн
Тікелей үлес (\$ млн)	90,8	117,9	163,3	2,3	20,6	
Толық үлес (\$ млн)	187,4	190,9	293,7	4,2	36,1	

2013-2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ERG САЛЫҚ САЛЫМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

2020 жылы ERG үлесіне Қазақстандағы салық төлемдерінің жалпы көлемінің 2,8% тиесілі болды. Бұдан бөлек, ERG салық түрінде Төлеген әрбір 100 теңгеге экономиканың басқа салаларында 36 теңгені құрайтын қосымша құн құрылады. 2013 жылдан бастап 2020 жылға дейін ERG-дің салық түсімдеріне қосқан үлесі жылына орта есеппен 6%-ға артты.

Қазақстандағы салық төлемдерінің жалпы көлеміндегі ERG үлесі

2,8%

1 Бразилияның инфрақұрылым министрлігінің бағалауы негізінде.
2 Алдыңғы зерттеуді 2019 жылы EY компаниясы жүргізді.
3 Біздің шығындарымыздың жергілікті жеткізушілер мен мердігерлерге әсері.
4 Мұнда ERG-дің тек Шымкент қаласын дамытуға қосқан үлесі де есепке алынған.
5 Басқа өңірлерді қоса алғанда.

ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ ЖАЛҒАСЫ

Бұдан бөлек, Нұр-Сұлтанда жыл сайын «ERG Supplier Awards» байқауы өткізіледі, ол «Тау-кен шахта жабдықтарынан» бастап «Кәсіби қызметтерге» дейінгі санаттарды қамтиды. Бұл жеткізушілерді ынталандыру марапаты ғана емес, сонымен қатар отандық компанияларға өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыруға және нәтижесінде олардың экспорттық әлеуетін дамытуға ынталандырады.

Сондай-ақ, студенттерге арналған кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын (52 бет), цифрлық технологиялар саласындағы стартаптарды (73 бет) және жергілікті қоғамдастықтарды (51 бет) қоса алғанда, Қазақстанда отандық үлесті дамытудың қосымша бастамалары іске асырылуда.

Африка

2021 жылы ERG үшін басым міндет ҚДР Жер қойнауын пайдалану туралы кодекстің жаңа редакциясында белгіленген жергілікті қамтуға қойылатын жоғары талаптардың сақталуын қамтамасыз ету болды. Атап айтқанда, ол шығыс материалдары мен қызметтерінің негізгі көлемін ҚДР-да

қызмет ететін лицензияланған компаниялардан сатып алу керектігін көздейді¹.

Осы елдегі өнеркәсіп дамуының салыстырмалы түрде төмен деңгейін ескере отырып, біздің бірінші кезектегі міндетіміз – жер қойнауын пайдалану туралы Кодексте белгіленген техникалық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету. Қысқа және орта мерзімді перспективада бұл негізгі ресурстарды шетелден импорттайтын жергілікті компаниялармен ынтымақтастықты болжайды. ҚДР мен Замбияны қамтитын Мыс белдеуіндегі тау-кен саласының дамуына байланысты Топ Оңтүстік Африканың даму қоғамдастығына мүше елдерде бірқатар беделді компаниялармен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік алды.

Сонымен бірге, біз Құндылық құру тұрғысынан жергілікті қамтуды дамыту жұмысының ең маңызды бағыты – өндіріс пен қызмет көрсетуді тікелей сол мекенде өндіру болып табылатынын түсінеміз. Осыған байланысты, болашақта Топ ERG кәсіпорындарына тікелей қызмет көрсету үшін олардың әлеуетін дамыту және тиісті

стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ҚДР компанияларымен жұмыс істеуге басымдық бермек.

Қазір біз ҚДР және жалпы Африка өңіріндегі жергілікті жеткізушілерден сатып алатын тауарлар мен қызметтердің негізгі санаттарына химиялық өнімдер, жанар-жағармай материалдары, мердігерлік ұйымдардың қызметтері және техникалық қызмет көрсету кіреді.

Бразилия

VAMIN кәсіпорнының дамуы Баия штатындағы компаниялар үшін айтарлықтай коммерциялық мүмкіндіктер ашады. Топ тек оның құндылықтарын бөлісетін және экология, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару (ESG) стандарттарына сәйкес келетін жеткізушілермен ынтымақтасуға ниетті. Осыған байланысты, кәсіпорын қызметінің барлық бағыттары, соның ішінде кен орнын игеру және темір жол мен порт құрылысын қоса алғанда, жергілікті жеткізушілерді дамыту бағдарламасын іске асыруды бастады (77 бет). Бағдарлама аясында шамамен 100 жергілікті жеткізушіге олардың сапа және ESG стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қолдау көрсетіледі, бұл – оларды VAMIN компаниясының жеткізілім тізбегіне қосудың қажетті шарты. Сондай-ақ басқа компаниялармен ынтымақтастық үшін мүмкіндіктер қаралатын болады.

Бұған қоса, жергілікті кәсіпкерлер мен шағын кәсіпорындарды қолдауға (біліктілік, кәсіпкерлік, оқыту және табыс көздерін құру мәселелері бойынша әдістемелік қолдауды қоса алғанда), сондай-ақ жергілікті тұрғындардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған қолданыстағы серіктестіктер аясында жұмыс жалғасуда.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2021 жылы Топтың құрылған экономикалық құны 53%-ға артып, 7 994 млн АҚШ долларына жетті (2020 жыл: 5 209 млн АҚШ доллары). Бұл өсу, ең алдымен, Топ өнімдерінің көптеген түрлеріне бағаның өсуіне, сондай-ақ Metalkol RTR кәсіпорнының екінші кезегін жобалық қуатына шығару нәтижесінде кобальт гидроксиді мен металды мыс өндірісінің ұлғаюына байланысты болды. Толымды ақпарат 10 беттегі «Қызмет нәтижелері» бөлімінде берілген.

Бұл ретте, стейкхолдерлерге бөлінген экономикалық құн – 6 240 млн АҚШ доллары немесе құрылған экономикалық құнның 78%-ы шамасында (2020 жыл: 4 611 млн АҚШ доллары). Бөлінген экономикалық құнның өсуіне, басқалармен қатар, төмендегі жағдайлар себеп болды:

- Түсімнің өсуіне байланысты пайдаға салынатын салықтың, жер қойнауын



пайдалануға салынатын салықтың және роялтидің артуы;

- Материалдар бағасының қымбаттауы, Metalkol RTR кәсіпорнында өндірістің ұлғаюы, Frontier кәсіпорнында және Қашар карьерінде қосалқы мердігерлердің жұмысына арналған шығындардың өсуі, сондай-ақ 2020 жылға жоспарланған жұмыстардың кейінге қалдырылуына байланысты жеңдеу жұмыстарына арналған шығындардың ұлғаюынан (басқалармен қатар) туындаған операциялық шығындардың ұлғаюы;
- 2020 жылы 2021 жылға жоспарланған инвестициялардың кейінге қалдырылуына байланысты күрделі шығындардың ұлғаюы;
- Қызметкерлердің жалақысы мен жеңілдіктеріне жұмсалатын шығындардың өсуі: Африкада – өндірісті ұлғайту аясында персонал санының ұлғаюы нәтижесінде, Қазақстанда – еңбек нарығында Топтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жалақыны индексстеу нәтижесінде.

Жергілікті жеткізушілерді дамытудың VAMIN бағдарламасы

1. МІНДЕТТЕР

- Жергілікті жеткізілім тізбегінің тиімділігін арттыру
- Өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыруда және іскерлік байланыстарды кеңейтуде жеткізушілерге көмек көрсету
- Қызметтермен алмасудың тиімділігін және олардың сапа деңгейін арттыру
- Өңірлік дамуға жәрдемдесу

3. КӨЛЕМ

- 80-сағаттық оқыту
- Бағдарламаның басында және соңында жеке бағалау
- Консультациялық қолдау
- Бизнес мүмкіндіктерін құру

2. ҚАМТУ

- Баия штатындағы 15-тен астам муниципалитет
- 100-ден астам жергілікті компаниялар

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

- Экологиялық менеджмент
- Әлеуметтік жауапкершілік
- Сапа менеджменті
- Өндіріс қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
- Жоспарлау
- Маркетинг
- Қаржылық менеджмент
- Ұйымдастырушылық менеджмент
- VAMIN жеткізушілеріне қойылатын талаптар



¹ Конго азаматтары қатарынан мамандар тарту, сәйкес сараптамалық тәрибесі бар компанияларды табу мүмкіндігі болмаған жағдайларды қоспағанда.

ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ ЖАЛҒАСЫ

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН (\$ МЛН)

Типі	Түрі	2021 жылғы көрсеткіш					2020	2019
		Қазақстан	Африка	Бразилия	Басқалары	Жиыны	Жиыны	Жиыны
Құрылған экономикалық құн		5 521	1 980	80	413	7 994	5 209	4 874
Бөлінген экономикалық құн	1) Жеткізушілерге жұмсалған операциялық шығындар / төлемдер	(1 868)	(357)	(69)	(118)	(2 412)	(1 911)	(2 143)
	2) Қызметкерлерге төленетін жалақы мен жеңілдіктер	(624)	(139)	(5)	(188)	(956)	(802)	(869)
	3) Акционерлер мен кредиторларға төленетін төлемдер	(291)	(7)	-	(379)	(677)	(642)	(669)
	4) Салықтарды төлеуге жұмсалған шығындар	(773)	(613)	(11)	(29)	(1 426)	(683)	(609)
	5) Әлеуметтік инвестициялар	(58)	(6)	-	-	(65)	(65)	(118)
	Басқалары ¹	(580)	(72)	(52)	0	(704)	(508)	(754)
	Жиыны	(4 194)	(1 194)	(138)	(714)	(6 240)	(4 611)	(5 163)
Бөлінбеген құн	Бөлінбеген түсім	1 327	786	(58)	(301)	1 754	598	(288)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫНДАР (\$ МЛН)

Шығындар түрі	2021	2020	2019
Жергілікті өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемі (топішілік транзакцияларды қоса алғанда)	1 975	1 412	1 541
Жергілікті өндірушілерден сатып алудың жалпы көлемі (топішілік транзакцияларды қоспағанда)	908	775	867
Сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті өндірушілерден сатып алудың үлесі ²		52%	46%

ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРДЕН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

Қазақстан	Замбия	Бразилия
<ul style="list-style-type: none"> Сатып алынған тауарлар мен қызметтердің 49%-ы ел ішінде өндіріледі (2020 жыл: 52%) Тауарлар мен қызметтердің 21%³ біздің моноқалаларда жұмыс істейтін кәсіпорындардан сатып алынды⁴ (2020 жыл: 18%) 	<ul style="list-style-type: none"> Сатып алуға арналған шығындардың жалпы көлемінің 85% осы елдерде тіркелген компаниялардан сатып алу үлесіне келді (2020 жыл: 70%) 	<ul style="list-style-type: none"> Тауарлар мен қызметтердің 99% Бразилиялық компаниялардан сатып алынды (2020: 100%) Тауарлар мен қызметтердің 40% Баия штатында орналасқан компаниялардан сатып алынды (2020 жыл: 27%)

Жергілікті жеткізушілерден сатып алу көлемі шектеулердің күшін жоюмен және COVID-19 бойынша эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруы аясында әлемдік экономиканың қалпына келуімен, күрделі шығындардың ұлғаюымен және ішкі ұйымдастырушылық өзгерістерге негізделген тауарлар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің (сондай-ақ топішілік сатып алу) ұлғаюуы нәтижесінде өсті. Сонымен қатар, 2021 жылы жергілікті жеткізушілерден сатып алудың жалпы көлеміндегі үлесі (топішілік сатып алу есепке алмағанда) топішілік мердігермен көлік-экспедиторлық қызметтер көрсетуге шарттар жасасу нәтижесінде қысқарды.

Мемлекеттік органдарға салық және өзге де міндетті төлемдер түріндегі төлемдер – 1 083 млн АҚШ доллары (2020 жыл: 739 млн АҚШ доллары). Бұл динамика, ең алдымен, Metalkol RTR және Frontier кәсіпорындарының көрсеткіштеріне мыс және кобальт бағасының өсуінің әсерінен,

сондай-ақ Metalkol RTR кәсіпорнының сату көлемінің артуымен байланысты болды. Қазақстандағы Топ кәсіпорындарының көрсеткіштеріне әсер еткен темір кені, феррохром және алюминий бағасының артуы, өсудің тағы бір факторы болды.

Топтың тиімді табыс салығы мөлшерлемесі (27,5%) біз өндіру және қайта өңдеу қызметін жүзеге асыратын және Топтың барлық салықтарының 97%-дан астамын төлейтін елдердегі қолданыстағы табыс салығының мөлшерлемелерін көрсетеді (2020: 95%-дан астам). Мәселен, Африкада Топ кәсіпорындары үшін пайдаға салықтың тиімді мөлшерлемесі 37%, ал Қазақстанда – 20% деңгейінде белгіленген.

Топ Қазақстандағы, ҚДР мен Замбиядағы ЕІТІ бастамасы аясында ұсынылатын есептіліктен басқа, Люксембургтің әкімшілік органдарына 2020 қаржы жылына арналған есептіліктің мынадай түрлерін ұсынды:




- Еуропалық Одақтың (ЕО) Бухгалтерлік есеп туралы директивасына сәйкес үкіметтерге төленген төлемдер туралы есеп (2013/34 / ЕО)⁵;
- ЭЫДҰ-ның салық салынатын базаның жойылуына және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл жөніндегі 13-ші әрекеті аясында ЭЫДҰ-ның елдік есебі (BEPS).

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЫМЫЗ




Құрылған және бөлінген экономикалық құнды қолдау және көлемін ұлғайтудың жоспарланған шаралары туралы толық ақпарат 16 беттегі «Бизнесімізді болашаққа дайындау» тарауында ұсынылған.

1 Күрделі шығындар негізгі құралдардың шығуын есепке алмағанда, жалпы мәнде берілген.
2 Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда.
3 Топішілік сатып алуды қоса алғанда.
4 Есепке мынадай моноқалалар енгізілген: Ақсу, Екібастұз, Арқалық, Лисаков, Рудный және Хромтау.
5 ЕО, 2013/34/ЕС Директивасы: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX%3A32013L0034>

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ БОЙЫНША САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ ЖӘНЕ РОЯЛТИ (\$ МЛН)



САЛЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ ЖӘНЕ РОЯЛТИДІҢ ТҮРІ БОЙЫНША (\$ МЛН)



ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ



Этика және комплаенс

Стратегиялық мәнмәтін

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің заңнамасын сақтау және қатаң этикалық нормаларға, оның ішінде адам құқықтарына қатысты нормаларға сәйкестік – біздің қызметіміздің негізі. Осы саладағы кез келген сәйкессіздік елеулі заңды салдарға әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар біздің беделімізге, іскерлік қарым-қатынасымызға нұқсан келтіріп, бизнесіміздің ұзақ мерзімді мақсаттарына жетуге әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, бұл саладағы біздің талаптарымыздың толассыз сипатын ескерсек, комплаенс – біздің қызметіміздің негізгі бағыты.

БҰҰ релевантты ОДМ
БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



ERG-де комплаенс функциясының үздіксіз дамуын қамтамасыз етуге бағытталған келесі жұмыстар жүргізілуде:

- Нормативтік талаптарды сақтаумен шектелмейтін іскерлік этика мәселелеріне барынша кең тәсілдемені енгізу;
- Орналасқан жеріне қарамастан, біздің бизнесіміздің барлық бағыттары бойынша құндылықтар жасауға ықпал ететін қарапайым стандарттарды енгізу;
- Сыртқы бақылаудың неғұрлым жоғары деңгейін қоса алғанда, Топтың жанандық саясаттарында экология, әлеуметтік даму және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы өзгермелі нормативтік талаптар мен кезекті мәселелердің неғұрлым толық есепке алынуын қамтамасыз ету.

Осы жұмыс аясында кешенді сипаттағы Топта қолданылатын контрагенттерді кешенді тексеру процесімен (ККТ) салыстырғанда неғұрлым кең қамтылатын үшінші тараптардың тәуекелдерін басқару тәсілемесі әзірленуде. Атап айтқанда, ол адам құқықтарының сақталуына алдын-ала кешенді тексерулер жүргізуді қоса алғанда, жеткізу тізбегін жауапты басқаруға белсенді көзқарасты көздейді.

Жыл бойы Топ қызметінің барлық бағыттары бойынша тау-кен металлургия, денсаулық сақтау және цифрлық технологияларды дамыту саласында ISO 19600 «Сәйкестік менеджменті жүйелері»

және ISO 37001 «Жемқорлыққа қарсы іс-әрекет менеджменті жүйелері» стандарттарын қоса алғанда, ERG-дің комплаенс саласындағы бастамалардың халықаралық озық тәжірибелерге сәйкестікке өзін-өзі бағалауы жүргізілді. Бұл жұмыстың нәтижелері ERG-дің 2020 жылы комплаенс-менеджмент жүйесіне жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижелері (81 бет) 2021 жылы іске асырылған бастамалардың негізіне алынды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Топтың комплаенс-менеджменті жүйесінің негізінде тәуекелдерді басқару қағидаттары жатыр.

Бұл жүйе тау-кен металлургия, көлік және энергетика салаларындағы негізгі қызметке қосымша ERG-дің реттелетін қызмет түрлерін, оның ішінде денсаулық сақтау (53-57 беттер) және цифрлық технологияларды дамыту (29, 73 бет) салаларын жүзеге асыратынын ескере отырып, бейімделді. Бұдан басқа, жүйе кеңейтіліп, енді комплаенс мәселелерін ғана емес, сондай-ақ адам құқықтарына қатысты мәселелерді және ESG қызметінің түрлі аспектілерін басқаруды қоса алғанда, іскерлік этика мәселелерінің кең ауқымын қамтиды.

Саясат және процедуралар

Біздің комплаенс саласындағы саясатымыз бен басшылыққа алынатын

2021 жылғы комплаенс саласындағы негізгі тәуекелдер:


- Халықаралық санкцияларды сақтамау
- Дербес деректерді қорғау талаптарын сақтамау
- Ақшалай қаражаттардың жылыстатуына қарсы іс-әрекет бойынша талаптарды сақталмау
- Адам құқықтарын сақтамау
- Парақорлық пен жемқорлыққа қарсы іс-әрекет талаптарын сақтамау

Толық ақпарат Қосымшада берілген.

құжаттарымызды Топ деңгейінде тиісті бақылауды қамтамасыз ете отырып, өңірлер мен кәсіпорындар деңгейінде Топтың комплаенс-менеджерлер енгізеді. Осы саладағы негізгі элементтер Корпоративтік мінез-құлық кодексін, ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексін, сондай-ақ ККТ процесі сияқты ілеспе саясат пен процедураларды қамтиды. 2021 жылы мыналар өзектендірілді:

- Топтың құндылықтарын қамтитын ERG-дің Корпоративтік мінез-құлық кодексі,

КОМПАЕНС-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ



сондай-ақ ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі және жаңа редакциядағы агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету саясаты;

- Тәуекел деңгейі жоғары шарттарға қатысты бақылаудың қосымша механизмдерін, сондай-ақ ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығы басшылыққа алынатын қағидаттарының жекелеген талаптарын қоса отырып, ККТ процесі (82 бет).

Комплаенс саласындағы ERG саясаты туралы толық ақпарат Қосымшада келтірілген.

ERG Комплаенс-бағдарламасын тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша ұсыныстарды орындау

2021 жылы Топтың және өңірлердің комплаенс саласындағы жоспарларын дайындау кезінде ERG Комплаенс-бағдарламасының 2020 жылы жүргізілген озық тәжірибелерге сәйкестігін бағалау қорытындысы бойынша Ұлыбританиялық тәуелсіз заң фирмасы әзірлеген бірқатар ұсынымдар ескерілді. Жұмыстың негізгі бағыттары:

- ERG саясатын қайта қарастыру, соның ішінде ERG Корпоративтік мінез-құлық кодексі мен ККТ процесін өзектендіру;
- Комплаенс функциясының ұйымдық құрылымының өзгеруі, оның ішінде Топ қызметі мен сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып, функцияның персонал санының ұлғаюын бекіту. Бұл, сондай-ақ, Топ қызметінің барлық бағыттарына орнықты даму қағидаттарын енгізуге баса назар аударуды көздейді;
- Үрдістерді талдауды, ереже бұзушылықтар туралы хабарламаларды салыстырмалы талдауды және жіктеуді қоса алғанда, ереже бұзушылықтар туралы хабардар ету жүйесінің тиімділігін арттыру;
- ККТ-ның қолданыстағы процесі негізінде үшінші тараптардың тәуекелдерді басқару бағдарламасының (TPRM) қағидаттарын әзірлеу. Осы бағыт аясында жеткізілім тізбегін жауапты басқаруға және ESG қағидаттарын біріктіруге ерекше назар аударылады.

КІРІСТЕ
БИЗНЕСІМІЗДІ БОЛАШАҚҚА ДАЙЫНДАУ
АДАМ ДАРЫМЫЗДЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ СЕПТЕСЕ ОТЫРЫП
ЖЕРГІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ӨЛ-АУҚАТЫ
ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ
ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Оқыту және коммуникация

ERG өзінің іскер серіктестерімен, басқару органдарының мүшелерімен және қызметкерлерімен қашықтықтан және көзбе-көз жұмыс жүргізеді. Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстанда «Амбассадорлар институтын» дамытуға қамтиды, оның міндеті – осы міндеттемені орындау үшін процестер иелерінің жауапкершілігін көтермелеу арқылы ERG-дің негізгі қызметіне комплаенс-тәжірибені біріктіру.

Қызметкерлердің негізгі екі тобы үшін комплаенс саласында мамандандырылған оқыту жүргізіледі:

- Қызметкерлер корпоративтік мінез-құлық кодексімен танысу курсынан өтеді;
- Жоғары тәуекелдерге ұшыраған процестерге тартылған мамандар (әлеуметтік инвестициялар, сатып алу, сату және қаржы сияқты) ККТ жүргізу, дербес деректерді қорғау, адам құқықтарын сақтау және санкциялар мәселелері бойынша қосымша оқытудан өтеді.

2021 жылы ERG қызметкерлерін жаңартылған Корпоративтік мінез-құлық кодексімен таныстыру мақсатында қашықтықтан оқытуға ерекше назар аударылды. 2022 жылдың басында бұл курс Қазақстанда және ERG корпоративтік кеңселерінде іске қосылды. Қашықтықтан оқыту платформасы парақорлыққа және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, санкциялар, жеке деректерді қорғау және адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша оқыту жүргізу, сондай-ақ ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексімен танысу үшін қолданылады. Бұдан бөлек, ККТ бойынша оқыту материалдары оларға қақтығыстар аймақтары мен жоғары тәуекел аудандары бойынша жаңа ақпаратты қоса отырып, өзектендірілді (CAHRA, 83 бет).

Санкцияларды сақтауды басқару жүйесі

ERG-дің санкцияларды сақтау бағдарламасы АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) 2019 жылы шығарған комплаенс-міндеттемелер жүйесіне және 2018 жылғы ЕО-ның жалпы сыртқы саясаты мен қауіпсіздік саясаты аясында шектеу шараларын (санкцияларды) қолдану мен бағалау нұсқаулығына сәйкес әзірленді.

Бұл Бағдарламаның негізгі элементтері:

- Менеджерлер Кеңесі бекіткен және ERG-дің барлық қолданылатын халықаралық санкцияларды сақтау жөніндегі міндеттерін белгілейтін саясаттың нақты тұжырымдалған қағидааттары;
- Оқыту және ақпараттандыру;
- Ішкі стейкхолдерлерге санкциялар және олардың нақты уақыт режиміндегі

ықтимал әсері бойынша өзекті ақпарат беру;

- Санкциялық режим өзгерістерінің және тәуекелдерді бағалаудың тұрақты сыртқы және ішкі мониторингі;
- Біздің ККТ базамызды пайдалана отырып, сондай-ақ бөгде ұйымдарды тарта отырып, жұмыс істейтін контрагенттерге қатысты санкциялық тәуекелді тексеру;
- Меншік мәселелері бойынша ішкі және сыртқы кешенді тексерулер;
- Санкциялық режим өзгерген жағдайда үшінші тараптармен өзара әрекеттесуді талдау және санкцияларды қолдануды талдау (оның ішінде санкциялар мәселелеріне маманданған тәуелсіз сыртқы заңгерлердің көмегімен);
- Қажет болған жағдайда - қолданылатын санкциялардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, атап айтқанда, қолданылатын лицензиялардың шарттарына сәйкес шарттардың талаптарына өзгерістер енгізуді және оларды бұзуды қоса алғанда, үшінші тараптармен өзара әрекеттесу шарттарын қайта қарастыру;
- Санкциялар режиміндегі болашақ өзгерістерді ескере отырып, сценарийлік жоспарлау;
- Санкцияларға және тиісті жағдайларда шарттарды бұзу құқығына қатысты ережелерді шарттарға енгізу.

Ресейге қарсы санкциялар

Жоғарыда аталған элементтер Украинадағы қазіргі қақтығыстарға және әртүрлі компаниялар мен жеке тұлғаларға қарсы санкцияларға байланысты қолданылады.

Топтың комплаенс бөлімшесінің басшысы осы жағдайға ден қою мақсатында құрылған және атқарушы комитеттің мүшелері мен тиісті департаменттердің басшыларын қамтитын басшылар тобының құрамына кіреді. Топтың міндеттеріне төмендегілерге байланысты мәселелер бойынша белсенді басқару және шешім қабылдау кіреді:

- Санкциялар тәуекелі бар немесе санкциялар қолданылатын контрагенттер мен шарттар;
- Нақты санкциялық тәуекелдер;
- Баламалы нарықтарда жұмыс істеу және баламалы бизнес-әріптестерді тарту мүмкіндіктері;
- Тәуекелдер мен санкциялардың әсерін төмендету іс-шараларын іске асыру мониторингі.

Бұл Санкцияларды сақтау бағдарламасына сәйкес санкциялардың тұрақты мониторингін қамтиды. Жағдайдың дамуы туралы ақпарат нақты уақыт режимінде Топтың Атқарушы басшылығына ұсынылады. Бұдан басқа, санкциялардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты басшылар тобына, сондай-ақ, Атқарушы

комитет пен комплаенс жөніндегі комитетке осы мәселелер бойынша егжей-тегжейлі есептер мен талдау нәтижелері ұсынылады.

2022-2023 жылдарға санкциялар қолдану Сценарийлері әзірленді. Бұл ретте, қолданыстағы Санкциялар бағдарламаларын да, сондай-ақ болашақта ықтимал санкциялар енгізуді де ескере отырып, санкциялардың Топтың өтімділік деңгейі мен табыстылығына әлеуетті әсеріне ерекше назар аударылды.

ERG санкциялық тізімдерге енгізілген клиенттерге шикізат тауарларын жеткізуді тоқтатып, тиісті көлемді басқа клиенттер мен басқа нарықтарға бағыттады. Бұл жағдай Топтың коммерциялық қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. ERG әлеуетті жаңа клиенттердің санкциялық тізімдерде бар-жоғына тексеру жүргізеді.

Топ санкциялар қолданылатын жеткізушілермен өзара әрекеттесуді тоқтатқанына қарамастан, бұл жеткізілім тізбегіндегі үзілістерге әкеп соқпады. Топ баламалы жеткізушілерге қайта бағдарланды және әлеуетті жаңа жеткізушілерді ККТ/ (KYC) процедуралары аясында олардың санкциялық тізімдерде болуына тексеру жүргізеді. Бұдан басқа, өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті қосалқы бөлшектердің, материалдар мен жабдықтардың қорлары құрылды.

Контрагенттердің кешенді тексерілуі

ККТ процесі Топтың Комплаенс-мамандары комплаенс саласындағы сенімді сыртқы ақпарат көздері мен деректер базасын пайдалана отырып, контрагенттерге кешенді тексеру жүргізеді. Бұл бізге әрбір контрагентке тәуекел рейтингтерін беруге және тиісті тәуекелдерді азайту үшін қажетті шараларды анықтауға мүмкіндік береді. ККТ барысында келесі аспектілер бойынша ақпарат талданады:

- Санкцияларды бұзу;
- Мүдделер қақтығысы;
- Заңсыз жолмен алынған ақшалай қаражатты заңдастыру;
- Парақорлық және жемқорлық;
- Деректердің таралуы;
- Адам құқықтарының бұзылуы;
- БАҚ-тағы теріс жарияланымдар және өзге де бедел тәуекелдері.

Бұдан басқа, 2021 жылы ERG-де әрекет ететін ККТ процесіне біріктірілген CAHRA¹ аймақтарын (CAHRA рәсімі) анықтау және талдау процедуралары әзірленді. Біз контрагенттерге кешенді тексеру жүргізудің қолданылатын әдістерін дамыту жұмысын жалғастыратын боламыз. Бұл ретте, олардың ӘЫДҰ-ның тиісті сақтығының Басшылыққа алынатын қағидааттарында жазылған және бес кезеңді қамтитын кешенді тексеру жүргізу тәртібіне толық

сәйкестігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылатын болады.

Толық ақпарат <https://www.oecd.org/corporate/mne/mining.htm> сайтында ұсынылған.

Үшінші тараптардың тәуекелдерін басқару бағдарламасы

ERG-де Топ қолданатын ККТ процесіне сүйенетін үшінші тараптардың тәуекелдерін басқару бағдарламасы (TPRM) әзірленуде. Ол ERG-ге ESG саласындағы нормативтік талаптардың тез өзгеруіне (және қатайтуына) бейімделуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, TPRM бағдарламасы:

- Топтың барлық контрагенттерін – жұмыс істейтін іскер серіктестерден бастап жаңа жеткізушілерге дейін қамтитын болады;
- ESG көрсеткіштерін, сондай-ақ жедел шешім қабылдау үшін терең талдауды қамтитын болады;
- Сатып алу процедураларын жүргізу/контрагенттерді тексеру кезеңінен бастап шарт жасасу алдында және ынтымақтастық аяқталғанға дейін қолданылатын болады;
- Әрекет ету мерзімі ішінде шарттарды сүйемелдеуге қатысатын ішкі қызметтердің жұмыс бағыттарының одан әрі интеграциялануын қамтамасыз ететін болады.

Бұдан басқа, осы бағдарлама шеңберінде үшінші тараптардың тәуекелдерін басқарудың қазіргі құралдары мен процестерінің жиынтығы жүйелендірілетін

және бүкіл Топты қамтитын кешенді жүйеге біріктірілетін болады.

Ереже бұзушылықтар туралы хабарлау

ERG-де Тәуелсіз операторларға қызмет көрсететін Топтың құпия жедел желісі жұмыс істейді (толық ақпарат <http://erg.ethicspoint.com> сайтында). Біз күдікті ереже бұзушылықтар туралы адал ниетпен хабарлаған қызметкерлерді қорғауға және қажет болған жағдайда, олардың өтініштерінің құпиялылығын сақтауға міндеттенеміз.

2021 жылы комплаенс-менеджмент жүйесіне бағалау жүргізу үшін тартылған сыртқы заң кеңесшісінің ұсынымдарын орындау қорытындысы бойынша, кейіннен сыртқы заң кеңесшісі қосымша тексерулер жүргізе отырып, ERG-дің ереже бұзушылықтар туралы хабарлар ету жүйесіне өзін-өзі бағалау жүргізілді. Қосымша тексерулер сол заң фирмасына тапсырылды. Өзін-өзі бағалау ереже бұзушылықтар туралы ақпараттандыру жүйесін озық тәжірибелерге сәйкестігін бағалауды және құқықтық және нормативтік-құқықтық ортадағы өзгерістерді талдауды, сондай-ақ деректердің ретроспективті талдауын қамтыды. Бұл жұмыс жүйені жетілдіру және оның сенімділігін арттыру мақсатында 2022 жылы жүргізілді.

Оған қоса:

- Ереже бұзушылықтар туралы хабарлау және тергеу жүргізу тәртібі туралы саясат

қайта қаралып, қызметтік тергеу жүргізудің жаңа регламенті әзірленді;


- ESG саласындағы тәуекелдер мен инциденттерді қоса алғанда, ереже бұзушылықтар туралы хабарламалардың сыныптамасы өзектендірілді;
- Ситуациялық талдау жүргізу үшін қосымша мамандар тартылды.

ENRC-ге қатысты SFO тергеу-тексерулер

2013 жылғы 25 сәуірде аса ірі көлемдегі алаяқтықпен күрес жөніндегі Британдық Бюро (SFO) ENRC-ге (бұдан әрі – «Компания») қатысты тергеу бастады. SFO мәлімдемесіне сәйкес, тергеудің негізгі тақырыбы – Африкада тау-кен активтерін сатып алу кезіндегі алаяқтық, парақорлық және жемқорлық туралы айып тағу болды. 2015 жылғы 14-ші мамырда SFO тергеу құрамына компанияның Қазақстандағы операциялық қызметінің кірмейтінін растады, 2018 жылғы 23 қазанда бұл фактінің қосымша өзгерістер болған жоқ. Тергеу барысында Компания SFO-ның барлық міндетті талаптарын орындады, сонымен қатар SFO сұранысы бойынша материалдардың үлкен көлемін өз еркімен берді.

TPRM ПРОЦЕСІ

КОМПАЕНС-СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ ТОЛЫҚ ЦИКЛІ



Үшінші тараптардың тәуекелдерін басқарудың негізгі функционалы мыналарды қамтиды:

- Үшінші тараптардың және таңдалған «төртінші тараптардың» қосалқы мердігерлердің орталықтандырылған тізбесі;
- ESG саласындағы тәуекелдердің тереңдетілген талдауын қоса алғанда, талдауға жататын тәуекелдердің кеңейтілген (ККТ процесімен салыстырғанда) тізбесі;
- Әртүрлі қауіп факторларын анықтау / сандық бағалау және олардың бизнес-пайдаланушылардың қатысуымен бірлескен мониторингі;

- Тәуекелдерді жоспарлаудың, шарттарды сүйемелдеудің, олардың орындалуын және бұзылуына мониторингтің толық циклі;
- Нормативтік талаптардың сақталуына мониторинг және ішкі нысаналы көрсеткіштердің орындалуына арналған көрсеткіштер жүйесі;
- Шектес платформалармен біріктірілген деректер ағынын басқаруға арналған ыңғайлы құрал.

1 Қақтығыс аймақтары және жоғары қауіпті аймақтар.

Адам құқықтарын сақтау

Адам құқықтарын сақтау саясатына сәйкес біз бүкіл әлемге танылған адам құқықтары мен еңбек стандарттарының сақталуын ұстанамыз (107 бет). Бұл талаптар ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексіне көрсетілген.

2021 жылы ERG-дің адам құқықтары саласындағы тәсілдемесін жетілдіру шаралары қабылданды. Осы мақсатта:

- ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексіне енгізу жұмыстары жалғастырылды (87 бет);
- ЭЫДҰ-ның тиісті сақтықтың Басшылыққа алынатын қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін SAHRA (83 бет) жаңа рәсімі енгізілді;
- «Жауапты алюминий өндірісі» жаңа бағдарламасы жүзеге асырылды (87 бет);
- «Таза кобальт және мыс» бағдарламасын жетілдіру жұмыстары жалғастырылды¹ (88 бет).

Біз тәуекелдерді үздіксіз бағалап, мониторинг жүргіземіз. Бұл жұмыс мыналарды қамтиды:

- Топ кәсіпорындары бар өңірлерде тәуекелдерді бағалау (бұл бағалау 2018-2019 жылдары жүргізілді; 2022 жылға оның нәтижелерін өзектендіру жоспарланған);
- Жылына 4-5 рет өткізілетін Metalkol RTR кәсіпорында тәуекелдерді тұрақты бағалау;
- Қазақстандағы SAHRA процедурасына сәйкес талдау жүргізуді бастау.

2022 жылы ERG қолданатын тәсілдемені адам құқықтарының сақталуына кешенді тексерулер жүргізуін жетілдіру қамындағы жұмысты жалғастыру жоспарлануда.

Бұған қоса, ERG-де Жеткізушілердің мінез-құлық кодексі мен ККТ процесі енгізілді, сондай-ақ Топтың жеткізу тізбегіндегі еріксіз, мәжбүрлі, міндетті немесе балалар еңбегінің кез келген көріністерінің алдын алу мақсатында тәуекелі жоғары салалар үшін атаулы іс-шаралар жоспары әзірленді. Сонымен қатар, біз осы тәжірибелердің біздің бизнесіміздің кейбір салаларында және кейбір бизнес-серіктестермен, әсіресе Африкадағы қарым-қатынастар аясында болу тәуекелін мойындаймыз. Осы тәуекелді төмендету мақсатында Адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету және жеткізілімдердің жауапты тізбектерін қалыптастырудың қосымша процедуралары енгізілді.


Біз ККТ процесі барысында жеткізушілерге талдау жүргіземіз. Олармен ынтымақтастықтың қажетті шарты - адам құқықтарын сақтау саясатын ұстану. Бұдан басқа, тәуекелі жоғары облыстар үшін біздің өңірлік комплаенс-мамандар тиісті кезеңділікпен кеңселерде/ кәсіпорындарда адам құқықтарын сақтамау тәуекеліне бағалау жүргізеді. Анықталған тәуекелдер (және олармен байланысты бақылау шаралары) тәуекелдердің тиісті тізілімдерінде тіркеледі; оларды азайту жөнінде шаралар қабылданады.

Осыған сүйене отырып, біз қызметкерлерімізді оқытамыз. 2022 жылы Адам құқықтары және Жеткізушілердің мінез-құлық кодексі бойынша қосымша оқыту курстары іске қосылады. Сонымен қатар, біздің тәуекелдерді бағалау процесі негізінде мекен-жай аудиттері мен жеткізушілерді оқыту курстары жүргізіледі.

Толық ақпарат:

- ERG-дің адам құқықтары саласындағы қағидаттарының барлығы <https://www.eurasianresources.lu/en/pages/sustainable-development/respecting-human-rights> сайтында жарияланған;
- Кобальт жеткізілімдерінің тізбегі аясында және Конго Демократиялық Республикасындағы кәсіпорындарымызға жақын орналасқан кеншілер қауымдастықтарында адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында біз қабылдаған шаралар туралы ақпарат 46 [https://www.eurasianresources.lu/uploads/1/files/ERGs%20Clean%20Cobalt%20and%20Copper%20Framework%20\(07.07.22\).pdf](https://www.eurasianresources.lu/uploads/1/files/ERGs%20Clean%20Cobalt%20and%20Copper%20Framework%20(07.07.22).pdf) сайтында жарияланған;
- Топтың ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығының Басшылыққа алынатын қағидаттарын сақтауы туралы ақпарат 83 бетте және <https://www.eurasianresources.lu/en/pages/sustainable-development/responsible-sourcing> сайтында ұсынылған.

2021 ЖЫЛҒЫ КОМПАЕНС САЛАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУ КӨРСЕТКІШТЕРІ (ОҚЫТУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ)



НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2021 жылы 2 455 қызметкер үшін Корпоративтік мінез-құлық кодексіне (2020 жылы: 1 308 қызметкер) кіріспе нұсқама және жыл сайынғы тұрақты оқыту өткізілді². Осылайша, оқу бағдарламасының қамтылымы кеңейтілді.

Оған қоса:

- ERG-дің іскер серіктестері, басқару органдарының мүшелері мен қызметкерлері біздің комплаенс-саясатымызбен және қашықтықтан оқыту, соның ішінде ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексіне енгізу қамында жүргізіліп жатқан жұмыстар аясындағы процедуралармен танысты;
- Шамамен 17 мыңнан астам ККТ орындалды (2020 жыл: 14 мың тексеру) (91 бет);
- Топтың жедел желісі бойынша біздің қызметкерлеріміз бен іскер серіктестерімізден (2020 жыл: 319) 317 өтініш (289 хабарлама және 28 сұрақ) алынды, оның ішінде сатып алу қызметімен, алаяқтық әрекеттермен, ұрлықпен және еңбек жағдайларымен байланысты Корпоративтік мінез-құлық кодексінің ережелерін бұзудың 95 расталған жағдайы (2020 жыл: 75) бар. Барлық расталған өтініштер бойынша бизнесті бақылау механизмдерінің тиімділігін арттыру шараларын, қосымша тренингтер мен жұмыс кеңестерін өткізуді, сондай-ақ тәртіптік шараларды қоса алғанда, түзету шаралары қабылданды.

2021 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК ТӘРТІП КОДЕКСІН БҰЗУ ТУРАЛЫ КЕЛІП ТҮСКЕН ХАБАРЛАМАЛАР (ЕРЕЖЕ БҰЗУ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША)

Ереже бұзу түрі	Жалпы хабарлама саны	Расталған хабарламалар
Сатып алулар ³	98	32
Алаяқтық/ұрлық	59	29
Еңбек жағдайлары	62	14
Өндіріс қауіпсіздігі және экология	10	5
Парақорлық пен жемқорлық	2	0
Деректерді қорғау / құпия ақпаратты заңсыз пайдалану	1	0
Адам құқықтары	3	3
Басқалары ⁴	54	12
Жалпы саны	289	95

Жыл бойы Топқа қатысты қандай да бір елеулі сот шешімдері немесе реттеушілердің санкциялары (оның ішінде Топтың әлеуметтік, экономикалық және (немесе) еңбек саласындағы ықпалына байланысты) қозғалмады және шығарылмады. Сол сияқты, Топ қолданыстағы халықаралық санкциялар тұрғысынан тергеп-тергеуге, талап-арыздарға немесе қорытындыларға ұшырамады.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ

2022 жылғы (және одан кейінгі кезеңде) жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Енгізуге жоспарланған үшінші тараптардың тәуекелдерін басқару процесі аясында ESG аспектілерін одан

әрі интеграциялауды, ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығының Басшылыққа алынатын қағидаттарына сәйкес SAHRA рәсімі шеңберінде тәуекелдерді бағалау, адам құқықтарын сақтамау тәуекелдерін бағалау және нәтижелерін өзектендіру (84 бет), сондай-ақ тиісті оқыту мен аудиттер өткізу;

- ERG мамандарының біліктілігін арттыру үшін комплаенс мектебін құру;
- Топтың барлық бөлімшелерінде Адам құқықтарын сақтау саясатын қайта қарау және адам құқықтарына байланысты мәселелер бойынша онлайн-тренингтер ұйымдастыру;
- Топ Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі бойынша онлайн-тренингтер өткізе бастау;
- Адам құқықтарының сақталуына кешенді тексерулер жүргізу жөніндегі Топтың бағдарламасын әзірлеу (84 бет).



1 Одан бұрын – «Таза кобальт» бағдарламасы.

2 Адам құқықтарына байланысты мәселелерді қоса алғанда.

3 Бұл санатқа компанияның сатып алу процедураларының ережелерін бұзу жатады. Мәселен, тендер құжаттамасындағы абайсызда кеткен қателіктер де ереже бұзу.

4 "Өзге" де санатына басқалармен қатар мүдделер қақтығысына да қатысты расталған хабарламалар жатады.

ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ



Жауапты өндірістік-өткізу тізбектері

Стратегиялық мәнмәтін

Біздің кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатына жәрдемдесуге деген ұмтылысымыз қызметіміздің аясынан шығып отыр. Біз іскер серіктестеріміз, соның ішінде мердігерлеріміз бен жеткізушілеріміз арасында жауапты мінез-құлықты ынталандыруға тырысамыз.

Сонымен қатар, біз өз клиенттеріміз бен серіктестерімізге олардың өндірістік-өткізу тізбегінде біздің өнімдеріміздің экологиялық, әлеуметтік немесе басқарушылық жағымсыз салдарға әкеп соқтырмайтын жауапты түрде өндірілгеніне кепілдік беруге тырысамыз. Бұл, әсіресе, КДР-да өндірілген кобальтқа қатысты, стейкхолдерлердің аккумуляторлы батареяларының өндірістік-өткізу тізбектерінің ашықтығы мен жауапкершілігіне қатысты үмітінің артуына байланысты.

БҰҰ релевантты ОДМ
БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



Өзіміздің жеткізілім тізбегімізді жауапкершілікпен басқарумен қатар, біз үшін келесі қайта бөлулердің қатысушыларына өнімдеріміздің шығуы туралы ақпарат беру маңызды. Бұл ретте әлемдік қоғамдастық КДР-да кобальт өндіру,

қайта өңдеу және сату қандай жағдайда жүзеге асырылатынына ерекше назар аударады.

Бұл саладағы жағдай екпінді өзгеруде: стейкхолдерлердің көбі кобальт үшін ғана

емес, басқа да пайдалы қазбалар мен металдар үшін жауапты өндірістік-өткізу тізбектеріне кепілдік беру туралы талаптар қояды.

Топ Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексінің негізгі талаптары

- Басымдыққа байланысты ERG-дің тиісті саясаттары мен процедураларының және қолданылатын ұлттық немесе халықаралық стандарттардың талаптарына сай келетін жұмыскерлерге қауіпсіз және денсаулығына қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- Парақорлық пен жемқорлыққа мүлдем төзбеу;
- Мәжбүрлі және еріксіз, сондай-ақ балалар еңбегін пайдаланбау;
- ERG-дің Адам құқықтарын сақтау саясатын, сондай-ақ БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісінде кәсіпкерлік қызметтің басшылыққа алынатын қағидаттарын, ЭЫДҰ-ның пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін жауапты басқару үшін тиісті сақтықтың басшылыққа алынатын қағидаттарын және адам қауіпсіздігі мен құқықтарына қатысты ерікті қағидаттарды сақтауға міндетті;
- ERG-мен кенді және пайдалы қазбаларды жеткізуге қатысты кешенді тексерулер барысында ақпарат беру сұраныстары бойынша ынтымақтасу.

Толық ақпарат <https://eurasianresources.lu/en/pages/group-compliance/supplier-code-of-conduct> сайтында ұсынылған.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі¹

2021 жылы ERG жеткізушілерінің жақында әзірленген мінез-құлық кодексін енгізу жұмысы жалғастырылды. Өнім берушілердің онда баяндалған талаптарды сақтауы ERG-мен ынтымақтастық үшін міндетті шарт болып табылады. Сонымен қатар, жеткізушілер өздерінің қосалқы мердігерлерімен Кодекс талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексін енгізу аясында Топтың түрлі бөлімшелерінде оқыту мен аудит өткізу ұйымдастырылды. Топтың барлық өнім берушілері арасында Кодексті енгізуді аяқтау, сондай-ақ оның талаптарын үшінші тараптардың тәуекелдерін бағалау процесіне интеграциялау (TPRM) (83 бет) 2022 жылы жоспарланып отыр.

ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі қақтығыс аймақтарынан және ЭЫДҰ тәуекелі жоғары аудандардан пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін жауапты басқару үшін тиісті сақтықтың басшылыққа алынатын қағидаттарын ескере отырып, әзірленген (ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық қағидаларын басшылыққа алады).

Қазақстандағы жеткізілім тізбегін басқару

ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі Қазақстанда сақталып отырған жеткізу тізбегін жауапты басқару тәжірибесіне қосымша ретінде қызмет етеді. Оның талаптары шарт жасасу алдында өнім берушілер мен мердігерлерді құқықтық мәртебесі, қаржылық өміршеңдігі және заңнамалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бағалауды, сондай-ақ контрагенттердің (ККТ) кеңейтілген кешенді тексеруінен өтуін көздейді (82 бет).

Бұдан басқа, біздің өндірістік алаңдарда қызмет көрсететін компаниялармен жасасқан шарттарымыз компаниялардың қажетті сертификаттарының болуынан бастап Халықаралық экологиялық конвенциялардың ережелерін, сондай-ақ қалдықтарды жинау мен кәдеге жаратуға қатысты талаптарды сақтауына дейінгі бірқатар аспектілер бойынша заңнама талаптарынан асатын өндіріс қауіпсіздігі және экология саласындағы шарттарды (ескертпелерді) көздейді.

Мұндай мердігерлер қауіпсіздік талаптарының сақталуына алдын ала бағалаудан өтеді, оларды бұзғаны үшін белгіленген мөлшерде айыппұл салынады. Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын мердігерлермен жасалған шарттар қадағалау мен бақылаудың қосымша шараларын көздейді.

2022 жылдың басында Топтың негізгі жеткізушілерімен жасалған шарттарға орнықты даму саласындағы қосымша талаптар, оның ішінде парниктік газ шығарындылары бойынша деректер беру туралы талап енгізілді.

¹ ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі: <https://www.eurasianresources.lu/uploads/11/files/Supplier-Code-of-Conduct.pdf>.

Топтың жеткізілім тізбегін басқарудағы бірыңғай тәсілінің негізі ретінде «Жауапты алюминий өндірісі»

Өнім берушілерді таңдауға LME жауапты тәсілінің талаптары

Қазақстан электролиз зауытында өндірілетін алюминий Лондон металдар биржасының (LME) «Бекітілген брендтер» тізіміне енгізілген. ERG алюминий жеткізу тізбегінде пайдаланылатын барлық шикізаттың өндірілуін қадағалау және бақылау мақсатында жүзеге асырады.

2022 жылдан бастап барлық бекітілген LME брендтері жеткізушілерді таңдауға жауапты LME тәсілінің (бұдан әрі – «LME тәсілінің талаптары») талаптарына сәйкес келуі тиіс. Бұл талаптар, атап айтқанда, ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық қағидаттарына негізделген және «Компанияларға пайдалы қазба жеткізушілерін таңдау тәжірибесі арқылы адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге және қақтығыстардың шиеленісуіне жол бермеуге бағытталған.

2022 жылы біз ҚЭЗ-де өндірілетін алюминийге қатысты тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша есепті аяқтадық (LME тәсілінің талаптарына сәйкес). Біз осы талаптарға сай болуға мүмкіндік беретін ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз сенімділікке ие болдық.

ERG-дің «Жауапты алюминий өндірісі» бағдарламасы

2021 жылы халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтары, іскерлік этика, өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғауға байланысты тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ететін «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасын іске асыру басталды.



Бұл жаңа бағдарламада ERG-дің адам құқықтарын сақтау және алюминийдің тұрақты өндірісін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелері ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығының басшылыққа алынатын қағидаттарының талаптарына сәйкес бекітілген. Бұл бағдарламаның негізгі элементтері мыналарды қамтиды:

- LME тәуекелдерін бағалау үлгісі негізінде жасалған және қақтығыстар, басқару және адам құқықтары тұрғысынан қақтығыс аймақтары мен жоғары қауіпті аймақтарды талдауды қамтитын ККТ процесі;
- Тәуекелдерді қосымша бағалау (мысалы, жемқорлық жағдайлары, санкциялар енгізу қаупі анықталған кезде және (немесе) жеткізуші ERG Жеткізушілерінің мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтағысы келмеген жағдайда);
- Топтың өндірістік алаңдарында жұмыс істейтін жеткізушілерге/мердігерлерге қатысты заңнама талаптарынан асатын өндіріс қауіпсіздігі және экология саласындағы талаптарды қолдану;
- Тәуелсіз растама.

Бастапқы кезеңде бұл бағдарлама алюминийдің өндірістік-өткізу тізбегіне ғана қолданылады, бірақ содан кейін оны қамту ERG-дің басқа да өнімдері бағыттарын қосу арқылы кеңейтіледі. Толық ақпарат https://www.erg.kz/files/Responsible%20Aluminium%20Framework_ENG.pdf сайтында ұсынылған.

Минералды ресурстардың жауапты өндірілуін қамтамасыз ету (RMAP) процесі RMI бастамалары

RMI бастамасының стандарттары ЭЫДҰ-ның, 2017/821 даулы минералдар туралы Ереженің (EO) және Уолл – стритті реформалау және тұтынушыларды қорғау туралы Заңның (Додд-Франк Заңы) 1502-бөлімінің талаптарына сәйкес жасалған. RMAP процесі металлургиялық кәсіпорындардың басқару жүйелеріне және олар пайдаланатын жеткізілімдерді ұйымдастыру тәсілдеріне пайдалы қазбаларды жауапты сатып алуға қойылатын талаптарды қоса алғанда, RMI стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізуді көздейді.

Кобальт өндірушілердің кешенді тексерісі нәтижесінде (2018 жылы жүргізілген) Metalkol RTR қызметі RMAP Стандарты талаптарына сай. Мыс, қорғасын, никель мен мырыш қосындыларын өндірушілерінің RMAP бірлескен стандартына жүргізілген кешенді тексеріс те оның осы талапқа сай екенін растады (2021 жылы өткен) (төменде толымды ақпарат бар).



Африкадағы жеткізілім тізбегін басқару

ERG жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі Африкадағы барлық Top кәсіпорындарында, соның ішінде Metalkol RTR компаниясында да енгізілген. Бұл процесс Кодексті негізгі жеткізушілерге таратуды, сондай-ақ оның талаптарын біз жасасатын шарттардың талаптарына және шарттарды жасаспас бұрын жеткізушілерді кешенді тексеру процесіне енгізуді қамтиды. Сонымен қатар, Metalkol RTR кәсіпорны жеткізушілеріне аудит және оқыту жүргізіледі. Болашақта бұл үдерістер Topтың басқа кәсіпорындарында да енгізілетін болады.

Африкадағы біздің кейбір жеткізушілеріміз Top белгілеген нормативтік мәндерден асатын жоғары тәуекел деңгейімен ерекшеленеді. Олардың қатарына жергілікті тұрғындарды немесе азаматтарды жалдайтын, қауіпті материалдарды тасымалдауды жүзеге асыратын, еңбек брокерлерінің қызметін пайдаланатын немесе күзет қызметтерін көрсететін ҚДР, ОАР және Замбиядағы компаниялар кіреді.

Қызметтің жергілікті жағдайларын, сондай-ақ ҚДР жер қойнауын пайдалану туралы жаңа Кодексте (76 бет) белгіленген жергілікті қамтуға қатысты жоғары талаптарды ескере отырып, біз олардың біздің талаптарымызға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін осы елдердегі жеткізушілермен сындарлы ынтымақтастыққа дайынбыз.

Кобальттің өндірістік-өткізу тізбегінің сенімділігін қамтамасыз ету

Біз клиенттеріміздің Metalkol RTR кәсіпорнында өндірілген кобальт пен мысты сеніммен сатып алу үшін бірқатар бастамаларды іске асырамыз. Осы

бастамалар аясында мына бағыттарға ерекше көңіл бөлінеді:

- Біздің кәсіпорындарда жоғары стандарттарды енгізу (өзіміздің, сондай-ақ бөгде ұйымдар әзірлеген) және жергілікті қоғамдастықтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған жергілікті бастамаларға жәрдемдесу (92 бет);
- Өндірістік-өткізу тізбегінің қатысушыларына оның барлық кезеңдерінде кепілдік беру үшін сенімді стандарттарды енгізу және ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында саладағы басқа компаниялармен ынтымақтастық;

«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы және RMAP процесі
Аккумуляторлық батареяларды өндіру кезінде пайдалы қазбаларды жауапты өндіруге деген нарықтың өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыру, оның ішінде ЭЫДҰ-ның тиісті сақтықпен қарау қағидаттарының талаптарын сақтау өзекті міндетке айналуға асырамыз. Бұл бағдарлама Metalkol RTR маңында тұратын және жұмыс істейтін жергілікті халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуда маңызды рөл атқарады.

Бағдарлама пайдалы қазбалардың жауапты жеткізушілерін таңдау бастамасының (RMAP) минералды ресурстардың жауапты өндірілуін қамтамасыз ету процесі шеңберінде аудиттен өту жөніндегі міндеттемелерді (RMI) қоса отырып, өзектендірілді. RMAP процесі аясында бірінші аудит жүргізу бойынша жұмыс 2021 жылдың соңында басталды. RAID есебіне байланысты қосымша сұрауларды (42-бет) шешу қажеттілігіне байланысты рәсім 2022 жылдың басында аяқталды.

2019 жылдың шілдесінде жарияланған «Таза кобальт» бағдарламасы аясында Metalkol RTR қызметінің нәтижелері туралы алғашқы есепті тәуелсіз растауды PwC жүргізді. Тәуелсіз растаумен екінші есепті әзірлеу 2020 жылға жоспарланған, бірақ ол COVID-19 пандемиясына байланысты кейінге қалдырылды. Бұл Есеп 2022 жылдың басында жарияланды.

2022 жылғы маусымда ERG PwC-тен есепті куәландыру нәтижелері бойынша оң қорытынды алып, онда Metalkol RTR кәсіпорнының Metalkol RTR-дің «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының ұстанымдарына сәйкестігі туралы екінші есепте баяндалған қағидаттарды сақтауы расталады¹. 2022 жылғы тамызда RMI Metalkol RTR қызметінің RMAP кобальт өндірушілерді кешенді тексеру жөніндегі RMAP стандартының (2018 жылғы) және мыс, қорғасын, никель және мырыш қосылыстары өндірушілері үшін RMAP бірлескен стандартының (2021 жылғы) талаптарына сәйкестігін анықтады.

Кобальт өнеркәсібіндегі тәуекелдерді бағалау бағдарламасы

Кобальт институтының² жетекші қатысушыларының бірі ретінде ERG Metalkol RTR кәсіпорнында кобальт өнеркәсібіндегі қауіпті бағалау бағдарламасын (CIRAF⁴) жүзеге асыруды жалғастыруда. CIRAF – бұл тәуекелдерді басқару процесін жетілдіруге және кобальтті жауапты сатып алу мен өндіруге қатысты есептілікті ұсынуға көмектесетін механизм.

1 Толық ақпарат <https://www.eurasianresources.lu/en/pages/sustainable-development/responsible-sourcing#clean-cobalt-and-copper-framework> сайтында ұсынылған.
 2 2022 жылға арналған «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы аясындағы Metalkol RTR қызметінің нәтижелері туралы есеппен мына сілтемеден танысуға болады: <https://www.ergafrica.com/wp-content/uploads/ERG-Assurance-Report-Clean-Cobalt-and-Copper-2022-Signed-by-PwC.pdf>.
 3 Кобальт институты: <https://www.cobaltinstitute.org/responsible-sourcing/industry-responsible-assessment-framework-ciraf/>.
 4 CIRAF бағдарламасы аясында тәуекелді алғашқы бағалау 2019 жылы жүргізілді. Біз ЭЫДҰ-ның тиісті сақтық қағидаттарына сәйкес осы тәуекелдерді бақылау үшін басқару саясаты мен жүйелерін қолдануды жалғастырамыз. Толық ақпарат <https://www.eurasianresources.lu/uploads/1/files/CIRAF-Statement-of-Commitment.pdf> сайтында ұсынылған.



Өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде кепілдіктер беру мақсатында басқа ұйымдармен ынтымақтастық ERG және аккумуляторлық батареялар секторына арналған Жаһандық альянс жобасы «Аккумуляторлық батареялар паспорты»

ERG – аккумуляторлық батареялар секторына арналған Жаһандық альянстың (бұдан әрі – GBA) негізін қалаушылардың бірі және BASF пен Tesla сынды бірқатар компаниялармен, сондай-ақ мемлекеттік органдар және азаматтық қоғам ұйымдарымен бірге оның қызметіне белсенді қатысады. GBA міндеті – аккумуляторлық батареялардың өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерін, олардың ашықтығын және орнықты даму қағидаттарына сәйкестігін бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін экожүйені дамытуға жәрдемдесу (92-93 беттерді қараңыз). ERG-дің бас атқарушы директоры Бенедикт Соботка GBA Бақылау кеңесінің тең төрағасы лауазымын атқарады.

Батарея паспортын әзірлеу – GBA-ның басты жобасы. Ол орнықты даму талаптарына сәйкес келетін аккумуляторлық батареяларды кешенді айқындау негізінде өмірлік цикл ішінде қолданылатын ESG саласындағы негізгі талаптар туралы ақпаратты көрсететін аккумуляторлық батареялар туралы деректердің сандық көрсетілуін көздейді.

Осы бастама аясындағы жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Орнықты даму талаптарына сәйкес келетін аккумуляторлық батареялар үшін тиісті ESG-көрсеткіштерді анықтау;
- Өндірістік-өткізу тізбегіне қатысушылар арасында өзара әрекеттесу және деректермен алмасу принциптерін қалыптастыру;
- АТ-жүйелерінің үйлесімділігін, сондай-ақ бастапқы деректердің тиісті сапасын қамтамасыз ету;
- Өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде тұрақты жақсартуларды қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық және АТ-механизмдерін енгізуге жәрдемдесу.

2021 жылы бастама аясында төмендегі жұмыстар атқарылды:

- Аккумуляторлық батареялардың орнықты даму саласы және айналымды экономика саласындағы талаптарға сәйкестігін растайтын ESG-көрсеткіштері жиынтығы айқындалды (сандық бағалауға жататын параметрлерді алдын ала айқындау);
- Балалар еңбегін пайдаланудың алдын алу және парниктік газ шығарындыларын болдырмау саласындағы 2 көрсеткішке қатысты басшылыққа алынатын қағидалардың жобалары әзірленді.
- Аккумуляторлық батареялар паспорты мен жалпы деректерді басқару жөнінде Германия Үкіметінің өкілдері қатысқан Семинар ұйымдастырылды.

2022 жылы бастама шеңберіндегі жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтитын болады:

- EO-ның Аккумуляторлық батареялардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде экологиялық және әлеуметтік әсерді төмендету мақсатында аккумуляторлық батареяларға қойылатын жаңа Регламенттерін қабылдау туралы ұсыныстарын ескере отырып, сынама тәжірибеге енгізу⁵;
- Балалар еңбегін пайдалаудың алдын алуға және парниктік газ шығарындыларын азайту, адам құқықтары көрсеткіштерін қолдану мәселелері жөніндегі басшылық қағидаттарды әзірлеуді аяқтап (адам құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты басшылықты әзірлеу 2022 жылы басталды), енгізу.
- Германия Үкіметінің және басқа да ұйымдардың қаржылық қолдауымен іске асырылатын және EO-ның тиісті нормативтік-құқықтық талаптарын ескере отырып, аккумуляторлық батареялар паспортының мазмұны мен техникалық үйлесімділігіне қойылатын талаптарды әзірлеуді көздейтін Battery Pass жобасына қатысушылармен ынтымақтастық.
- 2023 жылы минималды өміршең (MVP) GBA «Аккумуляторлық батареялар паспорты» жобасын әзірлеп, қоғамдық тыңдаулар өткізе бастау.

Толық ақпарат <https://www.globalbattery.org/> сайтына ұсынылған.

Кобальтті артельді және шағын ауқымды өндіруді басқару тәсілі

Кобальтті артельді және шағын ауқымды өндірісін басқару тәсілі GBA «Кобальт өнеркәсібіндегі серіктестік» (CAP) бастамасы аясында әзірленді¹. Ол ҚДР-да кобальтті жауапты артельді және шағын ауқымды өндіріске қойылатын бірыңғай халықаралық талаптарды әзірлеуге ықпал етуге бағытталған. Осы тәсілді әзірлеп, енгізу және тиісті консультациялар кобальт жеткізілімдерінің жаңандық тізбегіне қатысушылардың, мемлекеттік ведомстволардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ кобальт саласындағы өзге де стейкхолдерлердің қатысуымен және қолдауымен жүргізіледі².

Артельді және шағын ауқымды кобальт өндірісін басқару қағидаттарының сәйкестігіне мониторинг пен бағалауды тұрақты жүргізу төмендегілерге мүмкіндік береді:

- ҚДР-да артельді және шағын ауқымды өндіруді заңдастыру қамында жүргізіліп жатқан жұмыстарға жәрдем көрсету;
- Тау-кен қоғамдастықтарында өмір сүру сапасын жақсарту;
- Салаға инвестицияланатын қаражатты кен орындарындағы жұмыс жағдайын жақсартуға бағыттау;
- Кобальтті артельді және шағын ауқымды өндірудің заңдылығын және оның әлемдік нарықтың болжамдарға сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Жеткізілімдер тізбегінің барлық қатысушыларына игеріліп жатқан учаскелердегі қызмет көрсеткіштері туралы неғұрлым нақты түсінік алуға мүмкіндік беру.

Тәсілдеме бойынша консультациялар 2021 жылы аяқталды. GBA RMI қатысушыларымен тәсілдемені енгізу жұмысын жалғастыру мақсатында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Толық ақпарат: <https://www.asm-cobalt.org/> және https://www.asm-cobalt.org/wp-content/uploads/2021/10/Report-from-Stakeholder-Consultations-on-the-ASM-Cobalt-ESG-Management-Framework_English.pdf сайтында берілген.



Қордың тау-кен қоғамдастықтарында балалар еңбегін пайдалануды болдырмау жөніндегі қызметін қолдау

ERG – GBAsco бастамасымен құрылған тау-кен өндіру қоғамдастықтарында балалар еңбегін пайдаланудың алдын алу жөніндегі пилоттық Қордың құрылтайшыларының бірі. Сонымен қатар, Top Umicoге сияқты Қорға қолдау көрсеткен алғашқы ұйымдардың бірі болды. Қорды ЮНИСЕФ басқарады. Ол ҚДР-да мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істей бастады.

2021 жылы Қор балаларды қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, сумен жабдықтау және санитария, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметтерді қоса алғанда, 15 мыңнан астам адамға қызмет көрсетті. Атап айтқанда, артельді

және шағын ауқымды кобальт өндірісімен айналысатын халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан 1 мың бала жоғарғы Катанга (Кипуши) және Луалаба (Канзензе) провинцияларындағы мектептерде оқуды қайта бастауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, 2,5 млн жергілікті тұрғындар арасында балалар еңбегін жоюдың маңыздылығын түсіндіру мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шамамен 350 маман мен жергілікті қоғамдастық өкілдері оқытудан өтіп, қажетті материалдар алды. Сондай-ақ, 80-ге жуық әлеуметтік мекемеге қолдау көрсетілді.

Толық ақпарат 56 бетінде және <https://www.unicef.org/drcongo/en/press-releases/multi-stakeholder-initiative-address-child-labour-mining-communities> сайтында берілген.

ICDA Қазхромға «Хромның жауапты өндірушісі» мәртебесін берді

2021 жылы ERG-дің хром өндірісінің жауапкершілік пен орнықты даму талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы Қазхромға «Хромның жауапты өндірушісі» мәртебесін берген хром өндірушілердің халықаралық қауымдастығы (ICDA) тарапынан жоғары баға алды. Қазхромның алған мәртебесі бұл кәсіпорынның хром жеткізушілеріне қойылатын стандартты талаптарға сәйкес келетінін ғана емес, сонымен қатар кейбір экологиялық және әлеуметтік өлшемдер мен корпоративтік басқару өлшемшарттары бойынша олардан асып түсетінін растады. Осылайша, Қазхром осы мәртебеге ие болған әлемдегі алғашқы алты компанияның қатарына енді.

Бұған дейін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті бағалауға маманданған Ecovadis тәуелсіз рейтинг агенттігі жүргізген бағалау қорытындылары бойынша Қазхром ең жоғары баға алған әлемнің түрлі елдеріндегі қара металлургия кәсіпорындарының 12%-ына кіріп, Ecovadis Күміс медалін алған болатын.

2022 жылдың маусым айында Қазхром алынған ұпай саны бойынша үздік 1%-ға кіріп, Ecovadis Платина медаліне ие болды.



НӘТИЖЕЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

2021 жылы 17 мыңнан астам ККТ өткізілді (2020 жыл: 14 мыңнан астам), оның ішінде Қазақстанда 16 мыңға жуық, Африкада – 400-ге жуық және басқа өңірлер мен корпоративтік кеңселерде - 1 мыңнан астам тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындылары бойынша комплаенс-тәуекелдер анықталған жағдайларда, шарт жасасудан бас тартуды қоса алғанда, тәуекелді азайту жөнінде шаралар қолданылды.

Африкада ERG контрагенттерінің көпшілігі 25 мың АҚШ долларынан астам сомадағы шарттар бойынша ERG өнім берушілерінің Мінез-құлық кодексінің талаптарына сәйкестігіне тексеруден өтті. Metalkol RTR

кәсіпорнымен жұмыс істейтін бірқатар мердігерлер мен өнім берушілерді тексеру нәтижелері бойынша келісімшарттарды бұзуды немесе ереже бұзушылықтарды жоюды талап ететін маңызды проблемар анықталған жоқ.

Бұдан бөлек, Metalkol RTR кәсіпорнының өзінде RCS Global мамандандырылған компаниясы үш халықаралық автомобиль компаниясының, сондай-ақ аккумуляторлық батареялардың ірі өндірушілерінің тапсырмасы бойынша төрт күндік аудит жүргізді³. RCS Global жүргізген аудит нәтижелері 2022 жылдың басында жарияланды. Аудит қорытындысы бойынша елеулі проблемалар анықталған жоқ.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫМЫЗ

2022 жылы және одан кейінгі кезең жоспарлары:

- Топтың барлық бөлімшелерінде ERG-дің өнім берушілерінің мінез-құлық кодексінің енгізуді аяқтау;
- Өнім берушілерге басым назар аударатын тараптардың тәуекелдерін басқарудың жаңа Бағдарламасын енгізу;
- Топтың барлық кәсіпорындарында «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасының негізінде әзірленген жеткізу тізбегін жауапты басқару бағдарламасын енгізу;
- Блокчейн технологиясы негізінде Re|Source жобасын іске қосып, Metalkol RTR кәсіпорнында өндірілетін кобальттің өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру (92-93 беттер).

1 ERG осы бастаманың Басқарушы комитетін басқарды.
 2 Стейкхолдерлердің кең ауқымының қатысуымен іске асырылатын бұл бастама «Кобальтті жауапты өндіру» (RCI) бастамасы шеңберінде бұдан бұрын жүргізілген жұмыс нәтижелеріне негізделеді және кобальтті артельді және шағын ауқымды өндіру тәсілінің жобасын әзірлеуді жалғастыруды көздейді. Бұл жұмыстың нәтижелері кері байланыс алу мақсатында RMI және CAP қатысушыларының қарауына ұсынылды. Кейін RCI және CAP қатысушылары ҚДР және әлемнің басқа елдеріндегі негізгі стейкхолдерлермен кіріспе кеңестер өткізді, осы тәсілді ҚДР тиісті стандарттары мен заңнамасының, сондай-ақ артельді және шағын ауқымды өндіруді реттейтін өзге де стандарттардың талаптарына сәйкестігіне бағалады және негізгі стейкхолдерлерден алынған кері байланысты ескере отырып, оған түзетулер енгізді.

3 Одан бұрын 2020 жылдың соңында - 2021 жылдың басында RCS Global компаниясы автомобиль компанияларының тапсырмасы бойынша тағы бір аудит жүргізді.

Кобальттің өндірістік-өткізу тізбегінің ашықтығын қамтамасыз ету - Re|Source жобасы

Metalkol RTR кәсіпорнында өндірілетін кобальт пен мыс сенімділіктің жоғары деңгейіне ие. 2020 жылы біз кобальттің кен орнынан бастап электромобильге дейінгі жолын бақылаудың инновациялы технологиялық шешімін ұсынатын Re|Source консорциумындағы басқа да сала жетекшілерімен күш біріктірдік.

«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы

«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы пайдалы қазбалардың жауапты өндірісін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығының Басшылыққа алынатын қағидаттарының талаптарын сақтауға (және арттыруға) бағытталған. Сонымен қатар, оны жүзеге асыру Metalkol RTR жанында тұратын жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал етеді (88 бет).

«ТАЗА КОБАЛЬТ ЖӘНЕ МЫС» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

Біз клиенттеріміздің Metalkol RTR кәсіпорнында өндірілген кобальт пен мысты сеніммен сатып алуы үшін бірқатар бастамаларды іске асырамыз. «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы аясында біз осы мақсатқа бағытталған мынадай бастамаларды жүзеге асырамыз:

1 Біздің кәсіпорындарда жоғары стандарттарды енгізу (өзіміз және басқа ұйымдар әзірлеген), оның ішінде:

- Минералды ресурстардың жауапты шығарылуын қамтамасыз ету процесі (88 бет);
- Кобальт өнеркәсібіндегі тәуекелдерді бағалау бағдарламасы (88 бет);

2 Жергілікті қоғамдастықтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған жергілікті бастамаларға көмек беру, оның ішінде:

- Артельді және шағын ауқымды кобальт өндірісін басқару тәсілдемесін әзірлеуге қолдау көрсету (90 бет);
- Тау-кен қоғамдастықтарында балалар еңбегін пайдалануды болдырмау қоры (90 бет);
- Good Shepherd International Foundation халықаралық қорын ұзақ жыл қолдау (56 бет).

Re|source: кобальттің кен орнынан электромобильге дейінгі қозғалысын бақылау

Re|Source шешімі тау-кен және өндірістік кәсіпорындарды қоса алғанда, 20-дан астам серіктестің қатысуымен іске асырылатын бірлескен жоба аясында әзірленді. Ол блокчейн технологиясын және цифрлы деректер ағындарын материалдың физикалық қозғалысына байланыстыру үшін ақпараттың мүлдем жарияланбауын дәлелдеу хаттамаларын¹ қолдануды қарастырады. Бұл өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде ашықтық деңгейін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ деректердің тұтастығын және коммерциялық құпияның қорғалуын қамтамасыз етеді. Бұл шешім, атап айтқанда, аккумуляторларлы батареялар өндірісінде қолданылатын материалдардың қозғалысын және кен орнынан бастап, дайын өнімнің өндірушісіне дейінгі барлық сатылардағы орнықты дамудың тиісті көрсеткіштерін бақылауға арналған. Бұл кейінгі қайта бөлу қатысушыларына олар пайдаланатын кобальттің шығуын анықтауға және өндірістік-өткізу тізбегінің алдыңғы кезеңдерін кешенді тексеруге мүмкіндік береді.

Бұл шешімді ERG және басқа да ірі кобальт өндірушілер құрған және аккумуляторлық батареялар құнын айқындау тізбегінің мүдделі тараптары кең ауқымының, соның ішінде Кобальт институты және жауапты пайдалы қазбаларды жеткізушілерді таңдау бастамасы (RMI) салалық ұйымдардың қатысуымен әзірленеді. Re|Source деректерінің кепілдендірілген қорғалуы және деректерді орталықсыздандырылған басқару шешімі қатысушылардың тиісті монополияға қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ете отырып, барлық салада тиімді ынтымақтастықты қолдауға септеседі.

Өндірістік объектілердегі тәжірибелік сынақтар

2021 жылы кобальттің өндірістік-өткізу тізбегінің түрлі кезеңдерінде, соның ішінде жобаға қатысушы кәсіпорындар (соның ішінде Metalkol RTR) ҚДР-да игеретін кен орындарында, сондай-ақ Қытайдағы, Финляндия мен ОАР-дағы кейінгі қайта бөлу кәсіпорындарында пайдаланудың нақты жағдайларында осы жүйенің бірқатар тәжірибелік сынақтары өткізілді.

Атап айтқанда, Metalkol RTR-да кобальттің шығуы туралы деректердің тұтастығын қамтамасыз ететін жұмсақ контейнерлерді (биғ-бэгтерді) тіркеуге арналған модульдерді тестілеу, сондай-ақ осындай контейнерлердің берілуін және олардың қозғалысын құжатпен есепке алу мен бақылауды қамтамасыз ету жүргізілді.


Сондай-ақ, ыдысты «интеллектуалды пломбалау» технологиясы зерттелуде, оны қолдану адамның араласуынсыз деректерді автоматтандырылған беруді қамтамасыз етеді.

ERG серіктестерінің өндірістік объектілерінде басқа Re|Source модульдері, соның ішінде материалдық балансты есептеу модулі сынақтан өткізілді. Бұл модульде өнімнің қозғалысын бақылаудың сенімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік беретін қайта өңдеу нәтижесінде алынған кобальт шикізаты мен кобальт өнімінің массасын есептеу үшін күрделі алгоритмдер қолданылады.

2022 жылы жобаны кәсіпорындардың қызметіне енгізу

2022 жылы жобаның негізгі қатысушылары осы шешімді кен орындарынан бастап өндірістің барлық кезеңдерінде қолданатын болады. Атап айтқанда, ол Metalkol RTR өндіретін барлық кобальт өнімдерін бақылау үшін қолданылады. Бұл тұтынушыларға сатып алынатын кобальттің қозғалысын оны өндіретін кәсіпорындардан бастап бақылауға және жауапты өндіріс стандарттарының талаптары сақталатынына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте өнімнің қозғалысын қадағалау кен орнынан бастап электромобильге дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын болады.

Сонымен қатар, Re|Source шешімінің қолдану аясы оған никель және литий сияқты аккумуляторлы батареяларды өндіруде қолданылатын басқа да негізгі материалдарды қосу арқылы кеңейтілді. Бұдан бөлек, осы шешімнің функционалы болашақта оның қамтылымына өнім берушілерді орнықты даму талаптарына сәйкес келуіне кешенді тексеру жүргізу, аудиттер жүргізу және клиенттердің сұранысы бойынша басқа да ақпаратты ұсыну мақсатында ESG саласындағы бірқатар қосымша деректер мен көрсеткіштерді қосуға мүмкіндік береді.



Өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдеріндегі ашықтық мен сенімділік

Аккумуляторлы батареялар секторына арналған жаһандық альянс: аккумуляторлы батареялар паспорты - жауапкершілік стандарттарын әзірлеу

Аккумуляторлы батареялар секторына арналған Жаһандық альянс (GBA) әзірлейтін «Аккумуляторлы батареялар паспорты» - «сапа белгісі» қызметін атқаратын және тұтынушылар үшін кепілдікті қамтамасыз ететін өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдеріне арналған шешім.

Бұл бастама үшін ыңғайлы сандық платформа бола алатын Re|Source консорциумы GBA-мен белсенді жұмыс істеп, осы бастамаға қатысады (89 бет).

1 Бұл хаттамалар бір тараптың, екінші тарапқа ешбір қосымша ақпарат берместен, белгілі бір деректердің растығын куәландыру үшін керек.

ERG-ДІҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ



Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу және заңнама

Стратегиялық мәнмәтін

Біз кәсіпорындарымыз жұмыс істеп тұрған елдердің үкіметтері – біздің аса маңызды стейкхолдерлеріміздің бірі. Бұл олардың мемлекеттік саясат, заңнама және реттеу арқылы біздің қызметімізге нақты немесе ықтимал әсер етуімен байланысты. Қазақстан Республикасының Үкіметі ERG-ге қатысу үлесіне байланысты ерекше маңызды стейкхолдер болып табылады.

БҰҰ релевантты ОДМ

БҰҰ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ОДМ
115 БЕТТЕ КӨРСЕТІЛГЕН.



ERG кәсіпорындары орналасқан елдер мен өзге де елдердің үкіметтерімен қарым-қатынас жасауда бизнесті этикалық тұрғыдан жүргізудің жоғары қағидаттарын ұстанады. Бұл қағидаттар корпоративтік мінез-құлық кодексінде, сондай-ақ комплаенс саясатында баяндалған (107 бет).

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР МЕН БАСТАМАЛАР

Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара қарым-қатынас

Қазақстан Республикасының Үкіметі ERG акцияларының 40%-ын иеленеді, ал оның өкілдері ERG Менеджерлер кеңесінің мүшелері болып табылады. 2022 жылдың қаңтар айында Менеджерлер кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев кірді. Бұдан басқа, ERG Қазақстан экономикасында ұлттық, сондай-ақ өңірлік және жергілікті деңгейлерде стратегиялық маңызды рөл атқарады (50 бет).

Қазақстан Республикасының Үкіметімен біздің өзара қарым-қатынасымыз өндірістік қызмет, корпоративтік стратегия және даму мен стратегияның Мемлекеттік тұжырымдамасын қолдау мәселелері бойынша сындарлы өзара іс-әрекетке негізделген (біздің қызметіміздің мақсаттарына сәйкес келетін жерде). 2021

жылы өзара іс-әрекеттің нақты бағыттары мынадай мәселелерді қамтыды:

- **Қабылдануы 2022 жылға белгіленген «Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі Доктринасын (стратегиясын) бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы.** Бұл бағыттағы жұмыс осы стратегияның Экологиялық кодекстің ережелерімен өзара байланысы, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздікті және үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету қажеттілігі сияқты мәселелерді қарастыруды қамтиды;
- **Металдарға әлемдік баға, COVID-19 пандемиясы және инвестицияларды тарту жөніндегі іс-шаралар жағдайында тау-кен металлургия саласында салық салу мәселелері.**

Бұдан басқа, 2022 жылдың басында Қазақстан Республикасының Үкіметі геосаяси ахуал өзгерістерінің Қазақстанның басқа елдермен қазіргі экономикалық және сауда қатынастарына, соның салдарынан қазақстандық компаниялардың қызметіне әсерін азайту үшін бірқатар шаралар қабылдады. Осы тұрғыда ERG осы жағдайға байланысты жағымсыз салдардың алдын алу және (немесе) оларды азайту мақсатында Үкіметпен тұрақты өзара әрекеттесуді жүзеге асырады.

Сонымен қатар, біз Үкіметпен келесі мәселелер бойынша өзара әрекеттесуді жалғастырып келеміз:

- **Өңірлік даму:** кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде және олардан тыс жерлерде, оның ішінде өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасасу арқылы әлеуметтік дамуға үлес қосу (52 бет);
- **Экономиканың өсуі:** цифрлық инновацияларды енгізуге жәрдемдесу (29 бет), кәсіпкерлікті қолдау (41 бет) және кәсіби біліктілікті арттыру арқылы экономиканың өсуін қамтамасыз ету және халықтың әлеуетін дамыту (36 бет);
- **Жасыл экономика:** Топтың қызметін жасыл экономикаға көшу жөніндегі мемлекеттік тұжырымдамаға, климаттың өзгеруі туралы Париж келісімі аясында ел қабылдаған міндеттемелерге, сондай-ақ 2021 жылдың шілде айында күшіне енген жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес жүзеге асыру және келісу (61 бет).



Африкадағы мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу

ҚДР үкіметі (оның ішінде Gécamines мемлекеттік өндіруші компаниясы арқылы) Африкадағы ERG-дің бірқатар еншілес кәсіпорындарына, соның ішінде Metalkol, Frontier және Boss Mining компанияларына қатысу үлесіне ие. Біз Үкіметпен, оның ішінде 2018 жылғы жер қойнауын пайдалану туралы Кодексті қолдану және оның осы елдегі инвестицияларға әсері мәселелері бойынша сындарлы өзара әрекеттесуді жалғастырамыз.

2021 жылы ҚДР Үкіметімен өзара әрекеттесудің басқа бағыттары келесі мәселелерді қамтыды:

- **Жергілікті қоғамдастықтар үшін артықшылықтарды қамтамасыз ету:** мемлекеттік органдардың біздің әлеуметтік бағдарламаларымыздың іске асырылуына және Міндеттемелер тізілімі шарттарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу (54-56 беттер), сондай-ақ мемлекеттік органдар ұсынған жаңа жобаларды қарастыру;
- **Нормативтік-құқықтық ортадағы және салық салу шарттарындағы өзгерістер:** Топтың жергілікті заңды және салықтық міндеттемелерін қозғайтын ҚДР-дағы нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістер. Осы мәселелер бойынша өзара әрекеттесу ҚДР-дың Тау-кен палатасының бітімгерлік арқылы екі жақты тәртіпте жүзеге асырылады;
- **«Таза кобальт және мыс» бағдарламасы:** Metalkol RTR кәсіпорнында осы бағдарламаны іске асыруда жалғастыруға қатысты мәселелер бойынша өзара әрекеттесу (88 бет).

Біз ҚДР-ға инвестициялауды және кәсіпорындарымыздың қызметі нәтижесінде осы ел халқының артықшылық алуын қамтамасыз етуді жалғастырамыз. Бұған Metalkol RTR кәсіпорнына инвестициялар кіреді (ол кобальттің әлемдегі ең ірі жеткізушілерінің бірі болды және аккумуляторлы батареялар секторындағы жанандық төңкерісте стратегиялық маңызды рөл атқарады) және

Frontier кәсіпорнына инвестициялар (белсенді даму сатысында), сондай-ақ Boss Mining кәсіпорнын қайта іске қосу жоспарлары кіреді.

Біз өз қызметімізді жүргізетін елдердің, соның ішінде Замбияны және аумағында активтерді әзірлейтін немесе біздің тоқтатылған активтеріміз орналасқан өзге де мемлекеттердің үкіметтерімен белсенді өзара әрекеттесеміз.

Бразилиядағы мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу

2021 жылдың сәуір айында BAMIN кәсіпорны FIOL темір жолын салу және пайдалану аукционында жеңіске жетті. 2021 жылдың қыркүйек айында концессиялық келісімге қол қойылғаннан кейін, осы қызмет тікелей әсер ететін 19 муниципалитетпен белсенді өзара әрекеттесу басталды.

НӘТИЖЕЛІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Корпоративтік мінез-құлық кодексінің ережелеріне сәйкес ERG тікелей немесе жанама түрде, ERG-дің Менеджерлер Кеңесімен келісуімен айрықша жағдайлардан бөлек, саяси мақсаттарға жарна салмайды. Саяси мақсаттарға арналған кез келген жарналардың жүзеге асырылуы ERG-дің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келісіледі. 2021 жылы ERG саяси партияларға қаржылай немесе материалдық қолдау көрсеткен жоқ.

Бірегей тарихи қалыптасқан қарым-қатынастар мен ERG-дің Қазақстанда атқаратын рөліне орай, Топ кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдау мақсатында Қазақстанның өңірлік атқарушы билік органдарымен ынтымақтастық орнатқан. Бұл бағыттағы жұмыс мыналарды қамтиды:

- **Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында өңірлік атқарушы билік органдарымен серіктестікке іске асырылатын әлеуметтік жобалар (50-бет);**
- **Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес Топ кәсіпорындары орналасқан өңірлерді әлеуметтік-экономикалық және**

инфрақұрылымдық дамытуға міндетті инвестициялар.

Бұдан басқа, Топ ҚДР жер қойнауын пайдалану туралы жаңартылған кодексінің талаптарына сәйкес жасалатын Міндеттемелер тізілімі аясында ҚДР-дағы ERG кәсіпорындарының жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдеседі.

БОЛАШАҚТАҒЫ ЖОСПАРЫМЫЗ

2022 жылы атқарылар істер жоспары:

- **Биліктің өңірлік атқарушы органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында жергілікті және өңірлік деңгейлерде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына одан әрі жәрдемдесу;**
- **Жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелеріне, салық салуға, экологиялық талаптарға, көлік-логистикалық қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ тау-кен металлургия және энергетика салаларын қозғайтын нормативтік-құқықтық реттеудің басқа да мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік ведомстволарымен және ұйымдарымен өзара әрекеттесу;**
- **Өндірістік қызмет және геологиялық барлау жобалары жөніндегі Топтың ағымдағы жоспарларына байланысты мәселелер бойынша Африкадағы елдердің үкіметтерімен өзара әрекеттестікті жалғастыру;**
- **BAMIN интеграцияланған кәсіпорнын дамытуға байланысты мәселелер бойынша Бразилияның бейінді мемлекеттік ведомстволарымен өзара әрекеттестікті жалғастыру.**

Корпоративтік басқару, оның құрылымы және тәуекел-менеджменті

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ERG акционерлері ERG Менеджерлерінің кеңесін тағайындайды, ERG-дің қаржылық нәтижелерін бақылайды және акционерлерге бекітілген белгілі бір мәселелер бойынша шешім қабылдайды. Менеджерлер кеңесінің бес мүшесі бар:

- Александр Антонович Машкевич (құрылтайшы-акционер);
- Патох Каюмович Шодиев (құрылтайшы-акционер);
- Шухрат Алиджанович Ибрагимов (2021 жылы Менеджерлер кеңесінің мүшесі болып тағайындалды);
- Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов (2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі);
- Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев (2022 жылы Менеджерлер кеңесінің мүшесі болып тағайындалды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі)¹.

Менеджерлер кеңесі Топтың стратегиясын айқындап, іске асырады, Топтың атқарушы директорын және негізгі басшыларды тағайындайды, сондай-ақ қызметтің негізгі мәселелерін қарастырады. Менеджерлер кеңесі Топтың бизнесті этикалық жүргізудің

жоғары стандарттарына сәйкестігін, сондай-ақ ERG өз қызметін жүзеге асыратын барлық жерде жергілікті және халықаралық заңнаманы сақтауын бақылайды. Менеджерлер кеңесі ERG-дің Корпоративтік мінез-құлық және Топтың комплаенс саласындағы саясаты кодексін бекітті.

Менеджерлер кеңесі басқарудың негізгі салаларында өз функцияларын жүзеге асыруды қолдау үшін төрт комитет құрды. Менеджерлер кеңесі жанындағы барлық комитеттер олардың міндеттері мен өкілеттіктері егжей-тегжейлі сипатталған нақты белгіленген ережелер негізінде жұмыс істейді:

- **Комплаенс комитеті:** Топтың комплаенс-жүйелерін, саясаттары мен бақылауларын қарастыруға, қадағалауға және бекітуге, сондай-ақ Топтың комплаенс-бөлімшесінің тиімділігінің мониторингін жауапты;
- **Сыйақылар жөніндегі комитет:** ERG-дің жоғары буын басшылары сыйақыларының мониторингін және Топтың сыйақы жүйесінің мониторингін жауапты;

- **Орнықты даму, бірігу және қосып алу жөніндегі комитет (M&A):** контрагенттерді кешенді тексеруді, тәуекелдерді бағалауды және төмендетуді, жобаларды құрылымдауды және іске асыруды, сатып алғаннан кейінгі интеграцияны, сондай-ақ Топтың бизнесін трансформациялауды және оның тұрақтылығын қамтамасыз етуді қоса алғанда, M&A саласындағы қызметтің мониторингін жауапты;
- **Аудит жөніндегі комитет:** ERG қаржылық есептілігінің дұрыстығын, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды, ішкі аудит функциясының тиімділігін бақылауға және сыртқы аудиторларды тартуға жауапты.

Атқару комитеті

Атқарушы Комитет (бұдан әрі - Комитет) – Топ деңгейінде корпоративтік басқару мақсаттары үшін құрылған алқалы басқару органы. Комитет өз құзыретіндегі

мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті. Сондай-ақ, ол Топтың қызметінің мәселелеріне қатысты консультациялар мен ұсынымдар береді. Комитеттің шешімдері, консультациялары мен ұсынымдары Топтың қызметін үйлестіру және Топтың жекелеген компанияларының басқару органдарына шешімдер қабылдауға жәрдемдесу үшін қажет.

Комитеттің стратегиялық функциясы:

- Топ қызметінің жалпы тиімділігін бақылау;
- Менеджерлер кеңесі бекіткен мақсаттар мен стратегияларға сәйкес әрекет ету;
- Ұзақ мерзімді қаржы жоспарын және тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін әзірлеу;
- Негізгі процестер бойынша стандарттар мен саясатты және олардың өңірлер деңгейіне коммуникацияларын енгізу;
- Топтың негізгі міндеттерін орындау үшін негізгі ресурстарды анықтау және бөлу.

ESG мәселелері жөніндегі комитет

ESG мәселелері жөніндегі комитет Топ стратегиясына және шешім қабылдау процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізуге жауапты. Комитет құрамына климат, биоалуантүрлілік және су пайдалану саласында түрлі кәсіби тәжірибесі бар Топ басшылығы мен басшылар кіреді.

Комитеттің негізгі міндеттері:

- Топтың саясатын әзірлеу және олардың орындалуы үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету;
- Нысаналы, оның ішінде парниктік газ шығарындылары бойынша, сондай-ақ персоналды басқару, жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу және іскерлік этика саласындағы көрсеткіштерді әзірлеу;
- ESG-жобалардың іске асырылуын талдау және бақылау;
- Есептілік;
- ESG саласындағы құзыретті дамыту.

ДЕНСАУЛЫҚ, ҚАУІПСІЗДІК, ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ МӘСЕЛелерін Өңірлік басқару

Қазақстан

ERG-де құрамына өңір деңгейіндегі жоғары буын басшылары мен кәсіпорындардың Бас директорлары кіретін төмендегі өңірлік комитеттер (басқаларымен қатар) құрылған:

- Қоршаған ортаны қорғау комитеті;
- Өнеркәсіп қауіпсіздігі және еңбекті қорғау комитеті;
- Инвестициялық комитет.

Аталған комитеттер:

- Өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы біздің стратегиямызды анықтайды;
- Тиісті саясатты, регламенттер мен бастамаларды қарастырады;
- Бақылау механизмдерін енгізу және жетілдіру барысы туралы тұрақты есептер алады.

2021 жылы Қоршаған ортаны қорғау комитеті ірі отын жағатын қондырғылар үшін ең озық қолжетімді технологиялар анықтамалығының жобасына сәйкес газ тәрізді шығарындыларға қол жеткізуді ескере отырып, Топтың Экологиялық стратегиясын өзектендіруді (60 бет), сондай-ақ парниктік газ шығарындыларын азайту жобаларын әзірлеуді қоса алғанда, Қазақстандағы бірқатар мәселелерді қарастырды.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі және еңбекті қорғау комитеті Қазақстандағы бірқатар мәселелерді қарастырды, оның ішінде, мысалы, тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды автоматтандыру мүмкіндіктерін зерттеу. Өндіріс қауіпсіздігі саласындағы стратегияны әзірлеуді аяқтау (33 бет), «Тәуекелді бағалау» және «Қауіпсіз жүргізу» тақырыбында оқитудың жаңа бағдарламаларын әзірлеу, қауіпсіздік саласындағы жаңа ТНҚ бекіту, сондай-ақ өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды талдау және тиісті түзету шараларын әзірлеу.

Африка

Африкада денсаулық, өндіріс қауіпсіздігі және орнықты даму (SHS) саласындағы қызмет нәтижелері туралы есептер ай сайын өңірлік Атқарушы комитет мүшелеріне, соның ішінде ERG Africa Бас атқарушы директорына, кәсіпорындардың бас директорларына, SHS жөніндегі менеджерлерге, сондай-ақ кейбір жоғары буын басшыларына ұсынылады. Бұл процеске қатысушылар елеулі оқиғалардың себептерін, сондай-ақ олардың алдын алу шараларын қарастырады.

Келесі мәселелерді қарастыруға ерекше көңіл бөлінеді:


- Оқиғалардың себептері;
- Табиғат қорғау заңнамасын сақтау;
- Ішкі/сыртқы аудит нәтижелері негізінде жақсарту шараларын енгізу;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік;
- Артельді және шағын ауқымды өндіру;
- Адам құқықтары.

ҚДР кәсіпорындарында жергілікті заңнама талаптарына сәйкес өндіріс қауіпсіздігі және еңбек гигиенасы жөніндегі ресми комитеттер жұмыс істейді.

Бразилия

ВАМІН кәсіпорнында Бразилиядағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі аясында кешенді орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында орнықты даму жөніндегі комитет құру жоспарлануда. Комитеттің негізгі міндеті – ESG саласындағы ВАМІН бағдарламасын іске асырудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу, сондай-ақ кәсіпорында жүргізілетін маңыздылықты бағалау барысында анықталған тәуекелдерді азайту және тиісті мәселелерді басқару жөніндегі басым шараларды іске асыру.

Топтың корпоративтік басқару құрылымы



¹ Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев 2022 жылдың басында Бейбіт Бәкірұлы Атамқұлов лауазымынан кеткеннен кейін Менеджерлер кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.

<p>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ</p> <p>Біздің тәуекелдерді басқару жүйеміз Менеджерлер кеңесі мен Атқарушы комитеттің қадағалау функцияларын айқындайды. Осы функцияларды орындау кезінде оларға тәуекелдерді басқару және компаенс комитеті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, ішкі аудит және компаенс бөлімшелері қолдау көрсетеді.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жүйесі бекітілген тәуекел дәрежесінің деңгейіне сәйкес біздің бизнесіміздің тұрақтылығына әсер ететін тәуекелдерді және орнықты дамудың маңызды мәселелерін анықтауға, бағалауға және басқаруға арналған. ERG-дің тәуекелдерді басқару саясаты ISO 31000 тәуекелдерді басқарудың халықаралық стандартын ескере отырып әзірленген. Тәуекелдерді бағалау кезінде ISO 31010 стандартына сәйкес ұсынылған әдістер қолданылады. Сондай-ақ, бизнес үздіксіздігінің Британдық институтының «Озық тәжірибелері бойынша ұсынымдар», сондай-ақ ISO 22301 «Бизнесінің үздіксіздігін басқару жүйелері» халықаралық стандартының талаптарын ескеретін бизнестің үздіксіздігін басқару тәсілдері қолданылады.</p> <p>Тәуекелдерді анықтау және оларды басқару жөніндегі біздің іс-әрекеттеріміз біз қойған мақсаттарға табысты қол жеткізу үшін аса маңызды. Тәуекелдерді басқару және компаенс комитеті, Атқарушы комитет және Менеджерлер кеңесі негізгі тәуекелдерді үнемі талдайды. Бұл Topтың тәуекелдерге жалпы ұшырағыштығын түсінуді және оларды төмендету жөніндегі шаралардың басымдығын тиісінше айқындауды қамтамасыз етеді.</p> <p>Тәуекелдерді басқару департаменті осы шаралардың уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді, осылайша тәуекел дәрежесінің бекітілген деңгейіне сәйкес негізгі тәуекелдердің проактивті төмендеуін қамтамасыз етеді.</p>	<p>ERG ұшырауы ықтимал негізгі тәуекелдер төмендегі кестеде келтірілген. Бұл ретте, Topқа әлі белгісіз өзге де тәуекелдер, сондай-ақ болашақта Topтың қызмет нәтижелеріне және қаржылық көрсеткіштеріне елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдер болуы мүмкін. ERG-де дағдарысты жағдайларды басқарудың үш деңгейін қамтитын дағдарыстық басқару процестері енгізілген: Top кәсіпорындарындағы дағдарыстық штабтар, Өңірлік дағдарыс штабтары және Жанандық Дағдарыс штабы.</p> <p>Қазіргі уақытта әлемдік геосаяси жағдай өте тұрақсыз. Атап айтқанда, 2022 жылы Украина мен Ресей арасындағы қарулы қақтығыс қаржы және шикізат нарықтарына айтарлықтай әсер етті. Бұл Ресей үкіметіне, түрлі компанияларға, ірі ресейлік банктерге және кейбір жеке тұлғаларға қарсы бірқатар санкциялардың енгізілуіне себеп болды. Қақтығыс Украинаның аумағы арқылы өтетін негізгі экспорттық бағыттарға да әсер етті, себебі бұл жағдайда қалыптасқан тауар ағындары бұзылды. Осы оқиғаларға жауап ретінде ERG бірқатар іс-шараларды іске асырды, соның ішінде қабылданып жатқан ден қою шараларын үйлестіруге жауапты Topтың дағдарыс штабын құрды (толық ақпарат 12 бетте ұсынылған). Top қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен ERG компаенс-саясатының талаптарына сәйкес өзінің коммерциялық қызметі барысында санкциялық режимнің барлық қолданылатын талаптарын сақтауды жалғастыруда.</p>
--	---

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ШАРАЛАР

Негізгі тәуекелдер	Тәуекелді азайту жөніндегі негізгі шаралар
<p>Саяси тәуекелдер Кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі саяси тұрақтылықтың деңгейі бірдей емес. Біз саяси үрдістердің тұрақты ауысуы және күтпеген тәуекелдерді іске асыру мүмкіндігімен сипатталатын күрделі сыртқы ортада жұмыс істейміз.</p> <p>Мемлекеттік саясатқа байланысты тәуекелдер Біздің бизнесіміз үшін тәуекелдер жасай отырып, біздің кәсіпорындар қызмет ететін нормативтік жағдайларға әсер ете алатын бірқатар факторлар бар. Олардың қатарына біздің кәсіпорындар орналасқан елдер үкіметтерінің жаңа заңдар мен қаулыларды қабылдауы (немесе қолданыстағыларын өзгертуі) кіреді.</p> <p>Адами ресурстарды басқарумен байланысты тәуекелдер Шалғай өңірлерде жұмыс істей отырып, біз өз қызметімізге қажетті дағдылары мен тәжірибесі бар персоналды тарту қабілетімізге, сондай-ақ білікті қызметкерлердің кетуіне байланысты тәуекелдерге тап боламыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі саяси және макроэкономикалық үрдістерді мониторингтеу және талдау Заңнамалық және реттеуші базалардағы әлеуетті өзгерістердің мониторингін; Кәсіби ұйымдар/қауымдастықтар арқылы біздің мүдделерімізді ұсыну; Алынған лицензиялар мен рұқсаттарда көзделген міндеттемелердің сақталуын бақылау. Персоналдың бәсекеге қабілетті жалақысын сақтау; Кадрлар резервін қалыптастыру үшін персоналды оқыту және дамыту; Персоналды ынталандыру мен ұстап қалудың тиімді жүйесін енгізу; Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыру (жоғарыдағы «Әлеуметтік тәуекелдер» тармағын қараңыз).
<p>Өндіріс қауіпсіздігіне (ӨҚ) байланысты тәуекелдер Біздің кәсіпорындардың қызмет бейіні мен орналасқан жері бақылаудың тиісті құралдары болмаған кезде біздің қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және жергілікті тұрғындардың денсаулығы мен әл-ауқатына қатер төнуі мүмкін. Бұл жұмыс орнында да, одан тыс жерлерде де COVID-19 жұқтыру қаупін қамтиды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстанда ISO 45001 стандартына сәйкес келетін ӨҚ басқару жүйесінің және Африкада ISO 45001 стандартын ескере отырып әзірленген ӨҚ басқару жүйесінің болуы (32 бет); ӨҚ саласындағы негізгі тәуекелдерге қатысты мүлдем төзбеу қағидатын іске асыру; ӨҚ жүйесінің аудиті; ӨҚ бойынша көрсеткіштерді менеджерлердің ТНҚ жүйесіне интеграциялау; HAZID тәуекелдерін бағалау әдістемесін енгізу; Қызметкерлеріміздің денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін тәуекелдерді барынша азайту және COVID-19 пандемиясы жағдайында операциялық қызметтің үздіксіздігін сақтау бойынша мамандандырылған іс-шаралар бағдарламасын іске асыру (жеке қорғаныс құралдарын, әлеуметтік қашықтықты, жұмыс режимін өзгертуді, тестілеуді және басқа да тиісті шараларды қоса алғанда).

Негізгі тәуекелдер	Тәуекелді азайту жөніндегі негізгі шаралар
<p>Әлеуметтік тәуекелдер Topтың қызметі біздің өндірістік объектілеріміздің жанында тұратын жергілікті қоғамдастықтарға, оның ішінде адам құқықтары тұрғысынан теріс әсер етуі мүмкін (ERG-дің адам құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге деген көзқарасының сипаттамасы [84] бетте берілген). Осыған байланысты қызметті жүргізуге берілетін әлеуметтік лицензияны жоғалту тәуекелі туындайды. Бұдан бөлек, көпшілігі салыстырмалы түрде шалғай моноқалаларда тұратын біздің қызметкерлерімізге әлеуметтік артықшылықтар беру жөніндегі міндеттемелерді орындамау білікті персоналдың кетуіне әкеп соғады және жаңа қызметкерлерді жалдауды қиындатады.</p> <p>Экологиялық тәуекелдерер Біздің қызметіміздің және үдерістеріміздің сипаты бақылаудың тиісті құралдары болмағанда қоршаған ортаға залал келтірілуі мүмкін.</p> <p>Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер Парниктік газ шығарындыларымен байланысты және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін реттеушілік және нарықтық тәуекелдер туындайды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Әлеуметтік жобаларды іске асыру (оның ішінде Қазақстан моноқалаларында әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесуге бағытталған өңірлік атқарушы билік органдарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында) (57 бет); Міндеттемелер тізілімін жасау (54 бет), сондай-ақ КДР-да «Таза кобальт және мыс» бағдарламасын іске асыру (88 бет); Кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы қоғамдық пікірге мониторинг жүргізу және шағымдарды қарастыру механизмдерін қолдану (49 бет); Қызметкерлерге арналған тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру (41 бет), сондай-ақ кәсіпорындар жұмыс істейтін өңірлерде қала кеңістігін абаттандыру (52 бет). Сертификаттаудан өткен немесе ISO 14001 Экологиялық менеджмент жүйесінің стандартына сәйкес келетін басқару жүйелерінің болуы (58 бет); Негізгі кәсіпорындарда жетілдірілген сүзгілерді және ауа сапасын мониторингілеу жүйелерін кезең-кезеңмен орнатуды қоса алғанда, Topтың Қазақстандағы Экологиялық стратегиясын іске асыру (60 бет); Top деңгейінде ірі қалдықтарды сақтау объектілерінде тәуекелдерді бағалауды жүргізу (68 бет). Қысқа мерзімді перспективада - Қазақстанда жел энергетика жобаларын іске асыру, ұзақ мерзімді перспективада - көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларына тәуелділікті біртіндеп төмендеті отырып, жаңартылатын энергетика саласындағы ірі ауқымды жобаларды әзірлеу (66 бет); Қазақстандағы кәсіпорындарымызда энергия тиімділігін арттыру шараларын іске асыру, сондай-ақ ISO 50001 Энергия менеджменті жүйесінің стандарты бойынша сертификатталған энергетикалық менеджмент жүйелерін қолдану (65 бет); Тиісті әсерлер туралы толық түсінік алу және оларды неғұрлым тиімді басқару үшін, сондай-ақ көмірқышқыл газы шығарылуын азайту жөніндегі болашақ стратегияны әзірлеу үшін төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты тәуекелдерді талдау (64 бет); Парниктік газ шығарындыларын азайту мақсатында коммерциялық тұрғыдан орынды жерлерде ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде парниктік газ шығарындылары мәселелерін есепке алу (64 бет); Topтың Компаенс-бағдарламасын іске асыру, оның ішінде саясаттар мен басшылыққа алу қағидаттарын (Корпоративтік мінез-құлық кодексі, Жеткізушілердің мінез-құлық кодексі және т.б.) сақтау мониторингі және оқыту (85 бет); Адам құқықтарын сақтауға және ЭЫДҰ-ның тиісті сақтығын басшылыққа алуға ерекше көңіл бөлінетін контрагенттер мен жеткізу тізбегіне қатысушыларды кешенді тексерудің жаңартылған процестері (80 бет); Санкцияларды сақтау бағдарламасы (82 бет); Дербес деректерді қорғау бағдарламасы (107 бет); Ереже бұзушылықтар туралы ақпараттандыру жүйесінің жұмысын қолдау (83 бет). Санкциялық шектеулерге байланысты кейбір клиенттермен мәмілелерді тоқтату (Top санкциялар туралы тиісті заңдар мен ережелердің талаптарын, сондай-ақ ERG-дің Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі саясаты нормаларын және ERG-дің санкцияларды сақтау жөніндегі бағдарламасын сақтайды). Қысқа және орта мерзімді перспективада іргелі нарықтық факторларды (тұтыну, ұсыныс, қол жетімділік және т. б.) үнемі талдау және болжау; Өнім бағасын бенчмарктерге байланыстыра отырып, ұзақ мерзімді сату шарттарын жасасу; Шикізат тауарларының бағасын талдау және хеджирлеу; Сатудың балама арналарын дамыту.

1 ЭЫДҰ-ның қақтығыстар аймақтарынан және тәуекелі жоғары аудандардан пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін жауапты басқару үшін тиісті сақтықты басшылыққа алу қағидаттары.

ҚОСЫМША ЖАЛҒАСЫ

Негізгі тәуекелдер

Өндірістік және операциялық тәуекелдер

Операциялық ортаның жоғары күрделілігі мүліктік залалға, қызметтің үзілуіне, жоспарланбаған өндірістік тоқтауларға, кәсіпорындардың жабылуына, геологиялық формациялардың дамуы мен олардың минералдануындағы белгісіздіктің пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.

Жеткізу тізбегі мен логистикаға байланысты тәуекелдер

Жеткізу тізбегінің ауқымына байланысты Топ жеткізушілердің міндеттемелерін орындамауына, көлік ресурстарының тапшылығына және жеткізілімнің кешіктірілуіне, бағаның ауытқуына және халықаралық санкцияларға байланысты тәуекелдерге ұшырайды.

Күрделі жобаларды орындау тәуекелі

Жоспарланған мерзімдерге, бюджетке және ұзақ мерзімді перспективада сапа өлшемдеріне сәйкес ірі күрделі жобаларды орындау табыстылық пен беделге (болашақта қаржыландыруды тарту қабілетімізді қоса алғанда) теріс әсер етуі мүмкін.

Қаржылық тәуекелдер

Топтың қажетті операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру қабілетімен байланысты тәуекелдер және кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, валюталық және пайыздық тәуекелдер бұл қабілетке теріс әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, ақша қаражатының қозғалысы динамикасының нашарлауы және табыстылықтың төмендеуі біздің берешекті өтеуді қоса алғанда, қолданыстағы қаржылық міндеттемелерді орындау қабілетімізге теріс әсер етуі және коммерциялық қолайлы шарттарда сыртқы қаржыландыру көздеріне қол жеткізуді қиындатуы мүмкін.

Тәуекелді азайту жөніндегі негізгі шаралар

- Тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, сенімділік пен техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау;
- Энергиямен жабдықтаудың тұрақты жүйесін қолдау/сенімді жеткізушілермен ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу;
- Шикізатты бақылау, соның ішінде шикізатты бақылау жүйесін енгізу;
- Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процестерін енгізу;
- Кен қабаттарын тығыздау және үлгілеу;
- Мүліктік залал тәуекелінен және қызметтің үзілуінен сақтандыру.
- Күрделі шикізаттың, ТМҚ мен жабдықтың (жеке қорғаныс құралдарын қоса алғанда) қосымша қорларын қалыптастыру және қолдау;
- Маңызды реагенттер/материалдар жеткізіліміне тұрақты шолу;
- Тауарлар мен қызметтердің сапасын, сипаттамаларын, толық жеткізілімін бақылау;
- Ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу және негізгі тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде категориялық стратегияларды қолдану (формулалық баға белгіленімді пайдалануды қоса алғанда);
- Темір жол вагондарының меншік паркін ұстау;
- Санкциялар мен логистикалық шектеулер нәтижесінде негізгі жеткізушілермен ынтымақтастықты тоқтату қаупін анықтау үшін жеткізілім тізбегін талдау.
- Кезең-кезеңімен бақыланатын жобаларды іске асырудың жүйелендірілген және ашық процесі;
- Әрбір кезең аяқталғанға дейін жобаларды тәуелсіз талдауды қоса алғанда, жобаларды сараптау процестерін жетілдіру;
- Кесте сақталмау және жобалар сметасының асып кету тәуекелдерін сандық талдау нәтижелері бойынша күтпеген жағдайларға ден қою жоспарларын әзірлеу;
- Құрылыс тәуекелдерін және маңызды күрделі жобаларды пайдалануға беруді кешіктіруге байланысты тәуекелдерді сақтандыру;
- Жобаны іске асыру мерзімі мен бюджетінің сақталуын бақылау, өндірісті жобалық қуатқа шығару және т. б.

- Санкциялардың қолданысына жатпайтын қолданыстағы кредиторлармен берік қатынастарды қолдау, сондай-ақ кейбір қаржылық келісімдердің тиісті шарттарын қайта қарастыру және кейбір кредиторлармен бірқатар мәмілелерді бұзу мақсатында келіссөздер жүргізу (Топ тиісті заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарына, сондай-ақ ERG саясатына сәйкес өзінің коммерциялық қызметі барысында халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын сақтауды қамтамасыз ету және ERG-дің санкцияларды сақтау бағдарламасы бойынша санкциялық режимнің барлық қолданылатын талаптарын сақтауды жалғастырады);
- Ақша қаражатының қозғалысы жоспарын тұрақты өзектендіру, Топтың өтімділік деңгейін бақылау;
- Ковенанттарды сақтау;
- Топтың ашық валюталық позициясының мониторингі;
- Салық заңнамасы талаптарының сақталуын мониторингілеу;
- Кредиттік бақылау процесін енгізу (кредиттік лимиттерді белгілеуді және оларға сәйкестікті бақылауды қоса алғанда);
- Топтың өтімділік деңгейін қолдау үшін қаржыландырудың жаңа көздерін іздеу, сондай-ақ борыштық портфельді, қаржыландыру мүмкіндіктері мен шарттарын жақсарту жұмысы (қолданыстағы санкциялық шектеулерді ескере отырып).

Негізгі тәуекелдер

Ақпараттық технологиялармен (АТ) және ақпараттық қауіпсіздікпен (АҚ) байланысты тәуекелдер

Топ цифрландыру және ақпараттық технологияларды дамыту саласындағы біздің қызметіміздің мәнмәтінінде АТ-инфрақұрылымға қолжетімділіктің жоғалуына, бизнес - процестердегі, соның ішінде өнеркәсіптік бақылау жүйесінің жұмысындағы іркілістерге; ішкі және/немесе сыртқы алаяқтыққа; деректердің таралып кетуіне және қауіпсіздіктің бұзылуына; ақпараттық қауіпсіздік қағидаларының сақталмауына, сондай-ақ осы саладағы өзге де тәуекелдерге тап болады.

Тәуекелді азайту жөніндегі негізгі шаралар

- Осал жерлерімізді басқару (сонымен қатар қателерді түзету), желінің ішкі және сыртқы периметрін үнемі сканерлеу, ену мүмкіндігін тексеру және кибершабуылдарды имитациялау (red teaming);
- Осал жерлерімізді жою мақсатында инфрақұрылымды, қызметтерді және операциялық жүйелерді нығайту;
- Компания деректерін жіктеу және компанияның барлық деректері үшін олардың мәніне сәйкес параметрлерді басқару;
- Пайдаланушыларды оқыту және ақпараттандыру;
- Біздің ақпараттық қауіпсіздік операциялық орталығының және ақпараттық қауіпсіздік қызметтерінің жұмысы аясында қазіргі заманғы құралдарды (мысалы, соңғы нүктелердегі қатерлерді анықтау және оларға жауап беру құралдары, веб-сүзу, деректердің таралуын болдырмау) қолдана отырып, қауіп-қатерді анықтау және оларға әрекет ету саласындағы мүмкіндіктерімізді үнемі кеңейтіп отыру;
- Барлық пайдаланушыларды және пайдаланушылардың сыни топтарын (мысалы, АТ қызметі, атқарушы басшылық) оқыту, фишингтік науқандарды имитациялау арқылы электрондық поштаны қорғау деңгейін арттыру;
- Сәйкестендіру және қол жеткізуді басқару жүйесін енгізу;
- Біздің АТ және ОТ орталарында желілік қауіпсіздікті бақылау құралдарын енгізу (мысалы, құрылымдалған сыни деректерді шифрлау, желіні сегменттеу);
- Барлық маңызды жүйелер үшін резервті көшірмені тестілеу және апатты қалпына келтіру.

Басқару тәсілдері

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Біздің құндылықтарымыз – өз қызметімізді қалай жүргізгіміз келетіндігінің көрінісі және біздің бизнесіміздің тұрақтылығын қамтамасыз ету қамындағы жұмысымызға септесер бағдар. Біз Топтың барлық деңгейлерінде - жоғары басшылықтан бастап кіші қызметкерлерге дейін әрбір шешімді қабылдау кезінде осы құндылықтарды басшылыққа аламыз.



Қауіпсіздік

- Біз қауіпсіз жұмыс тәртібін бәрінен жоғары қоямыз
- Біз барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлерімізге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз, жарақаттанудың барлық түрлерінің алдын алу үшін тұрақты жұмыс істейміз



Тиімділік

- Біз жұмыс үшін емес, нәтижеге жұмыс істейміз
- Нәтижеге қол жеткізе отырып, біз өз ресурстарымызға ұқыпты қараймыз
- Біз ең маңызды нәрсеге басымдық береміз
- Біз құндылық әкелмейтін іс-әрекеттерді азайтамыз



Жауапкершілік

- Біз өз қызметкерлеріміз, олардың отбасылары, клиенттеріміз, серіктестеріміз, акционерлеріміз және қоғам алдында өзімізге алған міндеттемелерді орындаймыз
- Біз өзімізге сеніп тапсырылған ресурстар мен қоршаған ортаға жауапты қараймыз
- Біз Топта, сондай-ақ серіктестермен және клиенттермен өзара сенім мен құрмет мәдениетін қалыптастырамыз



Бірлік

- Біз бір жанашыр команда ретінде жұмыс істейміз - алға қойған мақсаттарымызға жетуге бірге ұмтыламыз
- Біз кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы мәдени дәстүрлерге құрметпен қараймыз



Даму

- Біз өз халқымызды бағалаймыз және олардың дамуына жағдай жасаймыз
- Біз жаңа технологияларды ұтымды енгіземіз және ұйым ретінде дамимыз
- Біз Топтың орнықты дамуын қамтамасыз етеміз

ERG Қазақстанда қолданатын менеджмент жүйесінің негізгі стандарттары

- ISO 45001. Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы басқару жүйесінің стандарты
- ISO 50001 Энергия менеджменті жүйесінің стандарты
- ISO 14001. Экологиялық менеджмент жүйесінің стандарты¹
- ISO 9001. Сапа менеджменті жүйесінің стандарты
- ISO/IEC 27001 Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің стандарты

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Толық ақпарат 30 беттегі «Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып» тарауында келтірілген.

Біздің міндеттемелер

Біз барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз үшін қауіпсіз, тартымды, өнімді және тұрақты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге тырысамыз. Осы саладағы біздің міндеттемелеріміз қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі корпоративтік саясат (ҚЕҚОҚКС), адам құқықтарын сақтау саясаты, ERG-дің корпоративтік мінез-құлық кодексі және ERG-дің жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі талаптарымен нығайтылады.

ҚЕҚОҚКС саясаты бізді:

- Нәтижелілігімізді үнемі жақсартуға міндеттейді;
- Тәуекелдерді бағалауға және оларды басқаруға міндеттейді;
- Оқытуды, коммуникацияны жүргізуді және есептілік ұсынуды міндеттейді;
- Аудит және талдау процедураларын енгізуді міндеттейді.

Адам құқықтарын сақтау саясатына сәйкес біз жалпыға бірдей танылған адам құқықтары мен еңбек нормаларын сақтауға міндеттенеміз. Осы саясат аясындағы біздің міндеттеріміз:

- Қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің бірлестіктерге қатысу және ұжымдық шарт жасасу туралы келіссөздер жүргізу құқықтарын сақтау;
- Жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Мәжбүрлі және балалар еңбегін пайдалануды болдырмау;
- Теңдікті қамтамасыз ету, әртүрлілікті қолдау және кемсітушілікті болдырмау.

Бұл міндеттемелер ERG-дің Корпоративтік мінез-құлық кодексінің, ERG Жеткізушілерінің ұжымдық шарттар мен мінез-құлық кодексінің талаптарымен нығайтылады.

Біздің міндеттемелерімізді орындау

Персоналды басқаруға деген біздің көзқарасымыз персоналды басқару саласындағы стратегиямен анықталады және кәсіпорын деңгейінде енгізілген саясат пен жүйелер негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда ай сайынғы негізде отырыс өткізетін кадрлар мен сыйақылар жөніндегі кеңес бірқатар облыстардағы мәселелерді өңірлік деңгейде үйлестіруді қамтамасыз етеді. Мұндай мәселелерге ұйымдастырушылық жоспарлау, қызметкерлерді жалдау және ынталандыру, сыйақы, талантты қызметкерлерді басқару және әлеуметтік жеңілдіктер жатады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы барлық өндірістік кәсіпорындарымыз («3-Энергоорталық» АҚ қоспағанда) денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы басқару жүйесі – ISO 45001 стандартына сертифициталған. 2021 жылы Қазақстанда өндіріс қауіпсіздігін басқарудың интеграцияланған және тәуекелге бағдарланған жүйесін енгізу жалғастырылды (33 бет). Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес, Топтың барлық қызметкерлері мен мердігерлері қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті кіріспе нұсқамадан өтеді. Бұдан бөлек, тиісті мамандықтардың қызметкерлері энергия тиімділігі және энергия менеджменті мәселелері бойынша (ISO 50001 энергия менеджменті жүйесінің стандарты негізінде), сондай-ақ сапа менеджменті жүйесін үздіксіз жақсарту, экология, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша (ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 стандарттары негізінде) міндетті оқудан өтеді.

ҚДР-дағы Metalkol RTR кәсіпорны денсаулық, өндіріс қауіпсіздігі және орнықты даму саласындағы басқару жүйесін (SHS) ISO 45001 стандартына сертифициптауға дайындық жүргізуде. Африкадағы Топтың барлық басқа кәсіпорындарында ISO 45001 стандартын ескере отырып жасалған SHS басқару жүйесі қолданылады. Бұл жүйені біздің кәсіпорындардың операциялық қызметіне енгізу «жоспарлау, орындау, тексеру, әрекет» циклын қолдайтын IsoMetric бағдарламалық жасақтамасын SHS аудитін бақылау және орталықтандырылған бақылау мен деректерді талдау сапасын жақсарту арқылы жүзеге асырылады. Metalkol RTR және Frontier кәсіпорындары үшін IsoMetric базасында ӨҚ саласындағы аудиттердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін IsoMetric мобильді қосымшасы әзірленді.

Африкадағы Metalkol RTR, Frontier, Chambishi Metals, Comide және Boss Mining кәсіпорындарында жазатайым оқиғалардың алдын алу процедураларының тиімділігін және қауіпсіздік техникасының тиісті нормаларын бағалау мақсатында тұрақты ішкі аудиттер өткізіледі.

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорнында өндіріс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару жүйесі енгізілуде және біздің

Жеке денсаулық

Біз қызметкерлеріміздің денсаулық жағдайына әсер етуі мүмкін кәсіби емес ауруларды анықтауға тырысамыз. Бұл үшін Топ қызметкерлерінің жеке денсаулығын қолдауға бағытталған бірқатар бастамалар жүзеге асырылуда.

COVID-19 пандемиясының біздің қызметкерлерге кері әсерін болдырмау шаралары туралы ақпарат 33 бетте көрсетілген.

Қазақстан

Қазақстандағы қызметкерлерге COVID-19 жұқтырғандарға медициналық қолдауды қоса алғанда, Топтың мамандандырылған медициналық орталығы базасында тегін медициналық қызмет көрсетіледі.

Бұдан бөлек, біз Қазақстандағы қызметкерлеріміз үшін медициналық қызметтерге арналған шығындарды өтеуге қосымша қаражат (заңнамада белгіленген көлемнен тыс) бөлеміз. Бұған амбулаторлық медициналық көмек, оның ішінде стоматологиялық қызмет көрсету, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және сауықтыру емі кіреді. 2021 жылы осы бағдарламаларды іске асыруға 5 млн АҚШ доллары бөлінді (2020 жыл: 6,6 млн АҚШ доллары).

Жыл бойы біздің медициналық орталық базасында орталықтандырылып жүргізілетін профилактикалық тексеру бағдарламалары жүзеге асырылды. Профилактикалық тексеруге 40 жастан асқан ерлерде жүректің ишемиялық ауруын анықтауға арналған диагностикалық тексерулер және 40 жастан асқан әйелдерде сүт безі қатерлі ісігіне скрининг кіреді. Сондай-ақ, қашықтан кеңес беру қызметі іске қосылды, ол телефон арқылы дәрігер-мамандардың жедел медициналық кеңесін алуға мүмкіндік береді.

Біздің дене шынықтыру саласындағы бағдарламаларымыз және Қазақстандағы қызметкерлеріміз үшін спорттық іс-шаралар туралы ақпарат орнықты даму жөніндегі есептің 42 бетінде берілген.

Африка

Африкада қызметкерлердің денсаулығын нығайтуға және саламатты өмір салтын қолдауға, соның ішінде қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне тегін медициналық көмек көрсетуге бағытталған бірқатар корпоративті бастамалар жүзеге асырылуда. Бұдан басқа, біз:

- Metalkol RTR және Frontier кәсіпорындарының қызметкерлері үшін ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар мен безгектің алдын алу бағдарламаларын іске асырамыз, оның ішінде масаларға қарсы құралдарды бүрку және фумигациялау;
- Metalkol RTR және Boss Mining кәсіпорындары жанындағы клиникаларда босанғанға дейінгі медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеміз;
- Boss Mining қызметкерлері арасында ақпараттық-ағартушылық іс-шараларын және АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу қамында жұмыс жүргіземіз, сондай-ақ ерікті тексерулер мен антиретровирустық терапия жүргізуді ұйымдастырамыз (мемлекеттік органдармен ынтымақтастықта);
- Metalkol RTR кәсіпорны мен жергілікті денсаулық сақтау басқармасы арасында, оның ішінде ақпараттық - ағартушылық жұмысы, АИТВ/ЖИТС алдын алу және емдеу мәселелері бойынша өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеміз;
- Вакцинациялаудың мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысамыз.

Metalkol RTR кәсіпорнында Колвези мен Лубумбашидегі екі емханамен кәсіпорын қызметкерлері мен олардың отбасыларына кеңейтілген медициналық қызмет көрсетуді қарастыратын келісім жасалды. Сонымен қатар, 2021 жылы Metalkol RTR кәсіпорнында сүт безінің қатерлі ісігінің алдын алу бойынша ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар, сондай-ақ оны уақтылы анықтау және алдын алу үшін скрининг жүргізілді. Frontier қызметкерлері мен олардың отбасыларына медициналық қызмет кәсіпорынның клиникасында және жергілікті ауруханаларда көрсетіледі.

Йоханнесбургтегі корпоративті кеңсе қызметкерлері үшін сауықтыру бағдарламасы жүзеге асырылады. Аталмыш бағдарлама тегін психологиялық кеңестер мен қиын өмірлік жағдайларда қолдау көрсетуді қамтиды.

Бразилия

Бразилияда біз қызметкерлердің медициналық сақтандырылуына жұмсалатын шығындарды (соның ішінде COVID-19 емдеу шығындарын) ішінара, ал қызметкерлер мен олардың отбасыларының стоматологиялық қызмет көрсету шығындарын толық өтейміз. 2021 жылы медициналық сақтандыру бағдарламасы кеңейтіліп, енді спортзалға тегін жазылымдар, диетолог мамандардың кеңестері, онлайн кеңес беру форматындағы психологиялық көмек және қаржылық мәселелер бойынша ұсыныстар бар.

1 2018 жылы сатып алынған «3-Энергоорталық» кәсіпорнын қоспағанда, тек энергия өндіруші кәсіпорындар (яғни, Қазхром, ССКӨБ, ЕЭК және Қазақстан алюминийі, ҚЭЭ).

ҚОСЫМША ЖАЛҒАСЫ

қызметкерлерге де, мердігерлерге де қолданылатын бірқатар бақылау механизмдері мен процедуралары қолданылады.

Төтенше жағдайларға дайындық

Қазақстандағы біздің кәсіпорындарда төтенше жағдайларға дайындықты қамтамасыз ету жоспарлары әзірленді. Осы жоспарларға сәйкес төтенше жағдайларды жою бойынша оқу-жаттығулар, сондай-ақ тәуекелдерді мерзімді бағалау жүйелі түрде өткізіледі. Бұл біздің командаларымыздың төтенше жағдайларға ден қою бойынша қажетті құзырет деңгейін қамтамасыз етуге, қосымша дайындықтың қажеттілігін анықтауға және төтенше жағдайларға ден қою үшін жабдықты тиісті жағдайда ұстауға мүмкіндік береді.

Африкада SHS интеграцияланған жүйесінің бөлігі болып табылатын төтенше жағдайларды басқару процедурасы қолданылады.

Бразилиядағы BAMIN кәсіпорнында төтенше жағдайларда әрекет ету бағдарламасы әзірленді. Осы бағдарламаға сәйкес төтенше жағдайларға ден қою командасы құрылды, ол дағдарысты жағдайлардағы оқиғалардың даму сценарийлері мен іс-әрекет жоспарларын әзірлеуге, сондай-ақ оқу-жаттығулардың өткізілуіне жауапты.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТЕСУ

Толық ақпарат «Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты» тарауында 44 бетте берілген.

Біздің міндеттемелер

Біз оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ықпал ететін әлеуметтік бағдарламаларды қолдауға тырысамыз. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) және демеушілік қолдау саласындағы жобалар бойынша Топтың саясатына сәйкес негізгі назар келесі бағыттарға аударылады:

- Денсаулық сақтау;
- Өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау;

- Инфрақұрылым және әлеуметтік қамтамасыз ету;
- Білім беру және жастарды қолдау;
- Спорт және саламатты өмір салтын насихаттау;
- Мәдени мұраны сақтау;
- Экономикалық даму, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтарға арналған білім беру және дамыту бағдарламалары;
- Адам құқықтарын сақтау саясатын қолдайтын бағдарламалар (мысалы, балалар еңбегін жоюға бағытталған сыртқы бастамалар).

Бұл жұмыс жергілікті тұрғындармен тұрақты және тығыз қарым-қатынасқа негізделген және біздің бағдарламаларымызды олардың қажеттіліктері мен жоспарларын ескере отырып жасауға мүмкіндік береді (46-49 беттер).

Сонымен, біз жергілікті қоғамдастықтарға теріс әсерді азайтуға тырысамыз. Топта қабылданған адам құқықтарын сақтау саясатына сәйкес біз:

- Адам құқықтарын, жергілікті қоғамдастықтардың мәдени мұрасы мен дәстүрлерін құрметтейміз;
- Тәуекелдерге, әсерлерге, оларды жоюға, төмендетуге және мониторингке ерекше назар аудара отырып, біздің қызметіміздің әлеуетті әсерін бағалау мақсатында жергілікті қоғамдастықтармен ынтымақтасамыз;
- Жобалық жоспарлау және әлеуметтік инвестициялар процесінде алынған пікірлерді ескереміз;
- Мәжбүрлеп қоныс аударудан аулақ болуға, ал егер бұл мүмкін болмаса, қолданыстағы заңнамаға және халықаралық стандарттарға сәйкес қоғамдастық өкілдерімен конструктивті диалог жүргізуге ұмтыламыз;
- Жергілікті және халықаралық стандарттарға сәйкес байырғы халықтардың құқықтарын құрметтейміз.

Біздің міндеттемелерімізді орындау

Топтың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және демеушілік қолдау саласындағы жобалар жөніндегі саясаты жүйелендірілген процедуралар арқылы орындалады. Бұл жобаларды анықтауға, оларды іске асыруға, әлеуметтік инвестицияларды мониторинг пен

талдауға кешенді және мақсатты көзқарасты қамтамасыз етеді.

Қазақстан

Біз кәсіпорындарымыз орналасқан Қазақстанның өңірлерінде әлеуметтік инвестициялар екі жолмен жүзеге асырылады:

- **Тікелей әлеуметтік инвестициялар:** жергілікті қоғамдастықтарға жағымды әсерді барынша арттыруға және теріс әсерді азайтуға бағытталған;

- **Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар:** жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған өңірлік атқарушы билік органдарымен стратегиялық әріптестік (кейбір әлеуметтік жобалар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындаудың бір бөлігі болып табылады).

Біздің өңірлерді дамыту бағдарламамыз (50 бет) іске асыру мүмкін болған бірқатар басым бағытты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді анықтауға және шешуге септеседі (тиісті жұмыс өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдар аясында).

Бұдан бөлек, Топта моноқалалардың тұрғындарына (қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларын қоса алғанда) дамудың басым бағыттарын айқындау шараларына қатысуға мүмкіндік беретін кері байланыстың бірқатар механизмдері енгізілді. Бұл тәсіл әлеуметтік бастамаларды іске асыру кезінде жергілікті стейкхолдерлердің пікірлерін ескеруді қамтамасыз етеді. Кері байланыстың аса маңызды механизмдерінің қатарына Tugan Qala («Туған қала») және «Аймақты дамытуға ынталылар мектебі» (51 бет) бағдарламалары жатады.

Африкадағы жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау

2017 жылы ҚДР-дағы 19 жергілікті қоғамдастықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайға бағалау жүргізілді. Бұл процесс қоғамдастықтарға дамудың басым бағыттарын анықтауға көмектеседі және анықталған мәселелерді шешу үшін қоғамдастықтар жасаған іс-әрекет жоспарларын жүзеге асыруға қолдау көрсетеді. Жергілікті халықтың қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау қорытындылары бойынша айқындалған бірінші кезектегі міндеттер, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік әсерді бағалау (ЭӘӘБ) барысында анықталған міндеттемелер тізілімін жасау процесінде ескеріледі (толық ақпарат есептің негізгі бөлігінің 50 бетіндегі «Әлеуметтік инвестициялар» бөлімінде берілген).

Африка

Африкада интеграцияланған SHS жүйесі (басқалармен қатар) төмендегілер үшін негізді қамтамасыз етеді:

- Жергілікті қоғамдастықтарға теріс әсер ететін факторларды анықтау, бағалау және басқару;
- Қоғамдастықтардың шағымдары мен проблемалық мәселелерін басқару, мониторинг және бақылау;
- Жергілікті қоғамдастық өкілдерімен ашық және ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынасты сақтау;
- Жобаның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қоғамдастықтармен белсенді қатысу және өзара әрекеттесу;
- Мәдени мұраның құндылығын және мәдени алуан түрлілікті тану, сондай-ақ мәдени мұра объектілерін қорғау;
- Білім беру, денсаулық сақтау, баламалы табыс көздері және балалар еңбегін жою саласындағы тұрақты әлеуметтік даму жобаларын іске асыруда ізденіс және қолдау көрсету.

Сондай-ақ, Африкадағы біздің кәсіпорындарда қоғамдастықтардан түсетін шағымдарды реттеу процедуралары енгізілген. Жергілікті халыққа белгіленген өзара әрекеттестік процестері аясында кәсіпорындар қолданатын шағымдарды қарастыру механизмі туралы хабарланады. Біз шағым беру үшін көптеген арналарды, соның ішінде халықпен байланыс жөніндегі қызметкерлеріміз арқылы, сондай-ақ елді мекендерде орналасқан шағым қабылдау бекеттері арқылы қамтамасыз етеміз.

ҚДР-дағы¹ Metalkol RTR кәсіпорнына жақын жерде орналасқан артельді және шағын ауқымды пайдалы қазбаларды өндіруді басқару артельді және шағын ауқымды пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты мәселелерді басқару жөніндегі арнайы процедуралар мен іс-шаралар жоспары бар. Ол сондай-ақ жақын орналасқан Топтың концессиялық учаскелерінде артельді және шағын ауқымды өндіруді басқаруға жауапты тәсілдемені қамтамасыз ететін және біздің кәсіпорындардың

осындай жолмен өндірілген кенді сатып алмайтынына және одан пайда көрмейтініне кепілдік беретін процедураларды қоса алғанда, осы саладағы тиісті процедуралар арқылы жүзеге асырылады.

Артельді және шағын ауқымды өндіруге байланысты ықтимал шағымдарды шешу үшін жоғарыда аталған жергілікті қоғамдастықтардың шағымдарын беру және қарастыру процедуралары қолданылады. Бұдан бөлек, біз жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен (кен іздеуші қоғамдастықтарды қоса алғанда), мемлекеттік органдармен және басқа да тау-кен өндіруші компаниялармен тұрақты сындарлы диалог жүргіземіз. Metalkol RTR кәсіпорнында, сондай-ақ осы мәселелерді қарастыру бойынша жұмыс тобы құрылды, оның құрамына түрлі функционалдық бөлімшелердің өкілдері кіреді. Жұмыс тобы тұрақты отырыстар өткізеді, тиісті ақпаратты зерттеуге және бағалауға жауап, тәуекелдер мен инциденттерді қарастырады, сондай-ақ жауап беру және (немесе) алдын алу шараларын қабылдау мақсатында ұсынымдар әзірлейді.

2021 жылы Metalkol RTR кәсіпорнында қолданылатын SHS, артельді және шағын ауқымды өндіру және адам құқықтарын сақтау саласындағы саясаттар мен процедуралар кәсіпорын толық өндірістік қуатқа шыққаннан кейін олардың қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында қайта қаралып, толықтырылды.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

Толық ақпарат «Экология саласындағы тиімді басқару» тарауындағы xx бетте келтірілген.

Біздің міндеттемелер

ERG өз аймақтарымызда тұрақты дамуды қолдау тәжірибелерін пайдалану арқылы табиғи ортаның сақталуын жақтайды. Біздің ұстанымымыз қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау тобы (ҚЕҚҚОҚС) саясатының талаптарына сәйкес келеді. Осы саясатқа сәйкес, басқалармен қатар, біз міндеттенеміз:

- Озық халықаралық тәжірибелерге сәйкес келетін ҚЕҚҚОҚС саласындағы мәселелерді басқару жүйелері мен бағдарламаларын әзірлеу, енгізу және жақсарту;
- Тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, ҚЕҚҚОҚС саласындағы нәтижелілікті жақсарту үшін ERG-дің барлық кәсіпорындарында жоғары буын басшыларының жауапкершілігін қамтамасыз ету;
- Барлық қызметкерлердің ҚЕҚҚОҚС саласындағы міндеттерін түсінуін қамтамасыз ету;
- Іс-әрекетті жоспарлау және шешім қабылдау үдерістерінде ҚЕҚҚОҚС мәселелерін ескеру.

Қазақстандағы барлық кәсіпорындарымыз (3-Энергоорталық және ERG Service-тен басқа) ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесінің стандартына сәйкес сертификатталған. Бұдан бөлек, Қазақстанда іске асырылатын Экологиялық стратегиямыз (60 бет) біздің экологиялық тәжірибемізді осы саладағы үздік халықаралық тәжірибелер деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстанның жаңа экологиялық кодексінің талаптарын сақтауға ықпал етеді.

Африкада ҚЕҚҚОҚС саласындағы Топтың саясатын денсаулық, өндіріс қауіпсіздігі және тұрақты даму саласындағы аймақтық саясат (SHS) қолдайды, оның аясында біз мыналарды орындауға тырысамыз:

- Қоршаған ортаға кері әсерді жүйелі түрде анықтау, бағалау және басқару;
- Жақсартуды жоспарлау, іске асыру, тексеру және енгізу циклі арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің тиімділігін тұрақты негізде арттыруға ұмтылу;
- Экожүйелердің ластану, бұзылу және (немесе) тозу деңгейін төмендетуді қамтамасыз ету;
- Біз кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі қолданыстағы заңнама мен нормаларға сәйкестікті, сондай-ақ талаптардың мүмкін және орынды болған жерлерде асып кетпеуін қамтамасыз ету. Бұған халықаралық тәжірибеге, мысалы, ХҚҚ қызметінің стандарттарына және SHS саласындағы көпұлтты кәсіпорындар үшін ЭЫДҰ-ның тиісті нұсқаулықтарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс кіреді.

ҚОСЫМША ЖАЛҒАСЫ

Топтың қаржы директорына беруге жауапты.

Топ Қазақстанда, ҚДР мен Замбияда¹ өндіру саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету (ЕІТІ) бастамасы аясында қажетті есептілікті ұсынады. Сонымен қатар, Топ Люксембург әкімшілік органдарына есеп берудің келесі түрлерін ұсынады:

- Еуропалық Одақтың (ЕО) Бухгалтерлік есеп директивасына сәйкес үкіметтерге төленетін төлемдер туралы есеп (2013/34/ЕС)²;
- ЭЫДҰ-ның салық салынатын базаның жойылуына және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл жөніндегі 13-ші іс-әрекеті аясындағы ЭЫДҰ-ның елдік есебі (BEPS).

Комплаенс саласындағы тәуекелдер

2021 ЖЫЛҒЫ КОМПАЕНС САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Халықаралық санкцияларды сақтамау (ұлттық және эксаумақтық)

2021-2022 жылдары сыртқы тәуекелдердің, бірінші кезекте Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа, сондай-ақ Белоруссияға қатысты санкцияларға байланысты жоғары деңгейі байқалды. Сондай-ақ Қытай мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастардағы шиеленіс, әлемдік қоғамдастықтың Қытайдың ішкі істеріне көз жазбай назар аударуы және адам құқықтарының бұзылуына байланысты санкцияларды қолдану сияқты факторлардың ықпалы сақталып отыр.

Дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтамау

Бұған ЕО деректерін қорғау жөніндегі Жалпы регламенттің (GDPR) ережелері, сондай-ақ Бразилия, Қазақстан, Ресей, ОАР және Қытайдағы тиісті нормативтік талаптар (мұнда жақында дербес деректерді қорғау туралы Заң қабылданды) жатады.

Ақша қаражатының жылыстауына қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау

Базель басқару институтының деректері бойынша ERG кәсіпорындары орналасқан бірқатар юрисдикцияларға заңсыз кірістерді заңдастыру саласында жоғары тәуекел деңгейі берілген. Бұдан бөлек, ERG қызметінің кейбір салалары (соның ішінде цифрлық технологиялар саласы) реттеудің жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

ERG-ге заңсыз кірістерді заңдастыру және терроризмді қаржыландыру мақсатында қаржы жүйесін пайдалануға қарсы іс-қимыл жөніндегі ЕО 2018/843 директивасының ережелері де қолданылады (ТЖҚ/ТҚ жөніндегі 5-Директива).

Адам құқықтарын сақтамау

Тәуекелдің әлеуетті салалары, негізінен, ERG-дің пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы міндеттемелерімен, өндірістік-өткізу тізбегінің кейінгі кезеңдеріне қатысушыларға кепілдіктер беру қажеттілігімен және пайдалы қазбаларды Топтың Африкадағы өндірістік алаңдарында немесе оларға жақын жерлерде (атап айтқанда, ҚДР-да мыс пен кобальт өндіру) артельді және шағын ауқымды өндіруді жүзеге асырумен байланысты.

Парақорлыққа және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау

Transparency International бағалауы бойынша біз өз қызметімізді жүзеге асыратын бірқатар елдер жемқорлық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары елдерге жатады.


Сатып алу, мемлекеттік қызметшілермен өзара әрекеттесу, агенттермен жұмыс істеу, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы жобалар (КӘЖ), сыйлықтар алу/ұсыну, іс-сапар шығындарын жабу және іскерлік қонақжайлылық сияқты салалар парақорлық пен жемқорлыққа көбірек бейім.

ӨНДІРУ САЛАСЫНДА АШЫҚТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАСТАМАСЫН (ЕІТІ) БІЗДІҢ КӘСІПОРЫНДАР ОРНАЛАСҚАН ЕЛДЕРДЕ ЕНГІЗУ МӘРТЕБЕСІ

Өзекті / әлеуетті елдер	ЕІТІ мәртебесі (бағалау)
Бразилия	Қатысушы болып табылмайды
ҚДР	Қатысушы (елеулі нәтижелер)
Қазақстан	Қатысушы (елеулі нәтижелер)
Мали	Қатысушы (елеулі нәтижелер)
Мозамбик	Қатысушы (елеулі нәтижелер)
ОАР	Қатысушы болып табылмайды
Замбия	Қатысушы (жоғары нәтижелер)
Зимбабве	Қатысушы болып табылмайды

ERG үшін қандай мәселелер маңызды және неге?

2021-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ ПРОЦЕСІНЕ ШОЛУ



1 Құжаттық талдау

Құжаттық талдау (орнықты даму бойынша тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен) ERG-дің орнықты даму саласындағы қызмет көрсеткіштері, Топ пен өңірлер деңгейіндегі тәуекелдерді бағалау, операциялық қызметтің сыртқы жағдайларындағы түйінді өзгерістер, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялау және ұқсас компаниялардың көрсеткіштері сияқты факторларды ескере отырып, 2020-2021 жылдардағы бағалау нәтижелерін өзектендіруді қамтыды.

2 Ішкі стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу

Алынған кері байланысқа сәйкес бағалауды кейіннен түзете отырып, Топ басшылары мен менеджерлерінің құжаттық талдау нәтижелерінің валидациясы.

3 Бағалаудың валидациясы және финализациясы

Ішкі стейкхолдерлердің бағалау нәтижелерін қарастыру және валидациясы, сондай-ақ 2021 жылға арналған орнықты даму жөніндегі есептің негізгі тақырыбын айқындау кезінде сондай-ақ, біздің қызметімізді тұтастай басқару кезінде ескерілген басым маңызды мәселелер тізбесін түпкілікті рәсімдеу.

4 Ақпаратты жариялау

Басқару тәсілдемелері, нәтижелік көрсеткіштері және жоспарлары туралы есепте жария етілетін мәселелер туралы ақпаратты жариялау.

Маңызды мәселе	ERG үшін өзектілік	Стейкхолдерлер үшін өзектілік	БҰҰ сәйкес келетін ОДМ ¹
Бизнесімізді болашаққа дайындау			
Активтерді дамыту және сақтау 2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат Теңгерімделе өсіп келе жатқан портфель	<ul style="list-style-type: none"> • Ресурстар мен қорларды ауыстыру және ұлғайту, қолданыстағы жобаларға қызмет көрсету/жаңарту және жаңа коммерциялық мүмкіндіктерге қол жеткізу 	<ul style="list-style-type: none"> • Жаңа жобаларды құру (барлық ілеспе оң және (немесе) теріс салдарды ескере отырып), қолданыстағы жобалардың коммерциялық өміршеңдігін сақтау және ұзақ мерзімді перспективада экономикалық құн құруды және бөлуді қамтамасыз ету 	
Технологиялар, операциялық тиімділік және цифрландыру 2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат Барлық салалардағы тиімділік	<ul style="list-style-type: none"> • Қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада шығындарды қысқарту, бәсекеге қабілеттілік пен өнімділікті арттыру арқылы бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз ету 	<ul style="list-style-type: none"> • Табыстылық деңгейіне әсер ету, акционерлер мен кредиторлар үшін құндылық құруды қамтамасыз ету, сондай-ақ экономикалық құнды тұрақты бөлу (төменде қараңыз) 	
Нарықтық конъюнктура және қаржылық нәтижелер 2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат Қаржылық тұрақтылық	<ul style="list-style-type: none"> • Бизнестің сыртқы күйзелістерді сәтті жеңу және дамуды жалғастыру қабілетін сақтау 	<ul style="list-style-type: none"> • Бизнестің экономикалық құн құру және бөлу, қарыздар мен басқа да қаржылық міндеттемелер бойынша төлемдер жасау қабілетін сақтау 	Қолданылмайды

1 Өндіруші өнеркәсіптегі ашықтықты қамтамасыз ету бастамасына қатысатын елдердің тізбесін қараңыз (ЕІТІ): <https://eiti.org/countries>.

2 ЕС, 2013/34/ЕО Директивасы: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX%3A32013L0034>

1 БҰҰ-ға сәйкес келетін ОДМ туралы толымды ақпарат 115-117 беттерінде ұсынылған

ҚОСЫМША ЖАЛҒАСЫ

Маңызды мәселе	ERG үшін өзектілік	Стейкхолдерлер үшін өзектілік	БҰҰ сәйкес келетін ОДМ ¹
Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып			
<p>Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігі, соның ішінде COVID-19</p> <p>2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат</p> <p>Бақытты және кәсіби ұжым</p>	<ul style="list-style-type: none"> Бұл операциялық қызметтің үздіксіздігін, қызметкерлеріміздің тиімділігі мен ынтасын қамтамасыз етуге ықпал етеді 	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлер мен мердігерлерді өндірістік жарақаттанудан, сондай-ақ кәсіптік аурулардан қорғау 	 
<p>Персоналды тарту, дамыту және ұстап қалу</p> <p>2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат</p> <p>Бақытты және кәсіби ұжым</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жоғары білікті қызметкерлерді тарту, дамыту, ынталандыру және ұстап қалу арқылы құндылық құру және бизнесті трансформациялау қабілетімізді сақтау (жоғарыдан қараңыз) 	<ul style="list-style-type: none"> Қызметкерлердің кәсіби өсуі, сондай-ақ олардың әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және жеке әлеуетін іске асыру қабілеті 	 
<p>Еңбек қатынастары</p> <p>2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат</p> <p>Бақытты және кәсіби ұжым</p>	<ul style="list-style-type: none"> Топтың өнімділігін, тиімділігін және табыстылығын тікелей қамтамасыз ететін өнімді, оң жұмыс мәдениетін қалыптастыру 	<ul style="list-style-type: none"> Қолайлы еңбек жағдайларын, әділ жалақы мен жеңілдіктерді қамтамасыз ету, басшылықтың туындаған мәселелерге тез жауап беруі, сондай-ақ біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру және өмір сүру деңгейін арттыру (олардың көпшілігі Қазақстанның шалғай елді мекендерінде тұрады және негізінен ERG-дің қызметіне тәуелді) 	 
Жергілікті қоғамдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты			
<p>Жергілікті қоғамдастықтарға әсер ету</p> <p>2025 жылға дейінгі Стратегиясына сәйкес келетін мақсат</p> <p>Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің орнықты дамуы</p>	<ul style="list-style-type: none"> ERG әсерін жауапты басқару және стейкхолдерлермен конструктивті өзара қарым-қатынасты сақтау 	<ul style="list-style-type: none"> ERG қызметінің оң әсері, сондай-ақ осы қызмет нәтижесінде жергілікті халықтың мүддесі бұзылмауын қамтамасыз ету қажеттілігі 	  
